Рекомендации о признании юридических лиц в качестве субъектов уголовной ответственности содержатся в статье 5 Международной конвенции о борьбе с финансированием терроризма от 9 декабря 1999 года, статье 10 Конвенции Организации Объединенных Наций против Транснациональная организованная преступность от 15 ноября 2000 года, статья 26 Конвенции Организации Объединенных Наций против коррупции от 31 октября 2003 года [9].

В то же время Конвенция Совета Европы об уголовной ответственности за коррупцию от 27 января 1999 года не рекомендует, а прямо затрагивает уголовную ответственность юридических лиц [10].

В Республике Казахстан и Российской Федерации неодинаковое сходство правовых

подходов в области уголовного права также проявляется в рассматриваемом нами вопросе. С 1990-х годов в обоих штатах предпринимались попытки включить в уголовное законодательство нормы, регулирующие уголовную ответственность юридических лиц.

Эти правовые стандарты были включены в проекты предложений, которые легли в основу Уголовного кодекса Российской Федерации 1996 года, но это предложение не было сохранено в ходе обсуждения и голосования по проекту на первой конференции [5, 56]. ,

Как отмечалось выше, в условиях глобализации растет роль транснациональных корпораций в экономике Казахстана, существует риск нарушения законодательства в области экологии, труда и других прав и интересов. граждане и государство тоже увеличивается. В крупных компаниях решения часто принимаются коллективными органами (советом директоров, акционерами), и ответственность за преступление возьмет на себя лицо, назначенное автором.

CRIMINAL RESPONSIBILITY OF LEGAL ENTITIES FOR CRIMINAL OFFENSES

Aitymov B., Kumysbek B.

The issue of criminal liability of legal entities has been discussed for several decades, but has not yet been fully resolved. The article discusses objective reasons for applying or not applying the criminal liability of legal entities in the Republic of Kazakhstan. An analysis of the legislation of a number of countries, which provides for the possibility of criminalizing legal entities (England, the USA, the Netherlands, France, etc.), provides arguments for. The experience of many countries that are legally civilized (Switzerland, Spain, etc.), which do not share the opinion that legal entities can be recognized as subjects of criminal responsibility, allows us to give arguments against such responsibility. The legislation of the Republic of Kazakhstan did not come to a single correct solution to this problem, as a result of which the criminal liability of legal entities was not enshrined in regulatory legal acts. Disputes on this issue are still leading leading experts in the field of law. Thus, one can judge the existence of many arguments that confirm the need to consolidate the criminal liability of legal entities, but, on the other hand, it is necessary to take into account the negative aspects of such a decision.

Key words: *Legal entity, criminal liability, criminal liability of legal entities, administrative liability, national standards.*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ҮШІН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Айтимов Б.Ж., Кумысбек Б.Б.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе бірнеше ондаған жылдар бойы талқыланған, бірақ әлі толық шешілген жоқ. Мақалада Қазақстан Республикасында заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін қолдану немесе қолданбаудың объективті себептері қарастырылады. Заңды тұлғаларды (Англия, АҚШ, Нидерланды, Португалия, Франция, және т.с.с.) қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігін қарастыратын бірқатар елдердің заңнамаларына жасалған талдау дәлелдер келтіреді. Құқықтық өркениетті көптеген елдердің (Швейцария, Испания және т.б.) тәжірибесі, заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершіліктің субъектілері ретінде тануға болады деген пікірмен бөліспейді, мұндай жауапкершілікке қарсы дәлелдер келтіруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының заңнамасы бұл мәселені бір шешімге келе алмады, нәтижесінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы

нормативтік құқықтық актілерде бекітілмеген. Бұл мәселе бойынша даулар әлі күнге дейін құқық саласындағы жетекші сарапшылар болып табылады. Осылайша, заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін шоғырландыру қажеттілігін растайтын көптеген дәлелдердің бар екендігі туралы пікір айтуға болады, бірақ екінші жағынан, мұндай шешімнің теріс жақтарын ескеру.

Кілт сөздер: Заңды тұлға, қылмыстық жауапкершілік, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы, әкімшілік жауапкершілік, ұлттық стандарттар.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Павлов, В.Г. Субъект преступления [Текст]: учебник / В.Г. Павлов. – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», - 2001. – 318 с - книга.
2. Таганцев, Н.С. Уголовное право (Общая часть). Часть 1 [Текст]: по изданию 1902 года. Allpravo.ru. – 2003 // (<http://www.allpravo.ru/library/doc101p/instrum105/> -) – интернет-источники.
3. Уложение о наказаниях уголовных и исправительных 1885 г. // (<http://jurytrial.ru/media/files/library/file626.pdf>) – интернет-источники.
4. Уголовный кодекс РСФСР редакции 1922 года // (<http://law.edu.ru/norm/norm.asp?normID=1241523&subID=100096269,100096272,100096339,100096427#text>) – интернет-источники. Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы № 2 (8) 2018 51
5. Додонов, В. Ответственность юридических лиц в современном уголовном праве [Текст]: В. Додонов // Законность. – 2006. – № 4. – 64 с - журнал.
6. Уголовное право зарубежных государств. Общая часть [Текст]: учебник / Под ред. и с предисл. И.Д. Козочкина. – М.: Институт международного права и экономики имени А.С. Грибоедова, - 2001. - 576 с - учебник.
7. Трайнин, А. Н. Избранные произведения. Защита мира и уголовный закон [Текст]: А. Н. Трайнин. – М., - 1969. - 454 с – книга.
8. Бардеев, К.А. К проблеме уголовной ответственности юридических лиц в контексте международного и зарубежного права [Текст]: К.А. Бардеев // Законность и правопорядок в современном обществе. - 2015. № 25 - журнал.
9. Международная конвенция о борьбе с финансированием терроризма от 9 декабря 1999 г., Конвенция ООН против транснациональной организованной преступности от 15 ноября 2000 г., Конвенция ООН против коррупции от 31 октября 2003 г. Сайт Организации Объединенных Наций (http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conv1990.shtml) – интернет-источники.
10. Конвенция Совета Европы об уголовной ответственности за коррупцию от 27 января 1999 года - (<https://www.coe.int/ru/web/conventions/fulllist/-/conventions/treaty/173>) – интернет-источники.

Материал поступил в редакцию: 11.01.2020г.

ӘОЖ 343.2/7

ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ФУНКЦИЯСЫ

Баженова М.Д., Мырзалы Т.А.

Бұл ғылыми мақалада жедел-ізвестіру қызметінің мақсаты, қызмет аясы оның функциялары да анықталады. Жедел-ізвестіру қызметін атқаратын органдар, нормативтік-құқықтық актілері көрсетіледі.

Кілт сөздер: жедел-ізвестіру қызметі, құқық қорғау органдары, арнаулы қызмет.

Жедел-ізвестіру қызметінің екі функциясын айтуға болады – құқық қорғау және арнайы.

Құқық қорғау функциясы құқық қорғау функцияларын, ал арнайы функциялары ЖІҚ туралы Заңда көзделген өзге де міндеттерді шешуге арналған.

Ерекшеліктері:

1. Жедел-ізвестіру қызметінің өзіне ғана тән міндеттері мен мақсаттары;

2. Мақсаттарына жету үшін қолданылатын жасырын күштері, құралдары және әдістері.

Қылмыспен күресудің мемлекеттік-құқықтық түрі ретінде жедел-ізвестіру қызметі мемлекеттің атынан және мемлекеттің мәселелерін шешу үшін, арнайы құзірет берілген субъектілерімен өткізіледі.

Жедел-ізвестіру қызметі деген түсінік біздің мемлекетте Кеңес одағы кезінде 1958 жылы, жаңа «Қылмыстық іс жүргізу кодексі» қабылдануымен енді.

Бұған дейін нормативтік актілерде және арнайы әдебиеттерде бұл қызмет келесі терминдермен белгіленіп отырды: жария емес тергеу, қылмыстық-ізвестіру жұмысы, қылмыстық іздеу (уголовный сыск), жедел жұмысы. Бұлардың барлығы қылмыспен күресу мақсатында жария және жасырын жедел шараларын өткізетін арнайы бір қызметтің мағынасын білдірді.

1958 жылы қабылданған Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 114-бабында, қылмыстың белгілерін және қылмыс жасаған адамдарды табу мақсатында анықтау органдарымен жедел-ізвестіру шараларын өткізу қажеттілігі көрсетілді.

Жедел-ізвестіру қызметін зерттеу алғашқыда криминалистика ғылымының шеңберінде пайда болып осы ғылымдар жиынтығымен бірге дамыды. Жедел-ізвестіру қызметінде криминалистиканың әдістері мен құралдары қолдана басталды (сот фотографиясы, сөздік портрет, дактилоскопия, қарау, тінту тергеу әрекеттерінің тактикалары және т.б.).

Жедел-ізвестіру қызметінің теориясы криминалистикадан басқа келесі құқық ғылымдарымен тығыз байланысты: қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқығы, конституциялық құқық, заңгерлік психология, сот медицинасы, сот психиатриясы және т.б.

Қазақстан мен өзге де елдердің жедел-ізвестіру қызметі туралы ғылыми және оқу ізденістерін алып қарайтын болсақ олардың барлығы дерлік құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жазылғанын байқау қиын емес. Зерттеулердің тек құқық қорғау қызметкерлерімен жүргізілуі ЖІҚ туралы Заңның кейбір ережелерінің баяндалуының бағыттарын анықтаған, соның ішінде жедел-ізвестіру қызметі құқық қорғау қызметін функциясын басты бағыт ретінде акцент қойып, ЖІҚ құқық қорғаудан алшақ тұратын арнайы функцияларын елемеуден көрінеді. Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңының 1 және 2-бабына 2017 жылғы 18 сәуірде өзгерістер енгізілгенге дейін де осылай болған. 2017 жылғы 18 сәуірде берілген жаңа редакциясында аталмыш заңның 2-бабы бұл функциялардың барлығын жедел-ізвестіру қызметінің міндеттері ретінде біркелкі атап көрсеткен:

Құқық қорғау функциялары адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін, меншікті құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау; қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу; күзетпен ұстау немесе бас бостандығынан айыру орындарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген режимді ұстап тұру сияқты міндеттермен айқындалса, *арнайы функциялары* қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оның экономикалық әлеуеті мен қорғаныс қабілетін нығайтуға жәрдемдесу; анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, қылмыстық жауаптылықтан, жазаны өтеуден немесе пробациялық бақылаудан жалтарып жүрген адамдарды, хабарсыз кеткен азаматтарды және заңмен көзделген жағдайларда өзге де адамдарды ізвестіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ

табылған танылмаған мәйіттерді сәйкестендіру; Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді қамтамасыз ету; мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету; ұйымдарға коммерциялық құпияны қорғауда жәрдемдесу; күзетпен ұстау немесе бас бостандығынан айыру орындарындағы күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталғандардың, персоналдың және өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жедел-іздігі кызметін жүзеге асыратын органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген міндеттерде көрініс табады [1].

Ендігі жерде жедел-іздігі кызметінің осы екі функциясын нақты ажыратып қарастырайық.

Жедел-іздігі кызметінің құқық қорғау функциясы ЖІҚ туралы Заңмен айқындалған күштерді, құралдар мен әдістерді қолдана отырып азаматтарды, жалпы меншікті, қоғам мен мемлекетті құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауға бағытталған. Оның ішінде ҚР Қылмыстық кодексімен қаралған қылмыстық құқықбұзушылықтармен қатар, ҚР әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексіне қаралған әкімшілік құқықбұзушылықтарды, ҚР Қылмыстық атқару кодексімен қаралатын пенитенциарлық жүйенің мекемелерінде арнайы режимді бұзбауды қамтамасыз етуді айтуға болады.

ЖІҚ аталмыш функциясы қылмыстық қудалаудың өзге функциялары арасында маңызды орын алады, атап айтсақ анықтау, тергеу, сот ісі жүргізу, қылмыстық атқару, әкімшілік-құқықтық, қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу (қылмыстық құқықбұзушылықтардың әлеуметтік тұрғыда алдын алу). Оның маңызы екі түрлі бағытта анықталып отырады. Біріншіден, қылмыстық процес аясынан тыс жедел-іздігі кызметіне тән күштердің, құралдар мен әдістердің көмегімен құқық қорғау міндеттерін шешеді. Екіншіден, қылмыстық қудалаудың барлық функцияларын іске асыруға ықпал етеді, ал олар өз кезегінде ЖІҚ мүмкіндіктерін қолданбайынша орындалмайды. Құқыққа қайшы әрекеттерді анықтау жедел-іздігі шараларының нәтижесінде жүзеге асады. Құқықбұзушылықтардың алдын алу міндеті де жедел-іздігі кызметінің нәтижесінде шешіледі. Жедел-іздігі әдістерін қолдану жасалып жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтардың көбіне болдырмауға ықпал етеді. Анықтау мен тергеу жедел-іздігі шараларын жүргізу барысында табылған және ашылған материалдарсыз жүзеге асырылмайды. Қылмыстық-процестік кодекстің талаптарына сәйкес рәсімделген бұл материалдар қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер ретінде көп жағдайларда сот шешімдерін қабылдаудың негіздерін құрайды [2].

Жедел-іздігі кызметі еңбекпен түзеу мекемелерінде құқық қорғау кызметін жүзеге асырудың негізгі құралдарының бірін құрайды.

Әкімшілік құқықбұзушылықтардың көпшілігі жедел-іздігі шараларын жүргізу нәтижесінде анықталады, алдын алады және болдырылмайды. Айталық мемлекеттік шекараны бұзу, шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында болу мен жүріп-тұру режимін бұзу мәселелері нақты жедел-іздігі шараларын жүзеге асыру барысында анықталып отырады.

Жедел-іздігі шаралары нәтижесінде алынған материалдар қылмыстылықтың алдын алудың бірден-бір негізі болып табылады.

Жедел-іздігі кызметін заңдық мойындау, бұл кызметтің құқық қорғау функцияларын қылмыстық қудалаудың жекелеген функциясы ретінде тану, ЖІҚ құқық қорғау кызметінің негізгі түрлерінің тізіміне енгізудің себептері криминалистика мен қылмыстық іс жүргізу өздерінің құқықтық табиғатында жасырын, құпия жұмыс жасау әдістерін қолдана алмайтынымен, осыған байланысты қылмыстылықпен тиімді күрес жүргізу үшін жоғарыда аталған әдістерді қолдана алатын құқық қорғау кызметін рәсімдеу мен ұйымдастыру қажет болғандығымен түсіндіріледі. Қылмыстықтың соңғы тенденцияларын, оның ұйымдасқан сипатын, қоғамға қауіптіліктің жоғарылауын, қылмыстық топтар мен құрылымдардың қарулануы мен агрессияға құмарлығын, заңға сүйенген сипатын, олардың кез келген

әлеуметтік және мемлекеттік бақылауға ұйымдасқан түрде қарсы тұруын ескере отырып ЖІҚ-нің әрекетке лайықты, жария емес құралдар мен әдістерін қолдануға мәжбүр екенімізді мойындауымыз қажет [3, 147].

Жедел-іздістіру қызметінің *арнайы функциясы* ЖІҚ-іне тән арнайы күштердің, құралдар мен әдістердің арқылы заңмен айқындалған қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты міндеттерді шешуде айқындалады.

Мұндай міндеттердің қажеттілігі мемлекеттің алдында тек қана ЖІҚ атқаратын органдарға тән арнайы күштерді, құралдар мен әдістерді басым түрде қолдану арқылы шешетін міндеттердің болуымен анықталады. Бұл:

- а) қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төнгендігі туралы мәліметтерді табу;
- ә) мұндай қауіп төндіріп отырған объектілерге немесе Қазақстан Республикасының экономикалық және қорғаныс потенциалын нығайту бағытына мүдде білдірген объектілерге мақсатты түрде әсер ету;
- б) Президенттің және өзге де күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету;
- в) мемлекеттік және басқа да заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтер сақталуын қамтамасыз ету;
- г) кәсіпорындардың, мекемелердің мен ұйымдардың (меншік нысанына қарамастан) коммерциялық құпияларын қорғауына жәрдемдесу;
- д) жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты міндеттер болып табылады.

Жедел-іздістіру қызметінің құқық қорғау және арнайы функцияларын тиісінше құқық қорғау органдары мен ЖІҚ жүзеге асыру органдарына қатысты деп саналатын арнаулы қызмет атқарады. Құзіреттіліктеріне қарай бір органдар нақты құқық қорғау органдары ретінде танылса, өзгелері – арнаулы, келесілері құқық қорғау органы мен арнаулы органдардың қосындысы ретінде қалыптасқан [4, 91].

Құқық қорғау органдары бұл өздеріне құқық қорғау қызметі міндеттері жүктелген мемлекеттік органдар, бұл жерде нақты құқықтық нормалардың бұзылуын анықтау, алдын алу, болдырмау мен ашу, қылмыс немесе өзге де құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартатын, сондай-ақ бұзылған құқықтарды қалпына келтіретін міндеттер туралы айтып отырмыз.

Арнаулы қызмет деп ұлттық мүддені, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден арнайы күштер, құралдар мен әдістер арқылы қорғау функцияларын іске асыратын мемлекеттік органдарды атаймыз [5, 218].

Жедел-іздістіру шараларының арнайы күштерін, құралдары мен әдістерін заңды қолдану ЖІҚ жүргізетін органдарға ғана рұқсат етілгенін ескерсек барлық арнаулы органдар осы органдарға жатады.

«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV Заңының 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдары ретінде прокуратура, ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметтері көрсетілген, соның ішінде «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңының 6-бабы прокуратура органдарынан өзгелерін ЖІҚ жүзеге асыратын орган ретінде атап көрсетеді. Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Президент күзет Қызметі өздерінің құзіреттеріне сәйкес құқық қорғау бағытындағы да (заңмен осы органдардың құзіретіне берілген шегінде қылмыстық құқықбұзушылықтарды анықтау, алдын алу мен бұлтартпау), сондай-ақ арнаулы қызметті де (қоғам мен мемлекеттің сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлау және қарсы барлау іс-шараларын іске асыру; мемлекет пен қоғамның қорғаныс және экономикалық потенциалын нығайту; ел қауіпсіздігіне төнген қатер туралы ҚР Президентін, Парламентін мен Үкіметін ақпараттандыру; Президенттің және өзге де күзетілетін тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету) қызметтерді атқарады.

Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметін реттеу мақсатында 1994 жылы 15 қыркүйекте «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің қолы қойылып, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Қаулысымен осы күннен бастап, күшіне енді. Бұл заң Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органдарының жедел-іздістіру қызметін реттейтін тұңғыш ресми жарияланған нормативтік-құқықтық акті болып табылады. Бұл заң қабылданғанға дейін жедел-іздістіру қызметі тек ведомстволық, жарияланбайтын (құпия) нормативтік актілерімен реттелетін.

Заңның қабылдануына негізгі себептердің бірі ол, Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасы өзін... құқықтық, демократиялық мемлекет» деп бекітуі. Осы конституциялық принципке лайықты болу үшін және құқықтық мемлекет құру үшін «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңды қабылдау туралы мәселелері туындады.

Қазіргі уақытта жедел-іздістіру қызметі ғылымында келесі мәселелер шешімін табуда: жедел-іздістіру қызметі ғылымының пәні анықталды; жедел-іздістіру қызметінің негізгі түсініктері, терминдері белгіленді; жедел-іздістіру қызметінде қолданылатын күштер, құралдар және әдістер анықталған; басқа білімдердің жетістіктерін жедел-іздістіру қызметінің мақсаттарына жету үшін қолдану.

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заңы Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын жедел-іздістіру қызметінің мазмұнын айқындайды және оны жүргізу кезінде заңды құқықтық кепілдіктер жүйесін баянды етеді.

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңының 6-бабына сәйкес Қорғаныс Министрлігінің әскери барлау қызметі Қазақстан Республикасының аумағында және оның аумағынан тыс жерлерде әскери бағытта мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әскери барлау амалдарын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздістіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-ХІІІ Заңының 6-бабына және де «Сыртқы барлау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 22 мамырдағы №277-ІV Заңына сәйкес сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті негізінен Қазақстан Республикасының арнаулы қызметімен орындалатынын байқау қиын емес. Сонымен қатар, бұл міндетті шешуде құқық қорғау органдары да өз құзіреті шегінде қатысады. Құқықбұзушылықтармен күрес жүргізе отырып аталмыш органдар қоғам мен мемлекеттің ең бірінші ішкі қауіпсіздігін, кейбір жағдайларда сыртқы қатерлерден де қорғауға жәрдемдеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жедел-іздістіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
3. Сысалов М.П. Основы оперативно-розыскной деятельности. Электронный учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2005.
4. Основы оперативно-розыскной деятельности: Учебник для юридических вузов / под редакцией В.Б. Рушайло. – СПб.: Издательство «Лань», 2001. - С.362-363
5. Гинзбург А.Я., Григорьев В.И., Алексовский С.Ю. Основы оперативно – розыскной деятельности. - Алматы, 1999.

ФУНКЦИИ ТЕОРИИ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ*Баженова М.Д., Мырзалы Т.А.*

В данной научной статье определены цели оперативно-розыскной деятельности, сферы ее деятельности. Уточняются органы, осуществляющие оперативно-розыскную деятельность, нормативно-правовые акты.

Ключевые слова: оперативно-розыскная деятельность, правоохранительные органы, спецслужба.

FUNCTIONS OF THE THEORY OF OPERATIONAL INVESTIGATIVE ACTIVITY*Bazhenova M., Myrzaly T.*

This scientific article defines the objectives of the operational-search activity, the scope of its activities. It clarifies the bodies carrying out operational investigative activities, normative legal acts.

Key words: operatively-search activity, law enforcement bodies, special service.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.01.2020ж.

ОӘК 347.965

АДВОКАТТЫҢ АЛҚА БИЛЕР ҚАТЫСУЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ*Байжуманова А.М.*

Ғылыми мақалада қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы адвокаттар қызметі, ерекшеліктері, құқықтық жағдайы мен құқықтық мәртебесі қарастырылған. Сондай-ақ, алқабилер қатысуымен жүргізілетін сот өндірісі, алқабилер институтының маңызы және қылмыстық істер бойынша адвокаттың алқа билер қатысуымен жүргізілетін сот өндірісіне қатысуының мәселелері қарастырылған. Зерттеудің әдістемелік негізін жалпы әдіс құрайды. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау жолында зерттеу диалектикалық-материалистік заңдарын, логикалық, салыстырмалы, жүйелі әдістерін басшылыққа алып, жеке ғылыми-әлеуметтік және психологиялық әдістері кеңінен қолданылды.

Кілт сөздер: алқабилер, алқабилер соты, адвокат, сот өндірісі, адвокаттың құқықтық мәртебесі, Конституция, сот отырысына қатысушылар, мемлекет.

Кіріспе

Мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясында өзі кепілдік берген адамның өз құқықтарын, бостандықтарын соттың көмегімен қорғауды және білікті заң көмегін алуға құқық бергендіктен, Қазақстан Республикасының адвокаттары Қазақстан Республикасының Конституциясына, жалпы халықаралық құқық нормалаары мен адвокаттық кәсіптік қағидаларды басшылыққа алып, заңдылыққа, өзінің тәуелсіздігіне сүйеніп, ізгілікті, ұқыптылықты, біліктілігі пен адалдықты, құпиялылық, сенімділік пен әділдікті өзінің қаруы ете отырып, азаматтардың құқығын қорғауды жүзеге асырады.

Ал осы үрдісті жүзеге асыруда бүгінгі күні заңгерлердің сөйлеу мәдениетінің биік шыңы саналатын соттағы шешендік өнер өткір қарудың біріне айналып отыр. Сөз өнерін

шебер пайдалануды қажет етпейтін мамандық бүгінде жоқтың қасы. Тіпті адам қызметінің кейбір салаларында сөйлей білу шеберлігін меңгермей жұмыс істеу әсте де мүмкін емес. Әсіресе, бұл құбылыс сот процесіне өте қажет қасиет деп санаймыз. Себебі сот процесіне қатысушы судья, айыптаушы мен қорғаушы, құқық қорғау органдарындағы жалпы заңгер мамандар күнделікті тұрмыс тіршілігінде әрдайым адамдармен қарым-қатынас жасайды, көпшіліктің алдында, қалың ортасына жүреді, адвокат жәбірленушінің, айыпталушының атынан сөйлеп, заң баптарына сүйене отыра, тілдің көмегімен жазықсызды ақтай алады. Осылайша қызмет бабымен адвокат көпшілік алдында сөйлеуге мәжбүр болады.

Сот билігі мемлекеттің негізін құрайтын, еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруы жолындағы демократиялық даму тетіктерінің бірі болатын болса, азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатынасы және қоғам тарапынаан билікке сенім білдіру деңгейі сот төрелігін тиімді жүзеге асыруға тікелей байланысты. Пәрменді және тәуелсіз сот билігі мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы үйлесімді өзара байланыстың принципті кепілінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады. Ендеше, алқабилер сотының да маңызы ерекше. Алқабилер соты туралы еліміздің басты құжаты Конституцияның 75 -бабында: «Занда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады», - деп көрсетілген [1].

Ал адвокаттың қызметтік міндетінен сот процесінде алқабилердің алдында сөйлеу үшін оларға не айтуды ғана емес, қалай айтуды да білу шарт, яғни сөз сөйлеуде жұртқа ықпал студің түрлі ерекшеліктеріді дұрыс меңгеруді талап етеді. Әрі қажет ұлттық заңгерлік шешендіктің тарихи, теориялық, тәжірибелік тұрғыда қалыпқа түспей жатқан тұсы мол.

Соттағы тілмарлықтың бір қажеттілігі Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот жүргізу ісінің кейбір мәселелеріне келіп саяды және негізгісі мемлекеттік тілдің қазақ тілі екендігінде алға тартқан жөн.

Бұл сот мекемелерінің барлық ресми қағаздары, мәжілістері мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс деген сөз. Бұл - Конституциялық талап. Конституциялық талапты мемлекеттік қызметкерлердің, жеке тұлғалардың түгелі дерлік орындауы қажет. Алайда, көптеген қылмыстық сот процесіне қатысқандағы байқалғаны - олардың көпшілігі мемлекеттік тілді жетік меңгермеген. Ал қазақ тілді қарапайым жұртшылықтың заңды құқығы жайында ақыл-кеңес берер, істі әділдікпен жүргізіп, қылмысына қарай заңды үкімін шығарар деген судья немесе прокурор мен адвокат ең алдымен қазақ тілінің қыр-сырын жетік меңгерген сөз шебері болуға тиісті. Өкінішке қарай, тәжірибе жүзінде байқағанымыздай, кез келген қазақ тілді азамат адвокаттың қызметіне жүгініп, арыз-мұңын айтқанда, тілдің қадір-қасиетін етене білмейтін, қазақ тілін таным-түсінігі жоқ заңгер жәбірленушінің мұқтажын жете түсінбегендіктен, өзінің қызметтік парызын толық өтей алмайтыаны кәдік.

Адвокаттың риторикалық өнерінің мақсаты - сот билігіндегі ұлттық сот төрелігі тілмарлығының жүйелі теориялық негізін жасап, оның төл қасиеттері мен міндеттерінен сот процесіне қажетті әлеуметтік құбылыс ретіндегі табиғатын арттыру болып табылады. Бұл мақсаттың орындалауы үшін мынадай міндеттер көзделеді - сот билігін жүзеге асырушы сот ісіне қатысушы тұлғалардың - адвокат, қорғаушы мен өкіл, және жалпы құқық қорғау органдарының өзге де қызметкерлерін кәсіби тұрғыда ұштап, мемлекеттік тілде еркін әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойын дәл жеткізуге баулу, мемлекеттік тілдің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, нақты да дәл, үйлесімді де ұйқасымды сөйлеудің, жазудың үлкен өнер екенін көңілге ұялату, ұғындыру, бабаларымыздың ғасырдан-ғасырға ұластырып, шыңдаған, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп жеткізген даудағы шешендік сөз өнерін бойларына дарыту жолдарын жүзеге асыру оңай дүние емес екендігі белгілі.

Сот жүйесіне алқаби соттары институтын енгізілуі себепті сот шешендігінің қажеттілігі де, құны да арта түсетіні ақиқат. Өйткені, сот төрелігі тілмарлығының негізгі өзегі - шешендік тамырынаан нәр алып, сот үкімін шығаруда соттың алқа мүшелеріне өзіндік ой

кешу үрдісі, сөз саптау үлгісімен әсер етіп, әділдікке жүгініп, дұрыс шешім қабылдауда жатыр. Адвокаттың шешендік үлгіде сөйлеу мәтінін құрып, тыңдарманға әсер - ықпал етіп, оны алдын ала болжай білу, сөйлеу барысында еркін қарым-қатынас жасай алу секілді коммуникативті аспектілерден құралады, соттағы пікірталастар көзқарастар күресін, жарыс, бәсекелестікті көрсетеді. Оған қатысушы айыптаушы мен қорғаушылар көбіне көп ымыраға келе бермейді: не сөзі өтеді, не шығарылған шешімді мойындаайды. Сондықтан адвокаттың алқабилердің қатысуымен өтетін сот процесінде шешендік өнерін көрсетуі мен оны насихататау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Ғылыми мақаланың мақсаты адвокаттың алқа билер қатысуымен жүргізілетін сот өндірісіндегі шешендік өнеріне талдау жасау және насихататау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттері айқындалды:

- Алқабилер институты мен оның ерекшеліктерін талдау, шет мемлекеттердің алқабилер институтымен салыстыру;
- Алқабилер институтының әділ жаза шығарудағы маңыздылығын талдау;
- Адвокаттың алқа билер қатысуымен жүргізілетін сот өндірісіндегі шешендік өнері мен этикалық қасиеттерін тұжырымдау болып табылады.

Жұмыстың материалдары мен әдіснамасы

Зерттеудің әдістемелік негізін жалпы әдіс құрайды. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау жолында зерттеу диалектикалық-материалистік заңдарын, логикалық, салыстырмалы, жүйелі әдістерін басшылыққа алып, жеке ғылыми-әлеуметтік және психологиялық әдістеріне жүгіндік.

Деректік эмпирикалық материалдың аздығына байланысты зерттеудің әдістемесі гипотеза, анализ, синтез, теориялық әдістерге сүйену негізін құрайды.

Елімізде адамның бостандықтары олардың жасаған әрекеттері тек заңға қайшы келгенде ғана, Қазақстан заңнамасына сәйкес, сот арқылы шектеу қойылмақ [2]. Ендеше адам құқығын қорғауда, сот үкімін әділ шешуде алқа билер сотының да алар орны ерекше болмақ.

2016 жылы 8 қыркүйекте «Әділеттілік - құқықтық қорғаудың басты талабы» атты Қазақстан Республикасы Жоғары Соты мен Бас Прокуратураның бірлескен жобасы дөңгелек үстелде талқыланды. Дөңгелек үстелде Президент әкімшілігі, Конституциялық кеңес, Парламент депутаттары, соттар, прокуроарлар, адвокаттар, нотариуастар алдында Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Ж. Асанов: «Сот беделі – бүкіл биліктің абыройы. Бірақ, соттың беделін арттыруатек соттың ғана емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың міндеті», - деп атап көрсетті [3].

Сот жүйесіндегі әділетсіздіктер, қылмыстық істі қарау кезіндегі біржақтылық немесе заң бұзушылық тек судьялардың кінәсінен деп айтуға болмайды. Сондықтан қылмыстық істі қарау барысында адам тағдыры шешілетіндіктен айыптаушы мен қорғаушы өз сөйлеулеріне асқан жауапкершілікпен келулері керек.

Сот төрелігінде талай жемісті еңбек атқарған заңгер К.Х. Халиқов: «Билеріміз айтып кеткен: «Әділ билік болмаса, халқынды дерт алады» деген сөздер бүгінгі сот төрелігін жүргізіп отырған барлық судьялар үшін күндіз-түні мойнынан тастамайтын тұмары, қолынан түсірмейтін тасбиығы, басшылыққа алып отыратын ең басты шарты дер едім», - деп ағынан жарылу тегін емес.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде қызмет етіп жүргендер көбінесе жастар не тәжірибесі аз мамандар. Сондықтан судьяның жеке басы, еңбек тәжірибесі үлкен роль атқарады. Өз ісіне берілген, тәжірибесі мол маман ешқашан ұсақтық пен заң бұзушылыққа әсте бара алмайды.

Ендігі бір өзекті мәселе, тілдік қолданыста ұлттық психология, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениет сияқты ұғымдар әбден қалыптасып үлгерген, ал ұлттық құқықтық жүйе деген мүлдем кездеспейді. Кездессе де, соңғы кезде бірен-саран ғалымдарымыздың аузынан ғана есітіліп жүр. Негізінен құқықтық жүйенің гуманитарлық салаға жататынаын, оның да ұлттық саламыздың болмысынан туындайтын тәртіпті әрекетімізді реттеуші ғылым

екендігін ескерсек, оның да ұлттық сипатына баса назар аударудаан ұтпасақ қылмайтынымыз анық. Қазіргі құқықтық жүйеміздің ұлттық сипатымаен етене тығыз қабысып жатқан, қазіргі қоғамымыз талап ететін сот тілмарлығының да ұлттық сипатта болуы - заңдылық.

Ол үшін алдымен, кезінде қоғамының бүкіл саласы әкімшілік-әміршілдік сипатқа құрылған кешегі кеңестік сот жүйесінен мүлде арылуымыз керекті. 1994 жылғы «Қазақстан Ресубликасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының» дүниеге келуі осындай келелі жайтқа бір қадам болса алға басқандай сыңай байқатады. Онда: «Сот және құқық қорғау органдарының мемлекеттендірілген жазалаушы алатын идеологиялық және саяси ұрандармен бүркемелеген кеңестік тоталитааризмнен мұраға қалған кеселдеарден заң жүйесін тазартуады талап етеді» делінген. Өзінің бір сөзінде белгілі заңгер Халиков К.Х.: «Тәуелсіз мемлекеттің бүтіндігін қорғап, ішкі және сыртқы саясатының да пәрменділігін арттыру үшін оның мызғымас заңы және сол заңды қорғайтын әділ соты болуы басты шарт. Ел жаңарып, заман өзгеріп заманмен бірге адам да өзгеріп жатқан кезде бұрынғы заңдардың да өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететіні айқын» - деген еді [4]. Сондықтан «қоғамның заң саласын реформаалау қажеттілігі оның экономикалық және саяси жүйесінде асырылып жатқан өзгерістерге сай келетін құқықтық инфрақұрылымдар құруды талап етуінен туындап отыр». Бағдарламада көрсетілгендей «Қазақстанның «тұңғыш тума» заңдарын жалпы түгендеу мен тексеруаден өткізу қажеттілігі пісіп жетілді». Әрине, бұл жерде ерекше назар аударарлық «тұңғыш тума заңдар» деп жеке қазақы емес, соншама халықтардың лобаратаориясы болған Қазақстанның жалпы халқына тиімді заң сөз болып отыр. Өйткені Қазақстан халқы адам құқығы мен бостандығының басымдығын мойындаайтын, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға белін бекем байлаған дүниежүзілік қауымдастықтың ажырамас бір бөлігі. Әсілінде, сот жүйесін реформаалау іс, біздіңше, сотты жеке адамның құқығы мен бостандығының сенімді кепілгері етуге бағытталған.

Алқабилер институты елімізде 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істеп келеді. Қазақстанның сот жүйесі 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап, түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Егер басында сот істері облыстық сотта алқабилердің қатысуымен қаралатын болса, қазір мамандандырылған ауданаралық сот құрылып, қылмыстың ауыр түрін алқабилердің қатысуымен іске асырады.

Алқабилер тізіміне: 25 жасқа толмағандар, мемлекеттік айыптауашылар, тергеушілер, қорғаушылар, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, наркологиялық диспансаерде есепте тұрғандар кірмейді. Алқабидің, оның отбасы, оларға тиісті мүлкі мемлекеттің қорғауында болады [5].

Елімізде алқа би институтының модельдерін енгізу, талдау мәселелеріне байланыасты ғылыми әдебиеттерде қызу пікір-таластар болды. Республикада шығатын «Қылмыстың алдын алу» криминалогиялық журналының бір номерін түтелімен осы тақырыпқа арнауы осының айқын көрінісі. Әлі де мұны өмірге енгізу әсте де оңай шаруа емес. Енгізген күнде де қазақстандық сот жүргізу ісі екі ұдай жол айрығында болды. Өйткені ол французадык-германдық (немесе «құрлықтық» - «континентальдық») және ағылшын-америкаандық (немесе англо-саксондық) деп аталатын классикалық сот үлгісінің бірін тандауы қажет болды. Жоғарғы соттың дайындаған аралас немесе французадык-германдық - құрлықтық үлгі бойынша қылмыстық істер үш кәсіби судья және арнаулы комиссия мүшелерінің тандауымен сот міндетін атқарута жіберілген тоғыз алқа би соттары мүшелерімен (онын жетеуі — негізгі, екеуі — қосалқы) қаралады. Үкім кеңесу бөлмесінде судьялаармен бірге сот алқа мүшелерінің қатысуымен көпшілік дауыспен шығарылады. Демократизациялау мәселелері бойынша ұлттық комиссия жұмыс тобының дайындаған ағылшын-амеркандық сот жүргізу ісі бұдан мүлде басқаша. Бұл үлгі бойынша сот бір кәсіби судьядан және он төрт сот алқа мүшелерінен (оның он екісі — негізгі, екеуі — қосалқы) тұрады. Сот алқа мүшелері судьясыз жеке өздері ғана кеңесе отырып, кесімін айтады. Бұл институттардың біз үшін манызды ерекшелігі: соттың тәуелсідігі мен демократиялығын паш етеді, сондай-ақ сот жүйесіне

жарыспалықты, сот ахуалына ұлттық төл қасиетіміз - сөз кадрлер ақылдылықты, әділ қисынға тоқтар даналықты енгізіп қана қоймай, сот қателігін азайтуға, сот шешіміне сырттай ықпал етуді болдырмауға кепілдік беретіндей. Көптеген елдердегі сот алқа мүшелерінің талай ғасырғы тағлымды тәжірибесі бізге осыны айғақтайды. АҚП, Батыс Еуропа, басқа да елдердің сот жүйесінде қолданылып келе жатқан сот алқа заседательдері қызметінің адамның кінәлілігін анықтауда немесе іс материалдары жанама дәлелдерге құрылған. яғни бір қайнауы ішінде жатқан күмәнді, қиын да күрделі істерде әділдікпен дұрыс шешім шығарарына сенім мол.

Демек оның сенімділігі қазіргі іс жүзіндегі кәсіби соттарға қарағанда әлдеқайда басым. Алайда, қажетті жағдайда сот процесіне сот алқа заседательдерінің тікелей қатысуы негізгі заңымыз - Конституцияда айшықты көрінісін тапса да, оның қажеттілігі немесе негізсіздігі жайындағы қарама-қайшылыққа толы пікір-таластар қарқыны бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми еңбектерде көп болды.

Заңгерлеріміз арасында белгілі бір тоқтамға келген тұжырым жоқ. Кейбірі оның ұтымды жақтарын барынша дәлелдеуге тырысса, кейбірі оған керісінше, сот жүйемізге оны енгізу ертерек деген уәж айтады.

Арнайы осы бағытта зерттеу жүргізіп жүрген заңгер-ғалым Н. Ковалев алқа билердің ағылшын-американдық моделін үзілді-кесілді қолданған. Оның уәжінше, алқа мүшелері алдын ала қалыптасқан пікір, көзқарас тұрғысынан емес, сот тергеуі барысында анықталаатын, әйгіленетін анық дәлелдерге сүйеніп барып шешім қабылдайды. Бұл модельдің артықшылығы осында: көптен сот жүйесінде әбден қалыпқа түсіп қалған судья, өз кәсібі, тәжірибесі биігінен қылмысты бағалайды. Ал алқа мүшелері мұндай күйді алғаш бастан кешіріп, сот процесіне сырттай емес, тұңғыш рет тікелей қатысып отырғандықтан, сот төрелігіне барынша жауапкершілікпен келуге ұмтылады. Сондықтан кәсіби судья мен алқа мүшелерінің пікірі бір жерден шыға бермеуі заңдылық. Бұл институттың ұтымдылық ерекшелігі - алқа мүшелері өмірдің түрлі жағдаяттарынан жасалған қылмысқа судьялардай заңдық-техникалық тұрғыдан қарамайды. Осы үдерісте ағылшын-американдық модельді жақтаған, Қазақстанда алқа билер институтын енгізу туралы Алматы қалалық адвокаттар алқасының ашық хаты жарияланды. Оған қарсыластары алқа билердің арнайы заңгерлік білімі, тәжірибесі жоқ, сондықтан қарапайым адам (алқа билер) сезім жетегіне еріп, адам тағдырын шегер тұста қателікке бой алдыруы мүмкін деген уәж айтады. Қылмыстық сот өндірісіне алқабилердің қатысуының тұжырымдамасы да егжей-тегжейлі талқылаанды [6].

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын да қатар қабылдаанды.

Алқабилер соты – сот жүйесіндегі демократиялық институттардың бірі. Негізгі ерекшелігі халық қылмыстық істерді қарауға тікелей қатысады, бұл әлбетте, қазақстандық соттардың қылмыстық істерді қарауының кәсіпқойлығын арттырады, соттарда қылмыстық істерді жарилы түрде қараудың көрсеткіші болып табылады. Алқабилер соты туралы еліміздің басты құжаты Конституцияның 75-бабының 2-тармағында былай деп көрсетілген: «Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылаады». Ең жоғарғы заңдық күші бар Ата Заңымызда алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді сотта қарау кезінде ел жұртшылығының сот билігін атқаруға қатысуы, кінәлінің істеген іс-әрекетін жоғары заң білімі бар, мемлекеттің өкілі ретіндегі лауазымады тұлға-кәсіби судьяның айыпты деп тануы ғана емес, қылмыстық процеске қатысатын, бейтараптықты сақтайтын, қоғамның белсенді, ел ішінде абыройлы, жүріс-тұрысында ешбір заң бұзушылықтары байқалмаған азаматтардың іс жүргізуге қатысып, іс бойынша шындыққа жетуге, кінәсіз бірде-бір адамның қылмыстық жауаптылыққа тартылмауын берік қамтамасыз етеді [7].

Елімізде 2007 жылы құрылған алқабилер соты институтының қатысуымен сот ісін жүргізу – қоғамдағы азаматтардың құқықтарын қорғау ісіне қатысу, шешім шығарудың

ұтымды да тиімді жолдарын қарастыру және пайдалану сот төрелігінде әділ үкім шығаруға атсалысу, азаматтардың мүдделерін, заң талаптарын бұзу әрекеттерінен қорғауды көздейді. Алқабилер сотының қызметін оңтайлы ету мақсатында заңнамаларға бірқатар жаңартулар енгізілді. Жаңа заң жүйесі бойынша алқабилер соты өлім жазасы кесілген қылмыстық істер (мароторай жарияланған) мен өмір бойы бас бостандығынан айырылуға бекітілген қылмыстық істерді қарауға қатыса алатын болды.

Алқабилер соты тұрақты қолданылып жүрген сот мекемесі емес, өзінің өмірлік тәжірибесі және ішкі адал сезімі негізінде айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені айқындайтын, оны шешу үшін сотқа уақытша шақырылатын соттың ерекше нысандағы институты. Түптеп келгенде, алқабилер сотының қызметін қолданудың артуы біздің еліміз үшін таңсық дүние болмауы керек. Олай дейтініміз, алқабилер институтының сот жүйесінде кең қолданысқа ие болуы – қазақ елінің салт-дәстүрі, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын тауып, бүгінде қайта жаңғырып, заман талабына сай уақыт көшіне қайта ілесуін көрсететіндей. Кешегі күндерде алдына келген істі өткір тілімен безеп, байыптап шеше білген би-шешендерге деген халық сенімі қандай болса, бүгінгі алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының арта түсуі де халықтың сот істерінің әділетті жүргізілуіне сенімін арттыра түсетін аса ірі демократиялық өзгеріс болмақ [8].

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та алқабилер сотын енгізу арқылы тек қылмыстық істі жүргізу принциптерін толықтай іске асырып қоймай, әділеттіліктің толықтай орнығуына қол жеткізетініміз туралы сенімділікпен айтқан болатын. Сондықтан ұлт көшбасшысы 2015 жылы қабылдаған «100 нақты қадамының» 21-ші қадамында: «Алқабилер соты қолданылатын салаларады кеңейту. Заңды түрде алқабилер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажет»-деп көрсеткен болатын [9].

Енді алқабилер сотының негізгі ерекшеліктеріне тоқталайық. Алқабилер соты қолданысының кеңейуі қылмыстық іс жүргізудің жалпы жағдайлары мен негізгі принциптерін сақтай отырып, мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

1) Тараптардың өз мүдделерін қорғауына себепкер болып, олардың алқабилер соты мен кәсіби судьялар алдында өз көзқарастарын ашық білдіруіне мүмкіндік бере отырып, сот ісін жүргізуде жіберілетін қателіктердің жойылып, істің әділ шешім табуына ықпал етеді;

2) Алқабилер мен процеске қатысушылардың араласуымен іске қатысты кез келген дәйектер зерттеліп, сот залындағы зерттеу нысаны болған деректер негізінде қорытынды жасалады;

3) Алқабилердің сот отырысына қатысуы тараптардың құқықтарын қорғай отырып, қарама-қарсы тараптарға қолайлы болар шешімнің шығуына, іске қатыстылардың даулы әрекеттерінің оңтайлы шешім табуына әсер етеді;

4) Алқабилердің қатысуы қылмыстық іс жүргізу нысанының қатаң сақталуына жағдай жасайды, яғни алқабилер құрамындағы кәсіби судья емес мүшелер жауапкердің кінәлі не кінәлі еместігін істің барлық мазмұнын қарау нәтижесінде байыптай отырып, шешім шығару жүйесін қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен сәйкес реттейді, ал кәсіби судьялар алқабилер сотына дейін істің мән-жайымен таныс болғандықтан, олардың қаралатын мәселе төңірегінде өз пікірлері қалыптасып қояды;

5) Алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүргізу арқылы халықтың сот жүйесімен танысуына мүмкіндік туады.

Сонымен қатар елбасымыздың ұлттық жоспарында алқабилер соты қолданылатын салаларады кеңейтуге көңіл бөлуіне басқа дамыған мемлекеттердің озық ойлы тәжірибелерін ескеруі де өз септігін тигізгендігі де анық. Себебі бұл алқабилер соты АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресейде (кейбір аймақтарда) және тағы басқа елдерде кең қолданысқа енгізілген. Ең жоғарғы деңгейдегі алқабилер сотының дамуы АҚШ деп танылған. Американдық заңнамаға сәйкес алқабилер соты адамдардың құқықтары мен бостандықтарын әр түрлі

жағдайларда қорғауды және сот билігі мен жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Тіпті, АҚШ пен Батыс Еуропадағы алқабилер соты революцияға дейінгі Ресейдегі кінәлілік жөніндегі сауалдағы шешімді алқабилер алқасынан да асып түседі. Осы арада бір ескере кететін жайт, біздегі алқабилер сотының мақсаты жоғарыда атап өткен американдық заңнамадағы алқабилер сотының мақсатымен ұқсас болып келеді. Яғни, біздің алқабилер соты да американдық заңнамадағы алқабилер соты секілді адамның құқықтары мен бостандықтарын әр түрлі жағдайларда қорғауды және сот билігі мен жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз етеді [10].

Жалпы елбасымыздың «100 нақты қадам-Ұлт жоспарында» алқабилер соты қызметінің арта түсуіне жол ашуы мемлекеттің демократиялық, құқықтық факторының деңгейі жоғары екенін көрсетеді, ұлттық қылмыстық іс жүргізу құрылымының гуманистік тұрғыда өзгеруіне, заң жүйесінің нығаюы мен бәсекеге қабілетті болуына әсер етеді және де сот билігінің тәуелсіздігі мен сот процесіндегі тараптардың жарыссөзге қатысу құқығын арттыра түсіп, сот қателіктер көрсеткіштерін төмендетуге, сонымен бірге соттың шешім шығаруына кімде-кімнің теріс ықпалын тигізбеуді алдын алуға ықпалдасуында маңызы зор.

Алқабилерді таңдауда сотта төрағалық етуші, прокурор, жәбірленуші өз өкілімен және сотталуашылар қорғаушыларымен қатысып, жиналған кандидаттарға негізді, негізсіз сенімсіздік білдіруге құқылы.

Алқабилермен қаралатын істің тағы бір өзгешелігі, ол алқабилердің қылмыстық іс құжаттарын оқып білуіне жол берілмейді. Алқабилер қылмыстың мән-жайын тек прокурордың қарапайым тілімен жеткізілген қысқаша баяндауы арқылы біледі. Тараптардың шым-шытырық оқиғаға байланысты айғақтар мен дәлелдерді алға тартып, таласа-тартыса отырып, кімнің кінәлі, кімнің қылмыскер екендігін көрсете алды ма әлде жоқ па, міне осыған баға береді.

Тағы бір ерекшелік, ол сотталушыларға қатысты оның бұрынғы соттылығы жайлы, маскүнемдігі, есірткі пайдаланатындығы, оның жағымсыз мінездері жайлы алқабилердің алдында айтуға тыйым салынуы.

Ал қорғаушы жаққа жәбірленушінің жағымсыз жақтарын айтуға тыйым салынбаайды.

Прокурор М.Жақанов төмендегідей мысал келтіреді: 2015 жылы 12 сәуірде түнгі 3 шамасына Балқаш қаласында дәмханаға 2 жігіт келісіп, 1 шолақ мылтық, 1 заңсыз сақталған аңшы мылтығын алып келген. Төбелес болған кезде шолақ мылтықтан атылған оқтан бір адам өлген. Атқан адам қашып кетеді де, қуысқа апарып қаруларды тығып тастайды. Атқан адамның тапсырысы бойынша қаруларды достары басқа жерге апарып тыққан.

Бірінші: заңмен тыйым салынған қарулар заңсыз сақталып, тасымалданған;

Екінші: қару қолданылды, жапа шекті, түнгі тыныштық бұзылды

Үшінші: атыс кезінде жазықсыз адам жапа шегіп, мерт болды. Іс соңында алқабилер дәлелдемелерді ішкі нанымымаен бағалап, шешімін ар-ожданын басшылыққа алып, қылмыс орын алған, барлық 8 сотталуашы қылмысқы қатысылы, кінәлі және жаза тағайындалуы қажет деген шешім қабылдады [11].

Ұлыбританияда алқабилер соты, әскери соттар, шіркеу соттары, кәсіпорындардағы кемсітуге қатысты шағымдарды қарайтын өнеркәсіптегі трибунаалдар, әкімшілік соттар бар, бірақ олар атқарушы билік органдарының жанында әрекет етеді, Франция мен Германия елдеріндегідей, әкімшілік әділет органдары болып табылмаайды. Трибунаалдар өзінің атқарушы билік органының саласына қарай мамандаандырылады: олар салық, денсаулық, еңбек даулары жөніндегі істерді, оған қоса кейбір азаматтық істерді қарайды.

Сондықтан Ұлыбританиядағы әкімшілік трибунаалдар тек әкімшілік сипатта емес, олар 3000 асады, соған қоса олар мемлекеттік қызметкерлерден, қоғамдық қайраткерлерден, заңгерлерден тұрады.

Кейбір аса ірі емес істер бойынша өз кінәсін мойындамайтын тұлғаның ісі алқабилер сотында қаралады, егер тұлға өз кінәсін мойындааса, істі кәсіби судья қарайды.

Жасы 18-70 аралығындағы елде кемінде бес жыл өмір сүріп жатқан тұлғалар кәсіби алқа бола алады. Алқабилердің міндетінен жалтару 1 мың фунт стерлинг көлеміндегі айыппұлды төлеуге әкеліп соғады, бұл британдық орташа айлық табысының шамамен үштен екі бөлігін құрайды [12].

Францияда соттар алқабилердің соттары, соның ішінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ерекше соттар және әскери қызметшілердің істері жөніндегі соттар жалпы соттар жүйесіндегі ерекше буын болып табылады. Олар әрбір департаментте құрылады және тек қатаң жазалауға көздейтін қылмыстық істерді қарайды. Бұл жағдайда істі сот үш кәсіби судьядан және тоғыз сот алқабіінен тұратын құрамда қарайды. Алқабилер сайлаушаылар тізімінен жеребе жолымен таңдалады. Мұндай соттар ағылшын-саксон елдеріндегі алқабилер сотына қарағанда басқаша сипатқа ие судьялар мен алқабилер шешімді бірлесіп қабылдайды [13].

Ал Германияда алқабилер судьялармен бірлесе отырып, тек мән-жайды ғана емес, соған қоса құқық мәселесін де шешеді. Жердің жоғары соты ревизия жүргізеді. Бұл Герман құқығындағы ерекше процесс. Ревизия кезінде апелляция мен кассацияның элементтері үйлеседі, яғни төмен тұрған соттың шешімі істің мән-жайына сәйкестігі және заңды сақтау тұрғысынан тексеріледі. Федералдық сот палатасы тек кассациялық процесті жүзеге асырады. Өзге тармақтардың төменгі соттарында процеске 3 судья және 2 шеффен (алқаби) қатысады.

Украинада сот төрелігін кәсіби судьялар, халық алқабилері, белгілі істер бойынша алқабилер жүзеге асырады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асырады, ал халық алқабилері, алқабилер тек алқаның құрамында әрекет етеді, халық алқабилері істі судьямен бірге шешеді.

Қытайда арнайы әкімшілік соттар жоқ, бірақ жалпы сотта әкімшілік істері жөніндегі палаталаар (алқалар) болады. Олар әкімшіліктің азаматтаар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзылуына қатысты шағым, арыздараын қабылдайды. Әдетте соттар істерді алқалы түрде қарайды. Ал кейбір қылмыстық істер халық алқабилерінің қатысуымен қаралады. Халық алқабилері кәсіпорындардың, мекемелердің, ұжымдардың тұрғылықты жері бойынша сайланады. Жеңіл және аса аса ауыр емесазаматтық және қылмыстық істерді судья жалғыз өзі қарай алады [14].

Алқабилер сотын енгізу елімізде қалыптасқан алдын ала тергеу сатысын жақсартуға, айыптауашы мен корғаушының кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігін арттыруға, іс қарау сапасын жоғары деңгейі көтеріп, процестін формальды емес, шын мәнінде тараптар бәсекелесі жағдайында өтуіне көп ықпалын тигізеді.

Алқабилердің қатысуымен өткізілген сот үкімдеріне шағымдану апелляциялық сатыда емес, тек қана кассациялық ретте жүзеге асырылады және алқабилердің қатысуымен шыққан әрбір сот үкімі өзгертулер мен жойлуларға жатпайды.

Тұжырымдар және оларды талқылау

Жылдан -жылға тәуелсіз еліміздің сот құрылымында сот реформаасы үлкен қарқынмен дамып, алқабилер институты енгізілді және ол соттың құрамында тиімді, халық сенімінен шығатын жаңалықтарымен ерекшеленіп келеді. Алқабилер институтының енгізілу сот реформасындағы ең серпінді, әрі ірі қадамдардың бірі болды.

«Қай кезде де алдымен мәселе туады. Содан соң оны талқылау басталаады. Сол айтқандай, бізде біраздан бері алқабилер соты пікір-таластың тақырыбы болып ақыры бір шешімін тапты. Біреулер англо -саксондық үлгі дұрыс десе, енді біреулер құрылықтық үлгіні мақұл көрді. Ұзақ талықаудан кейін Қазақстанның жағдайы мен ерекшелігі ескеріліп, екіншісі таңдалды. Алқабилер туралы арнайы заң қабылданды. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бәрі білетіндей, дамыған, өркениетті елдердің қай қайсысында да алқабилер институты жұмыс істейді. Мұндағы басты мақсат - қылмыстық істерді қарағанда сот төрелігінің мейлінше объективті және әділетті болуын қамтамасыз теу және оған бұқара халықтың өзін қатыстыру болып табылады. Демократиялық және құқықтық мемлекет болып

қалыптасуды өзіне бағыт етіп алған Қазақстан қоғамы да мұндай өнегелі істен шет қалмауы тиіс. Бас -аяғы 19 баптан тұратын «Алқабилер туралы» заңда біраз мәселелер қамтылған. Онда мәселелен, алқабилік мәртебесі, алқабилікке кандидаттардың тізімдерінің қалай жасалатыны, кімдердің алқаби бола алатыны, кімдердің бола алмайтындығы, алқабилердің құқықтары мен міндеттері, олардың іс -әрекетіне қойылатын шектеулер т.б. нақты -нақты айтылған» [15].

Мысалы:

1. алқабилердің тізімін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмағандар;
2. өтелмеген не алынбаған сотталғандығы барлар;
3. сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандар;
4. судьялар, прокуроарлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай - ақ құқық қорғаушылар органдарының қызметкерлері енгізілмеді делінген.

Бұл айтылып отырған шектеулердің бәрі логикаға, қисынға келеді. Көңілге қонады. Сот пен прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тізімге енгізілмейді деуі алқабилер үкім шығарғанда қолында сондай билігі бар, осы салаға қатысты адамдардың ықпалы мен қысымы болмауы тиіс деген ойдан туса керек. Яғни барынша объективтілікке ден қоюдың амалы.

Сондай-ақ, алқабилікке ұсынылғанда азаматтардың ұлтына, нәсіліне, жынысына, тілі мен діни наным-сеніміне, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайы мен мүмкіндігіне қарамайтындығы айтылған. Мұнысы да заңның демократиялық сипатының көрінісі.

«Аталған заңның 13-ші бабында алқабилердің құқықтары мен міндеттері және істі қарау барысында оларға қойылатын кейбір шектеулер қамтылып, көрсетілген.

Ол бойынша алқаби төрағалық етуші арқылы сот процесіне қатысушылардың кез келгеніне сұрақ қоя алады. Заттай дәлелдемелерді, құжаттарды, жерді және үй-жайларды қарауға, сот тергеуіндегі басқа да іс-әрекеттерге қатысуға құқылы» [16].

Бұларға қоса, бірқатар талаптар мен міндеттерді сақтауы тиіс. Мысалы, оған істі тыңдау кезінде сот залынан кетуге, істі тыңдау барысында төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот құрамына кірмейтін басқа адамдармен іс бойынша сөйлесуге болмайды.

Осы баптың аяғында былай делініпті: Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ, осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеліп соғады. Осындағы соңғы жолдар субъектаивизмге апарып соқпай ма? - деген қауіп бар. Сондықтан тек төрағалық етуші емес, сонда отырған бүкіл алқабилер құрамы кеңесіп, талқыға салып шешсе жөн болар еді деген ой туады. «Көш жүре түзеледі» демекші, бұл заң заманның талабына қарай әлі де толықтырылып, түзетілетін шығар.

Біздің еліміз қабылдаған үлгі бойынша істі екі судья және тоғыз алқабиден тұратын барлығы он бір кісілік құрам қарайтын болады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне бірқатар толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Өлгі айтылған алқабилердің құрамы Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 58-ші бабының екінші тармағында қамтылды.

«Өткен замандаарда классикалық далалық билер сотын қалыптастырған біздің халық «кеңесіп пішкен тон келте болмас» деп билік пен төрелік айтудың ұжымдық үлгісін еш уақытта теріс көрмей, қайта оны құптап отырған.

Сол себепті де қоғамның бір ауыр дерті саналатын қылмыстық істерді қарауда жаңадан құрылғалы отырған алқабилер сотына үлкен үміт артылмақ.

Тек олар кеңес заманындағы халық заседательдері секілді сотқа формальді түрде қатынасып, немқұрайлы бағыт ұстанбай, белсенді позиция ұстанса, адамдардың тағдырына әділдік пен әділет тұрғысынан шынайы араласса құба -құп болар еді» [17].

Осы сияқты әу баста алқабилер құрамы жасақталарда оған енгізілетін үміткерлерге

де көзі қарақты, белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтар іріктелетіндей биік талап пен талғам тұрғысынан қарап, сондай саясат ұстансақ дұрыс болар еді.

Жаңадан басталған істе кем-кетік бола береді. Қай нәрсенің де дұрыстығын уақыт және өмірлік тәжірибе көрсетеді. Өткен ғасырлардың өзінде біздің ата-бабалараымыз қандай да бір дау-дамайдың ақылға, талқыға салынып, көп болып (билер сотының) ұйғарым-үкімімен шешілгенін қалаған. Соны қисынды және уәж санаған.

Көрнекті ағартушы ғалым Шоқан Уәлихановтың әйгілі «Сот реформаасы жайындағы жазбалар» деген еңбегінде мынадай жолдар бар: «Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немқұрайдылық пен әр түрлі ресми керітартпалықтың жоқтығы... ол істі некен-саяқ болмаса, жалғыз шешпейді; оған қатысатын адамға да шек қойылмайды, ал, тіпті кейде олар ақтаушы да болып көрінеді». Демек, алқабилік те атына сай болып, ешкімге бұра тартпай халықтың көңілінен шықса, онда үміт пен сенімнің ақталғаны.

«Бұл институт сонау кеңес кезеңіне дейінгі қазақ даласындағы тарих шымылдырығын ашып қараса, қазақ билерінің тәжірибесінде де кең болғанын көруге болады. Қазақ халқының ұлы зерттеуші ғалымы Шоқан Уәлихановтың 1864 жылғы «Сот реформаасы жайлы» зерттеу жазбалаарында қазақтың билер сотында халық өкілдерінің сот билігін атқаруға қатысу көріністерін өте айқын бейнелеп жазған. Сол кезеңнің өзінде халық билерінің сот алдында сот билігіне қатысатын халық өкілдеріне ант - су ішкізуінің өзі билерге деген сенім мен аса үлкен құрметті қалыптастырып отырғанын қазақ даласының жазбада қалған осындай терең зерттеулері арқылы жан - жақты дәлелденіп отыр.

2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде алқабилер соты енгізілуі бір кезеңнің қомақтылығын, маңыздылығын арттырып қана қоймай жалпы халықтық сотқа деген сенімін одан әрі нығайта түседі. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде алқабилер институтының екі түрі бар. Оның бірінде айыптау жазасын шығаруға қоғамдық өкілдермен бірге кәсіби судьяда қатысуға міндетті. Бұл Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің таңдап алған алқабилер институтының құрылықтық үлгісі. Заң қоғам мүшесіне, яғни алқабиге мемлекетіміздің ең алғашқы кезеңде облыстық соттың соттауына жатқызылған, ауыр қылмысы үшін қылмыстық заңмен өлңм жазасы көзделген қылмыстық істер бойынша сот төрелігін атқаруға қатысу мүмкіндігін беріп, өте жауапты, ауқымды міндет жүктейді. Бұл ретте алқабилер - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қааатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Бүгінгі таңда қолданысқа енген заңға сәйкес адам тағдырын таразылаап, шешуге 2 кәсіби судьямен бірге 9 алқабилер араласаатын болды. Осындай үлкен қауыммен шығарылған сот үкімінің әділдігі халық алдында күмән туғызбайтыны айдан анық» [18].

Алқабилердің құқықтық мәртебесі қандай деген сұрақ туындауы мүмкін. Оған қылмыстық іс жүргізу заңында белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген және сотта өз міндеттерін атқарған кезеңінде судьялардың тәуелсіздігі заңдарында белгіленген кепілдіктер қолданылады. Сот процесіне халық атынан қатысатын алқабилердің өзіне тән құқықтары мен міндеттері де бар. Әр алқабилер өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән - жайын өз бетінше бағалауға және өз пікірін алқабилер алқасының алдына қойылған сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, процеске қатысушыларға төрағалық етуші судья арқылы сұрақтар қоюға, заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс - әрекеттерге қатысуға, төрағалық етушіге заңнама нормалаарын, сондай - ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелер бойынша сұрақтар қоюға құқылы. Сол секілді сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкілдеріне бағынуға, алқабилердің міндеттерін атқару үшін, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау, немесе кейінге қалдырған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге, реті келмесе төрағалық етушіге қандай себептері бар сол туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Алқа билердің қатысуымен сот ісін жүргізуді енгізудің қажеттілігі Елбасымыздың Жарлығымен бекітілген құқықтық саясат тұжырымдамасында және Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген. Жалпы ТМД елдері бойынша біздің еліміз Ресейден кейін осы институтты енгізген екінші мемлекет болып табылады.

«Қазақстанның сот ісін жүргізуде сот-құқықтық реформалаудың жана кезеңі - қылмыстық істерді қарау кезінде әділсотты жүргізу үшін алқабилер сотын енгізу қажет болды. Алқабилер соты - отандық әділсот тарихындағы принципті жаңалық және халықтың сот билігі тармағындағы жұмысқа қатысуының бірден - бір мүмкіндігі. Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қылмыстық іс жүргізу кодексінен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Алқабилер қатысуымен істі қарау - демократия қағидаларының жарқын көрінісі. Мемлекет үшін адам құқықтары мен бостандықтары басты құндылық болып табылса, алқа билер соты Ата Заңымызбен бекітілген осы негізгі құндылықтарды қорғауға бағытталған. Алқабилер соты басымдықтарға ие, олар: алқалық, тәуелсіздік, сот қателіктерінің азды кем тәуекелі. Құқықтық жағынан дамыған мемлекеттер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, алқа билер соты - мәнісі жағынан айыпталаушыны кінәсіз деп жорамаладау принципі бұлжытпай сақталатын бірден - бір орган. Яғни, кәнісін ешбір шүбәсіз дәлелдеу болмаған жағдайда, сотталуашы айыптау үкімінін шығару қажеттігін не оның мақсатқа сай болуын негізге ала отырып, кәсіби судьяның пікіріне ешкімнің де ықпал ете алмайтыанына нақты сене алады. Алқа билер мүшелігіне қойылатын талаптар, қылмыстық істі қарауға қатысуға оларды іріктеу, істі қарау, дауыс беру тәртібі туралы Қазақстан Республикасының «Алқабилер туралы» Заңында көрсетілген. Алқа билердің қатысуымен облыстық соттың қарауына жататын аса ауыр қылмыстар қаралады және мұндай қылмыстар үшін өлім жазасы тағайындалады. Оның өзінде, тергеу аяқталғаннан кейін қылмыстық іспен танысу барысына айыпкер, өзінің қылмыстық ісін алқа билердің қатысуымен қарау жөнінде өтініш білдіріп, ол өтінішін қылмыстық іс сотқа түскеннен кейін алдын ала тыңдау барысына оны бекітсе ғана, қылмыстық іс алқа билердің қатысуымен қаралады» [19].

«Алқа билер құрамына жиырма бес жасқа толған, сотты болмаған, наркологиялық немесе психо - неврологиялық диспансерде есепте тұрмайтын, әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ғана алынады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық сот ісін жүргізуді алқа билер сотының қатысуымен жүзеге асыру қажеттігі айтылған» [20].

Міндеті заңды мойындаайтын, сондай - ақ жас шамасы негізгі талаптарға сәйкес келетін, сотталмаған, ақыл - есі дұрыс т.с. адамдарды іріктеу болып табылатын алқа билер соты туралы мәселе мейлінше күрделі. Құқықтық одан әрі дамудың бірден - бір бағыты - қылмыстық сот ісін алқа билер қатысуымен жүргізу мүмкіндігі туралы Конституция нормалаарын жүзеге асыру болып табылады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға (бұдан әрі - Конституциялық заң) сәйкес судьяларды әлеуметтік қамсыздандыру сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру үшін жеткілікті мөлшерде жүргізіледі. Судьялардың мәртебесіне сай келетін, сондай-ақ оларды нашарлатуға тыйым салынатын, мемлекеттің есебінен оларды әлеуметтік қамсыздандыру - судьялар тәуелсіздігі кепілдігінің бірі болып табылады. Конституциялық заңның қабылдануы сот жүйесін жетілдірудегі елеулі оқиға болды. Енді Жоғарғы және облыстық соттардың төрағалары соттарды қамтамасыз етуге қаржының тиімді жұмсалуына бақылау жасай алады. Сонымен, ең бастысы судьяларға төленетін еңбек ақысына келіп тоқталатын болсақ, қазіргі таңда объективті және тәуелсіз сот әділдігі болуы үшін материалдық қамтамасыз ету, тұрғын үй беру жеңілдіктері, жыл сайынғы

демалысатары, оларды судьялық мантиямен қамтамсыз ету, т.б.

Материалдық тұрғыдағы басты бір мәселе, бұл тұрғын үй жеңілдіктері. Судьяларды тұрғын үймен қамтамсыз ету республикалық бюджет есібінен жүргізіледі».

XXI ғасырдағы Қазақстан тарих беттерінде мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында көптеген өзгерістер енгізумен есте қалатын болды. Мұндай өзгерістер ең алдымен ата-баба дәстүрін жаңғыртып, қоғам өмірінен тыс қалған байырғы институттарды өмірге қайта әкелуімен құнды болмақ. Солардың бірі – алқабилер соты жайында сөз етсек.

Шоқан Уәлиханов билер соты жайында былай деп жазып қалдырған екен «... билер сотының ең жарқын көрінісі: айыпталушыға қояр нақты айғақты дәлел болмаса да, күшті күмәнді дәлел көлденең тартылған жағдайда, айыпталаушыны аса абыройлы аталастарының ант беріп ара түсуі арқылы ақтап алуына немесе айыптауына жүгінетін қалыптасқан дәстүр болған.

«Алқабилердің» саны мен оларды тандау ауқымы қаралатын істің маңыздылығына негізделетін. Сөйтіп, алқабилер сотталушының жақын руластаарынан, ал кейде тұтас болыстан немесе аймақтан тандап алынатын. Билер сотында шешім қабылдарда «алқабилердің» қатысуына рұқсат беретін ағылшындардың «факті туралы мәселе» деп аталатын мүмкіндіктер болған». (Шоқан Уәлихановтың Сот реформаасы туралы жазбалары. Көне халықтық нысандағы билер соты. 1864 жылғы 28 ақпан).

Профессор М. Нәрікбаев: «Қазақ даласындағы сот органдарының пайда болуы мен қалыптасу тарихы - бұл Қазақстан қоғамының жылнамасындағы ерекше парақ. Қазақстандық сот билігінің қалыптасуымен бекітілуінің негіз қалаушы критерийлерін түсініп, қабылдау үшін қазақ даласындағы әдет құқығының тарихын ғана біліп қана қоймай, құқық нормаларының тарихы мен эволюциясын, заңдары мен дәстүрлерін терең зерттеу қажет» - деп орынды атап өткен [21].

Келесі бір қазақстандық заңгер-ғалым М. Әлиев «Қазақ халқының тарихындағы сот төрелігі түп-тамырымен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіне қарай - ғасырлар қойнауына кетеді. Билерге тиесілі сот билігі қазақ қоғамында айрықша маңызға ие болды, рл басқару жүйесіндегі жетекші билік нысаны еді» - дейді [22].

Жалпы алғанда, демократиялы қоғамда азаматтаар мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысу құқығына ие. Белгілі болғанындай, мемлекеттік билік тәуелсіз үш тармаққа: заң шығарушы, атқарушы және сот төрелігі болып бөлінеді. Біздің елімізде халық заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына Мәжіліс депутаттары мен Президентті сайлау арқылы ықпал жасағанымен, қарапайым азаматтардың сот төрелігіне ықпал етуге мүмкіндіктері болмады. Себебі, Қазақстан Республикасында соттар сайланбаайды (Сенаттың Жоғарғы сот төрағасы мен судьяларын сайлауын қоспағанда), керісінше тағайындалады. Сондықтан, сот төрелігін жүзеге асыруды азаматтық қоғам бақылауда ұстай алатын бірден-бір тәсіл халық өкілдерінің сотқа қатысуы болмақ.

«Алқабилер соты - халық пен мемлекет арасын жалғастыратын көпірлердің бірі деуге болады. Азаматтық қоғам өкілдері елдегі билікті жүзеге асыруға қаншалықты көп тартылса, соғұрлым халықтың белсенділігі арта түседі, сол арқылы басқару аппараты мен бұқара көпшілік арасы жақындай түспек.

Алқабилер институты біздің қоғамды еркін және демократияға біртабан жақындату үшін керек-ақ».

Құқықтық жүйесі дамыған көптеген елдерде (мысалы, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Австралия, Испания, Бельгия, Австрия, Дания, Норвегия, Ресей мен басқа да елдер) алқабилер соты тиімді әрекет ететіндігін атап өту қажет. Көрші Ресей елінде - алқабилер сотының қатысуымен сот ісін жүргізу соттарды жетілдірудің, жаңа құқықтық сана қалыптастырудың маңызды демократиялық бағыттарының бірі болды, сөйтіп, Ресей Федерациясында алқабилер соты 1993 жылғы 1 қарашадан бастап әрекет ете бастады [13,98].

Қазақстан Республикасындағы алқабилер институты әлемдік тәжірибеге сүйеніп, сонымен бірге алқабилер қатысуымен жүргізілетін сот қызметінің ресейлік үлгісін негіз етіп

алды. Қазақстан қоғамына Алқабилер институтын енгізу - республикада жүргізілген сот реформасының басты жаңалықтарының бірі. Адамның алқабилер сотына жүгінуі конституциялық норма болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағында: «Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады» деп бекітілген, Конституциялық Кеңесте алқабилер сотына қатысты 1997 жылғы 6 наурыздағы қаулы қайта қаралып, Конституцияның 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіруге қатысты шығарылған шешімнің күші жойылды. Өйткені, Конституциялық Кеңестің осы қаулысының аталған ережесі алқа билер сотын құруға кедергі келтіретін еді.

«Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Осылайша, алқабилер сотының жаңа дәуірі басталды. Осы Заңда, алқаби ұғымына мынадай анықтама берілген екен: «алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы».

Алқабилер сотының ерекшелігінен көретініміз, біріншіден, алқалы орган болуы, тәуелсіздігі, лауазымаын асыра пайдалануға және сот қатесінің орын алуына жол жоқтығы. Бұл дегеніміз адамның сот процесіндегі құқықтарын қорғаудың қосымша кепілі және құқық қорғау тетіктерін күшейту.

Алқабилер сотының қатысуымен сот ісін жүргізу мәселесіне байланысты түрлі пікірлер айтылып келді. Осы институтты енгізу мәселесі 2004 жылдан бастап қызу талқыға салына бастады. Сөйтіп, алқа заседательдері қатысатын сот институтын сатылап енгізу туралы заң жобаларына қарау жөніндегі жұмыс тобының аясында алқа заседательдерінің қатысуымен жүргізілетін сот нысанын таңдау мәселесі қолға алынды. Алқабилер сотының үлгісін таңдау мәселесі жөнінде классикалық (ағылшын-саксондық) үлгімен қатар, бұл институттың қызметін ұйымдастыруда түрлі таңдау мүмкіндіктері қарастырылып келеді.

Негізінде азаматтардың сот қызметіне қатысуының бірнеше тетіктері бар. Сот төрелігін жалғыз судья, кәсіби судьялар алқасы және халық өкілдері жүзеге асырады. Аталғандардың ішінде соңғысының негізгі екі варианты бар. Біріншісі - кәсіби және қоғамдық судьялар бірігіп сот ісінің барлық мәселелерін қарайтын, шешім шығаратын алқа. Екіншісі - дербес екі бөліктен тұратын алқа, бұл орайда қылмыстық істер бойынша негізгі мәселе - кінә туралы шешімді қабылдау халық өкілдеріне тапсырылады.

Біздің елімізде тандап алынған үлгі батыстың тура көшірмесі емес. Біріншіден, сот процесінің аралас нысаны сақталады. Екіншіден, сот талқылауы жеке екі сатыға бөлінбейді, яғни тұжырым мен айыптау үкімін шығару бір процесте орын алады. Үшіншіден, айыпталушының дәстүрлі сот ісін жүргізу мен алқа заседательдерінің қатысуымен жүргізілетін сот ісін таңдау құқығы бар.

Тағы бір маңызды мәселенің бірі - алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істерге қатысты. Бастапқы сатыда алқабилер қатысатын істер шеңберіне заңда өлім жазасы көзделген қылмыстық істер жатқызылған болатын. Алайда, Конституцияға енгізілген 2007 жылғы 21 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулар және өлім жазасының іс жүзінде қолданылмауы алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер аясын қайта қарауды талап етеді, сол арқылы алқабилер институтын дамытудың келесі сатысына қадам басамыз.

Себебі, алқабилердің қоғам алдындағы міндеті жоғары - олар тек іске қатысып қана қоймай, үкім шығарған кезде халық үнін білдірулері қажет.

Қоғам өміріндегі сот жүйесінің маңыздылығы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына кепіл болуымен түсіндіріледі, сонымен бірге тек сот қана адамды аса маңызды әлеуметтік игілігі - бостандығынан айыра алады. Сондықтан алқабилер институтының басты ерекшелігі алқаби болуға қабілетті кез келген азаматты сот төрелігін жүзеге асыру қызметіне тікелей қосу арқылы билік өкілеттіктерін іске асыру.

Сот төрелігі - қоғам өмірінің аса маңызды бір жағы, сот төрелігінің жоғары деңгейде жүргізілуіне әрбір адам мүдделі. Құқықтық мемлекет құру барысында барлық азаматтардың

занды біліп, құрметтеуімен қатар, заңды іске асыруға қатысулары да, оның тиісті деңгейде орындалауына әлеуметтік бақылау жасаулары да маңызды болмақ. Осындай қатысудың бір нысаны - біз сөз етіп отырған сот төрелігін жүзеге асыру қызметіне қоғам өкілдерін қосу болып табылады. Құқық теориясында сот - бұл мемлекетті саналы түрде өзін-өзі шектеуге алып баратын билік тармағы. Осындай шектеу неғұрлым күшті болса, соғұрлым сот төрелігі тәуелсіз болады. Алқабилер соты - бұл қазіргі жағдайда жемқорлық пен тәуелді соттан қорғайтын бірден-бір құрал. Бұл соттарға деген сенімін жоғалтқан халық үшін бақылау жүргізудің қайнар көзі.

Тарих беттеріне жүгінер болсақ, алқабилер соты әлеуметтік қақтығыстар ушыққан, не қоғам өмірінің саяси және экономикалық салаларын түбегейлі өзгерту барысында енгізілетіндігін көрсетеді. Мәселен, Францияда 1791 жылғы революция кезеңінде, Ресейде крепостнойлық құқықтың күшін жойып, феодалдық қоғамнан капиталистік қоғамға өту кезеңінде солай болған еді.

Біздің елімізде саяси, экономикалық жүйені жетілдіру - сот жүйесін де реформалауға алып келді. 1992 жылы сот-құқықтық реформасының тұжырымдамасын қабылдау Қазақстанда сот билігінің қалыптасуына жол ашып берді. Ол кездегі сот реформасын жүргізудегі басты мақсат - сот билігін заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарынан тәуелсіз болатын мемлекеттік билік ретінде бекіту. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев сол кезде сот реформасын жүргізу демократиялық құқықтық мемлекетті құруды қамтамасыз етудің қажетті шарты деп баса көрсеткен болатын.

Әрине, біздің елімізде сот билігі бекітілген, сот жүйесінің негізін қалайтын басты қағидалар жария етілген көптеген заңдар қабылданған. Дегенмен, судьялардың азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу фактілері орын алатындығы өкінішті, оған көптеген арыз-шағымдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәліметтер, сот істерінің материалдары, әлеуметтік сауалнама нәтижелері айғақ бола алады.

Алқабилер институтын жаңғырту идеясы бір күндік шешім еместігін айта кету керек. Ол үшін алдымен сапалы, жоғары деңгейдегі құқықтық базаны әрі қарай қалыптастыру жұмыстары жүргізіле беруі керек. Осы ретте ҚР Ата Заңында бекітілген бір норманы айтып өту керек. Конституцияның 78-бабына сәйкес, соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті. «Конституцияның бұл ережесінің республика заңнамасы Конституциямен толық сәйкестікке келтірілмеген құқықтық мемлекет қалыптастыру кезеңіндегі маңызы зор». Өйткені барлық конституциялық нормалар басқа заңдар мен заңға сәйкес актілердің алдында жоғары тұрады. Кеңестік кезеңдегі соттардың заңдарды немесе заң актілерінің Конституцияға сәйкестігін тексеру өкілеттігі мүлдем жоқ болғандықтан, азаматтардың конституциялық құқықтары қағаз жүзінде ғана қалатын [23].

Алқабилердің мәртебесі негізгі үш фактормен айқындалады: ол - қоғамдық мәдениет; қоғам өміріндегі заңның рөлі мен заңдағы әділдік. Осындай факторларға тәуелді институт алға жылжу мен еркіндіктің кепілі.

Әйтседе, алқабилерді сот саласына кездесетін барлық күрделі істердің оң шешімін табуға әкелетін жол ретінде қарауға да болмайды. Дегенмен, қылмыстық істерді тергеу сапасын арттыруға, сот ісін жүргізудің тәуелсіздігін, объективтілігін қамтамасыз етуге, сот билігін нығайтуға және демократиялық институттарды қалыптастыруға жол береді.

Қазақстанның құқықтық дамуының қазіргі сатысында биліктің бөлініс қағидасын толықтай және біртіндеп іске асыру міндеті тұр. Билікті бөлісу демократиялық және құқықтық мемлекеттің басты қағидасы болып табылады.

Сот билігі мемлекеттік биліктің бір тармағы, ҚР Конституциясына сәйкес ол,

Қазақстан Республикасында сот төрелігін іске асыру функциясын орындайды. Сот билігі біртұтас. Сот билігінің негізгі мақсаты қолданыстағы құқық негізінде дау-жанжалдарды шешуден тұрады. Сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда белгіленген сот істерін жүргізудің өзге нормалаарымен іске асырылады.

Н.Ә. Назарбаев: «Конституцияға енгізілген өзгертулер жүргізіле бастаған либералдық реформалардың табысқа жетуін қамтамасыз ететін заңнамалық негіз қалайды, елдің жаңа даму сатысынада қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің жаңа үйлесіміне, мемлекеттік құрылымдағы жаңа тежемелік және тепе-теңдік жүйесін қалыптастыруға алып келеді» деп атап көрсеткен болатын» [24].

Алқабилер сотын енгізу күрделі, әрі алдын ала дайындық жұмыстарын қажет етеді. Бірінші кезекте, тергеу органдаары мен прокуратура эзiр болуы тиiс. Ол үшiн қылмыстық iстердiң тергелу сапасын жақсарту қажет, адвокаттардың рөлiн және қылмыстық сот iсiн жүргiзу аясында азаматтардың құқықтарына кепiлдiк берiлуiн күшейту керек.

«Мемлекетiмiздiң Тұңғыш Президентi Н. Назарбаев Судьялардың IV съезiнде сөйлеген сөзiнде сот-құқықтық реформа сот жүйесiнiң тиiмдiлiгiне байланысты түбегейлi проблемааларды шешудi көздейдi, бұл мемлекеттiң әрi қоғамның басты назарынада болуы керек деп атап көрсеткен».

Демократиялық қоғамдастық кең ауқымды сот жүйесiн дамыту елiмiздiң басты басымдықтарының бiрi болып саналады. Бiздiң сот жүйесi дала демократиясынан тамыр тартады.

Осыған байланысты сот жүйесiнiң жаңа түрiн қалыптастыру мен құру, соттарға құқықтық мемлекетке тән өкiлеттiктердi толық көлемде беру, олардың жоғары әрi жауапты әлеуметтiк рөлiн нығайту мемлекеттiң негiзгi саяси басымдығы болды. Сот iсiн жүргiзудi және сот құрылысын жетiлдiрудiң мiндеттерi белгiленген.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Конституциясы заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екенін, кінәсіздік презумпциясын, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар екені жария етті. Осыған орай Қазақстан Республикасында Конституциялық нормамен қылмыстық сот жүргізуде алқабилер соттарының қатысуы бекітілді.

Заң шеңберінде құрылуы жоспарланған адвокаттардың республикалық бірлестігі кәсіби әдеп кодексін әзірледі. Бүгінгі күні адвокаттық қызметті жетілдіру, заңнаманы нығайту, заңгерлік көмек беру жүйесін жетілдіру мен оның кемшіліктерін қайта қарау, сондай-ақ тегін заңгерлік көмек берудің (әкімшілік етудің) арнайы тәуелсіз әрі дербес жүйесін жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан бұл жағдайдан шығатын жол - Қазақстанда қаржыландырылатын заңгерлік жәрдем беруге әкімшілік етудің (басқарудың) тиімді үлгісін құру, оны іске асырудың пәрменді құқықтық тетіктерін әзірлеу қажет деп есептейміз, олар осындай жәрдем берудің тиісті процедуарасы мен сапасын, бюджеттік қаражаттың тиімді пайдаланылуын, берілетін заңгерлік көмектің сапасын бақылауды және т.б. қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл орайда тегін заңгерлік көмек жүйесін құру және дамыту кезеңдері нақты айқындалуға тиіс. Мысалы, бастапқы кезеңде республикада қаржыландырылатын заңгерлік көмек жүйесін құру бойынша пилоттық жобаны іске асыруға, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тегін заңгерлік көмек беруге арналған қоғамдық адвокаттар орталықтарын (бюроларын, қызметтерін) құруға болады. Нәтиже тиімді болған жағдайда - берілетін қаржыландырылатын заңгерлік көмектің көлемі мен мазмұнын ұлғайту туралы мәселені талдау және қарау қажет. Қаржыландырылатын заңгерлік көмек жүйесінің сатылап енгізілуі әділсотқа жетуін қамтамасыз етудің сандық және сапалық көрсеткіштерін болжауға және формализмді, қақтығыстар мен басқа да жағымсыз құбылыстарды болдырмауға мүмкіндік береді. Әрине, мұндай құрылымды құру үшін белгілі бір қаржы жұмсалады. Бірақ, сонымен қатар, бұл қылмыстық ізге түсу органдаарын, соттар мен әділет органдаарын тағайындалатын

адвокаттармен қамтамасыз етуге байланысты мәселелерден босатады.

Шет елдердегі қаржыландырылатын заңгерлік көмек берудің тәжірибесін талдау нәтижелері көрсеткендей, осындай жәрдем беруді ұйымдастыру мен үйлестіру жөніндегі барлық функциялар бір органға шоғырланған жағдайда ғана ол тиімді беріледі, ал бұл органның құқықтық мәртебесінің өзіндік ерекшелігі оның тәуелсіздігі болып табылады. Сондықтан мемлекет кепілдік беретін заңгерлік көмектің шетелдік жүйелерінің жұмысының оң тәжірибесін, сондай-ақ оның кемшіліктерін ескере отырып, Қазақстанда да кепілдік берілген қаржыландырылатын заңгерлік көмек беру жүйесін құру қажет деген пікірдемін, менің ойымша, ол бірнеше кезеңнен тұруға тиіс.

Бір кездері республикамыз мызғымас Одақтың құрамында СОКП-ның билік монополиясының, үстемдігіндегі социалистік меншік пен коммунистік идеологияға көмкерген қуыршақ кейіпіндегі егеменді мемлекет болып саналды. Сол кездегі Конституция бойынша Қазақ КСР-ы егеменді кеңестік социалистік мемлекет болып жарияланған. Әйтседе, Қазақстанның егемендігі іс жүзінде тиісінше қамтылмады және жүзеге асырылған жоқ. Билік бөлудің либералдық-демократиялық идеологиясы, меншік нысандарының көп түрлілігі мен адамның табиғи құқықтары қалыс қалды. Демократизм принциптерін шетқакпай қыла отырып, қалып белгілеудің де, орындаудың да, бақылаудың да (әрине, Компратияның саясында) функцияларын кеңестер бір қолға шоғырландырып, халық билігін білдірген болды. Сол кездегі құқықтың негізгі принципі таптық идеологияны арқаланған социалистік заңдылықтың принципі болып табылғаны мәлім. Демократиялық қоғамда азаматтардың құқықтарын қорғауға арналған қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу нормалаары тотаритарлық мемлекеттің мүдделерін білдіретіндіктен, жазалау сипатынада болды, кінәлауға бет бұрып тұратын.

Қазіргі кезеңде заң мен қоғам адвокат қорғаушыдан жай заң көмегін көрсетуді ғана емес, қылмыстық іс бойынша қорғаудың нәтижелілігін талап етеді.

Күшті айыптауға күшті қорғау қарсы тұруы тиіс, ал бұған тек басты рол атқаратын тактикааны қолдана білу, қорғау проблемаасын ғылыми шешу арқылы ғана қол жетеді. Бұл орайда, дәлелдеудің ауыр жүгін арқалаған адвокат-қорғаушы жауапкершілікті сезіне отырып, айыпталаушы үшін жайсыз жағдайды жеңілдетуге, шамасы келсе, ақтауға тырысады. Сондықтан ғалымдар мен мол тәжірибе түйген жауапты адамдар күш-жігерлерін біріктіру арқылы адвокат-қорғаушыларды қорғаудың интеллектуалды қаруымен қаруландыруы қажет.

Қылмыстық сот ісін қарауда ақиқатқа жету адвокат – қорғаушының белсенділігіне байланысты. Сол үшін ғылыми негізделген тактикалық ұсынымның болуы адвокат-қорғаушының қылмыстық іс бойынша қорғауды анағұрлым мақсатты және жете түсінушілікпен жүргізуіне мүмкіндік туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кімантар:

1. Халиқов К.Х. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау орғандары. Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1995. -176 б.
2. К.Х. Халиқов Судебные реформы в Центральноазиатских странах: Учебное пособие. - Т., 2006. - 432 с.
3. Булеулиев Б.Т. Суд с участием присяжных заседателяей: проблемы становления и перспекативы развития в Республике Казахстан. – Астана, 2009. - 405 с.
4. В. Чиркин Шетелдердің конституциялық құқығы.Ерекше бөлім. –Алматы, 2012.- 296 б.
5. Божқараұлы А Шетел конституциялық құқығы. – Қарағанды, 2005.- 205 б.
6. Әлиев М.М. ҚР-ның сот және құқық қорғау жүйесі. Оқу құралы – 2004.- 258 б.

Заңнамалық материалдар:

7. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

8. Ш. Уәлихановтың «Сот реформаасы туралы» жазбалаары, көш халықтың нысандағы билер соты. 1864 ж. 28-ақпан. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

9. Қазақстан Республикасының Құқықтық Саясат тұжырымдамасы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

Бұқаралық баспалар:

10. Жұбатаров Қ. Бейбіт елдің алтын арқауы – Ата Заң // Заң және заман, 2016. - №8.- 17 б.

11. Асанов Ж. Әділеттілік - құқықтық қорғаудың басты талабы // Заң және заман, 2016. - №10.- 8-9 б.

12. Раисов А. Алқабилердің құқықтары мен міндеттері // Заңгер, 2015.-№11.-54-55 бб.

13. Ковалев Н.П. В поисках независимого и беспристрастного суда присяжных для Казахстана. - <https://online.zakon.kz>.

14. Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам».- Егемен Қазақстан газеті, 2015 жыл сәуір.

15. Е. Қаржаубаев Алқабилер сотының ағылшын саксондық жүйесінің даму негіздері // Тураби, 2007.-№6.- 11-13 бб.

16. М. Жақанов Алқабилер қабылдаған заңды шешім // Заң және заман, 2016. - №6.- 23-24 бб.

17. Қазақстан Республикасындағы «Алқабилер туралы» Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

18. Қаржаубаев Е Алқабилер сотының ағылшын –саксондық жүйесінің даму негіздері // Тураби. -2007. №6. -11-13 бб.

19. Жаңа кезеңдегі жаңарған сот.- Егемен Қазақстан, 2007 жыл наурыз.

20. Әлімбаев М.Т. Сот жүйесін мамандаандыру туралы // Заңгер. – 2004.- №4. – 18 б.

21. Нарикбаев М. Судебная система Республики Казахстан: опыт и перспективы // Тураби. – 1999.- №8.- С. 88-92.

22. Қаржаубаев Е.Қ. Билік бөлу территориясының қалыптасуы және сот билігі // Қазақстанның ғылыми әлемі.-2008.- №2-26-33 бб.

23. Ағыбаев А.Н. Жаңашылдық биікке бастайды. //Заң газеті. – 2009.- 6 қаңтар №1. - 6 б.

24. Әбдіқанов Н. Жарты жылдың ішінде 16205 адамның құқығы қорғалды // Заң, 2014.-№8. – 22-26 бб.

ОРАТОРСКОЕ ИСККУСТВО АДВОКАТА В СУДЕБНОМ ПРОИЗВОДСТВЕ С УЧАСТИЕМ ЗАСЕДАТЕЛЕЙ

Байжуманова А.М.

В статье рассматриваются роль, особенности, правовой статус и правовой статус адвоката в современном Казахстане. Также освещены вопросы, связанные с судопроизводством с участием членов жюри, важностью института членов жюри и участием адвоката по уголовному праву в разбирательстве с участием членов жюри. Методологической основой исследования является общий метод. Для решения поставленных задач в исследовании использовались диалектико-материалистические законы, логические, сравнительные, систематические методы и широко применялись

отдельные научные, социальные и психологические методы.

Ключевые слова: *заседатели, суд заседателей, адвокат, судебное производство, правовой статус адвоката, Конституция, государство, участники судебного процесса.*

LAWYER'S ARRANGEMENT IN LEGAL PROCEEDINGS WITH PARTICIPATION OF SESSIONALS

Bayzhumanova A.

The article discusses the role, features, legal status and legal status of lawyers of modern Kazakhstan. Issues related to proceedings involving jury members, the importance of the institution of jury members and the participation of a criminal lawyer in proceedings involving jury members are also highlighted. The methodological basis of the study is the general method. To solve the tasks in the study, dialectical-materialistic laws, logical, comparative, systematic methods were used and individual scientific, social and psychological methods were widely used.

Key words: *assessors, court of assessors, lawyer, court proceedings, legal status of a lawyer, Constitution, state, participants in the trial.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 03.02.2020ж.

ӘОЖ 344.12

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жакупова Г.А., Нұрбаева Б.Е.

Бұл мақалада кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің қатаң, дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлары қарастырылған.

Кілт сөздер: *жаза, мекеме, жазалау шаралары, көтермелеу шаралары.*

Кәмелетке толмаған адамдарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеудің қатаң, дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлары белгіленген.

Кәмелетке толмаған адамдарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде дағдылы жағдайларда жаңадан келген сотталғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң, жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайларынан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

Дағдылы жағдайларда кемінде алты айын өтегеннен кейін жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған және еңбек пен оқуға адал қараған кезде, дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады.

Дәрежесі үшінші оң мінез-құлықты, кемінде үш ай жеңілдетілген жағдайларда болған сотталғандар еңбек пен оқуға адал қараған кезде мерзімін өтеу бойынша босатылғанға дейін бір жыл қалғанда жеңілдікті жағдайларға ауыстырылады.

Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар болып табылатын сотталғандар жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады. Жеңілдікті жағдайларға қайта ауыстыру жеңілдетілген жағдайларға қайтарылғаннан кейін кемінде алты ай өткен соң жүргізіледі.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылар деп танылған сотталғандар үштен алты айға дейінгі мерзімге дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті

жағдайлардан қатаң жағдайларға ауыстырылады.

Сотталғандарды бір жағдайдан басқасына ауыстыру оқу-тәрбие кеңесінің ұсынуы негізінде мекеме комиссиясының шешімі бойынша жүргізіледі.

Мекеме комиссиясының жұмысына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ жұртшылық өкілдері қатыса алады [1].

Мекеме бастығы жазаны өтеудің тәртібін бұзуды жасау мүмкіндігін жою үшін сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Мекеме бастығы болмаған жағдайда, сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру туралы шешімді мекеме бастығының кезекші көмекшісі қабылдайды.

Сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру туралы қаулы сотталған адамды онда ұстау мүмкіндігі тұрғысынан медициналық куәландырғаннан кейін шығарылады.

Уақытша оқшаулау үй-жайына жабылған сотталған адам екі сағаттық сейілдеу құқығы беріле отырып, ауыстырылғанға дейін оған айқындалған ұстау жағдайларында жазасын өтейді.

ҚР ҚАК-нің 152-бабына сәйкес кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қолданылатын көтермелеу шаралары қолданылады [2].

Сотталғандарға жақсы мінез-құлқы, еңбек пен оқуға адал қарағаны, ерікті ұйымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін ҚР ҚАК-нің 128-бабында аталғандамен бірге төмендегідей көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін:

1. Жақсы мінез-құлқы, еңбекке, оқуға адал қарағаны, ерікті құрылымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмыспен келтірілген залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолданғаны үшін сотталғандарға көтермелеу шаралары қолданылады.

2. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жүрген сотталғандарға, ҚР ҚАК-нің 128-баптың 1-бөлігінде көрсетілген көтермелеу шараларынан басқа да, демалыс және мереке күндерін сағат 9-дан 18-ге дейін мекеменің шегінен тыс жерде өткізуге рұқсат беріледі.

Дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандарға көтермелеу тәртібімен жылына төрт ретке дейін қосымша қысқа мерзімді кездесу алуға рұқсат беріледі.

Бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жаза қолданылған күннен бастап кемінде үш ай өткен соң жол беріледі. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзғаны үшін жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға жол берілмейді [3].

ҚР ҚАК-нің 153-бабына сәйкес кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде көтермелеу шараларын қолдану ерекшеліктеріне түнгі уақытта спорттық, мәдени-ойын-сауық және өзге де іс-шараларға баруға жол берілмейді [4].

Мекеменің шегінен тыс жерге шығу ұзақтығын мекеме бастығы белгілейді, бірақ ол сегіз сағаттан аспауға тиіс.

3. Сотталғандарға жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін төмендегідей жазалау шаралары тағайындалады:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- 72 сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау үй-жайына жабу.

18 жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар 21 жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін.

Мекемеде қалдырылған сотталғандарға кәмелетке толмаған сотталғандарға арналған жазаны өтеу жағдайлары, тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары қолданылады.

Он сегіз жасқа толған сотталғандарды мекемеде қалдыру туралы шешімді сот мекеме бастығының ұсынуының негізінде ғана қабылдайды.

ҚР ҚАК-нің 157-бабына сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы сотталғандарды түзеу [5] және оларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мекемелерде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен негізгі принциптерге сас, сотталғандардың құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, еңбек пен оқуға адал көзқарасын қалыптастыруға, олардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуына, мәдени деңгейін арттыруына бағытталған бірыңғай оқу-тәрбие процесі ұйымдастыру, сотталғандармен тәрбие жұмысы жеткіншектерге тән психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, психологиялық-педагогикалық ықпал ету әдістері негізінде жеке, топтық және көпшілік нысандарда жүргізіледі, сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы ҚР-нің білім саласындағы заңнамасына сай іске асыру тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына қамқоршылық кеңестер, сондай-ақ ата-аналар комитеті қатысады [6].

Кәмелетке толмаған сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде бас бостандығынан айыру жазасын өтейді.

Кәмелетке толмаған адамдарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде сотталғандарға қатысты тәртіптік шараларды мекеме бастығы, оның орынбасарлары, жасақ бастықтары мен бөлімшелердің тәрбиешілері қолдана алады. Көлемі аталған тұлғалардың өкілеттіктерін тәртіптік шараларын қолдану әртүрлі. Мекеме бастығы мен оның орынбасарлары тәртіптік шараларды толық көлемде қолдану құқығына ие. Жасақ бастығының алғыс жариялауға, тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға қосымша ақша жұмсауға рұқсат беруге, қосымша телефонмен сөйлесуге, бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға құқығы бар. Отряд бастықтарының бір ай ішінде сөгіс жариялауға және кинофильмдерді қарау құқығынан айыруға құқығы бар.

Бөлімше тәрбиешілерінің алғыс жариялауға, бөлімше тәрбиешісі бұрын қолданған жазаны мерзімінен бұрын алуға құқығы бар. Олар сөгіс жариялай алады.

Сот жазаны орындаушы органға кәмелетке толмаған сотталған адаммен қарым-қатынас кезінде оның жеке басының белгілі бір ерекшеліктерін ескеру туралы нұсқау беруі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>
2. Уголовно-исполнительное право России. В 2 томах (комплект). - М.: Юрайт, 2015. - 816 с.
3. Правила организации надзора и охраны за лицами, содержащимися в исправительных учреждениях КУИС МЮ РК // Параграф ақпараттық жүйесі. - 2015.
4. Уголовно-исполнительное право. - М.: Юриспруденция, 2017. - 368 с.
5. С.К. Әпенев. Қылмыстық атқару құқығы. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті жарғы», - 2010. - 234 б.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

ОСОБЕННОСТИ ОТБЫВАНИЯ НАКАЗАНИЯ В ВИДЕ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ ОСУЖДЕННЫМИ

Жакупова Г.А., Нұрбаева Б.Е.

В данной научной статье рассматриваются строгие, обычные, облегченные и льготные условия отбывания наказания в виде лишения свободы несовершеннолетних

заклученных.

Ключевые слова: Наказание, учреждение, наказание, поощрение.

FEATURES OF SENTENCING OF PENALTY FREEDOM BY MINORS CONDEMNED

Zhakipova G., Nurbaeva B.

In this scientific article, the strict, ordinary, facilitated and preferential conditions of serving the term of punishment in the form of deprivation of liberty of incompetent prisoners are considered.

Key words: Punishment, institution, punishment, encouragement.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.03.2020ж.

ӨОЖ 340.622

ӨЗІН-ӨЗІ ӨЛТІРУГЕ ЖЕТКІЗУ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ ТМД МЕМЛЕКЕТІ БОЙЫНША ҚАРАЛУЫ

Жангушукова А.З., Жантасова А.К.

Бұл мақалада ТМД мемлекеті бойынша өзін-өзі өлтіруге жеткізу қылмысының қаралуы, яғни суицидке барудың себептері мен оны алдын алу жұмыстарын қалай жүргізуге болатындығы жайында баяндалған. Сонымен қатар, адамның психикасы, оған әсер ететін факторлар, криминалистикада өзін-өзі өлтірудің әр түрлі негіздері сараланған, суицидалды мінез-құлық типтері қарастырылған.

Кілт сөздер: өзін-өзі өлтіру, суицидалды мінез-құлық, суицидтің алдын алу.

Тақырыпқа кіріспес бұрын көп ойландым, іздендім. Ойлана келе тақырып Адамның іс-әрекетіне, айналасына байланысты екенін ұғындым. «Адам – бұл белсенді күш, оның әрекеттерін заңды және моралды бағалау қажет», - деп профессор В.А. Владимиров дұрыс атап өткен болатын. Сонымен қатар, кез келген адам емес, тек қана жауапқа қабілетті адамдар ғана белсенді күш болады.

«Адамның жасы мен оның белгілі бір психо-физикалық ерекшеліктерін немесе сапаларын түсінеміз». Адам туғанынан бастап қартайғанға дейінгі жасының әртүрлі кезеңдерінде өзінде өтетін физикалық және психикалық ерекшеліктерге байланысты қоршаған ортаға әртүрлі қатынаста болады.

«Психикалық әрекеттің уақытша бұзылуына белгілі уақытқа дейін созылатын және толық емделумен аяқталатын психиканың бұзылуының көптеген түрлері жатады» [3].

Сонымен қатар, сана мен еріктен басқа психикалық аурулар адам психикасының маңызды бөлшегі ретінде барлық психикалық әрекетпен тығыз байланысты. Сезім эмоциясы саласына да әсер етеді. Көптеген психикалық аурулар сияқты әлемді түсіну мүмкіндігінен айырылған. Жоғары ойлау қызметінің бұзылуы адамның барлық психикалық қызметінің қалыпты жіберілуін бұзады. Мұның нәтижесінде сезім органдары объективті шындықты дұрыс бейнелеу мүмкіндігінен айырылады. Бұл өз кезегінде барлық таным процесінің бұзылуына алып келеді. Интеллекттің бұзылуынан сыртқы дүниедегі құбылыстарды дұрыс қабылдамайтын адам өз әрекеттерін түсіну қабілетінен, сонымен қатар оларға басшылық ету мүмкіндігінен айырылады». Дәл осындай ақыл қабілетінің бұзылуы заңда «егер осы адамдар өз әрекеттеріне есеп бере алмайтын болса» деп жазылған есі дұрыс еместіктің интеллектуалдық

критерилерін көрсетеді.

Адамның психологиясын атап өткенімнің себебі: өз -өзіне қол жұмсау. Өзін-өзі өлтіру — өзін өмірден қасақана айыру (суицид). Өзін-өзі өлтірудің себептері әр түрлі. Көп жағдайда өзін-өзі өлтіруге себеп болатын нәрсе өмір жағдайының шынайы қиындылығы және өмір оңалмайды деп есептеу. Депрессивті жағдайлар «жиналып» соның салдарынан өзін-өзі өлтіру болуы мүмкін. Өзін-өзі өлтіру қарттарға, нашақорларға, жазылмайтын аурумен ауыратындарға, қылмыскерлерге тән әрекет. Балалардың өзін-өзі өлтіруі ашық қарсылық білдіру түрінде, көбінесе ата-аналарына қатысты жасалады. Криминалистикада өзін-өзі өлтіру әр түрлі негіздер бойынша сараланады. Мысалы:

1. Қорытынды өзін-өзі өлтіру (өзін-өзі өлтіретін алдында өз әрекеттеріне есеп беретін, бірақ кінәсіз қиын жағдайдағы түскен, ойлану нәтижесінде болашақтың жоқтығына көзі жеткен адамдардың өзін-өзі өлтіруі, қаржының жоқтығы, жазылмайтын ауру және т.б.);

2. Ашық қарсыласу түріндегі өзін-өзі өлтіру (бақытсыз махаббат, ажырасу т.б. себеп болатын жан күйзеліс әрекет);

3. Аяқ астынан өзін-өзі өлтіру (жаман хабар алғаннан кейін, отбасындағы не жұмыстағы ойда жоқта пайда болған қиыншылықтан кейін өзін-өзі өлтіруге аяқ астынан бел буу);

4. Психикалық ауырған кезде өзін-өзі өлтіру.

БӘДСҰ (*Бүкіл әлемдік денсаулықты сақтау ұйымы*) берген мәлімет бойынша дүние жүзінде жыл бойы 500 мың адамдар өз өмірлерін қияды. ХХІ ғасырда дүние жүзінің ғалымдарын толғандыратын мәселе ол қазіргі кезде жасөспірімдер арасында жиі кездесетін-суицид. БӘДСҰ-ның соңғы мәліметтері бойынша 15-24 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында өзін-өзі өлтіру екі есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты. Мәселен Францияда соңғы 10 жылда суицидтен өлген балалар саны үш есе артқан. Енді бұл өлімдер жол апатынан қайтыс болған адамдар санымен теңеліп отыр. АҚШ-та 15-19 жас аралығындағы өзін-өзі өлтіру саны 1 жылда 5000-ға дейін көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ-та ең маңызды өлімдердің арасында суицид 10-шы орында тұр. Онда 1978 жылда 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 29000 суицид тіркелген. Бұнда соңғы 30 жылда суицид 15-19 жас аралығындағы қыздар арасында 200%, ал бозбалалар арасында 300%-ға дейін көтерілген [5].

Суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептелді.

Суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы. Өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы т.б.

Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоисттік және альтруисттік. Тағы да психопатологиялық жағдай негізінен балалармен жас өспірімдердің социализация деңгейімен қоғамда алатын орнына байланысты да болады. Психоанализдік зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген тұжырымдарға келді.

Ал ағылшын философы Джон Локк өзінің мемлекет туралы ілімін «Мемлекеттік басқару туралы екі трактат» деген еңбегінде баяндайды. Джон Локк мемлекеттің пайда болуын адамдардың табиғи құқықтарын, бостандығы мен еркіндігін, жеке меншігін берік қамтамасыз ету мақсатындағы келісім арқылы құрған саяси қауымдастығы деп біледі. Мұндай келісімді ол «кез-келген мемлекеттің бейбіт түрде орнауы халық келісімінің негізі» деп түсіндіреді. Джон Локктың бұл идеясы мемлекеттің пайда болуының келісім-шарт теориясын айғақтайды. Яғни, келісім-шарт теориясына сәйкес, мемлекет халықтың өз мақсат-мүддесін бір арнада тоғыстырып, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жүзеге асыру мақсатында өзара келісімге келу арқылы бірігуінен қалыптасады.

Мемлекет деген ұғымды Дж. Локк жалпы заңдар шығару мен адамдар арасындағы дауларды шешетін және қылмыскерлерді жазалайтын сот инстанциясын құруды бір мақсатқа біріктіру деп ұғады. Ұжымдық формалардан (отбасы, иеліктер, шаруашылық бірліктері) мемлекет саяси биліктің бар болуымен ғана ерекшеленеді. Яғни, мемлекет қоғамдық игілік мақсатында заңдар шығаруға, жеке меншік қатынастарын реттеуге және қорғауға, сонымен бірге осы заңдардың орындалуы мен мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау мақсатымен күш қолдануға құқылы.

Заңдылық режимін батыл қабылдаған Джон Локк «мемлекетте жоғары билікке кім ие болса да халық келісімі бойынша жарияланған тұрақты заңдар арқылы басқаруды» талап етті. Заңдар сол кезде «оны бәрі білген және орындағанда ғана» мемлекеттің басты және ұлы мақсатына жетуіне мүмкіндік жасайды. Оның мұндай позициясы XVIII-XIX ғасырларда буржуазиялық саяси-құқықтық ойда дамытыла бастаған «құқықтық мемлекет» идеясын алдын-ала анықтаған еді [4, 128-130]. Сонымен Джон Локк «құқықтық мемлекет» тұжырымдамасын жан-жақты қарастырған ойшылардың бірі. Яғни, жоғарыда атап өткен мемлекеттің саяси билігінің болуы, заңдар шығару және қабылданған заңды халықтың бұлжытпай орындауы, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, демократиялық қоғамда қалыптасатын нарықтық экономиканың бір белгісі – жеке меншік қатынастарын заң аясында реттеу – құқықтық мемлекеттің белгілері болып табылады.

Табиғи құқық мектебінің алғашқы, ірі өкілдерінің бірі голландық ғалым Гуго Гроцийдің мемлекет және құқық туралы көзқарастары баяндалған еңбегі – Францияда эмиграцияда жүріп, 1625 жылы жазған «Соғыс және бейбітшілік құқы туралы. Үш кітап» атты шығармасы. Гуго Гроций мемлекеттің пайда болуы мәселесін теологиялық (діни) теорияға қарсы келісім-

шарттық теорияға сүйеніп түсіндірген. Г.Гроций: «Бастапқыда адамдар мемлекетке Құдайдың бұйырыуымен біріккен жоқ, жекелеген, бытыраңқы отбасыларының іс жүзінде озбырлыққа қарсы әлсіздігіне көздері жеткен соң, ерікті түрде бірікті: азаматтық билік бастауын (шығу тегін) содан алады», - деп жазды.

Г. Гроций бойынша, мемлекет – «еркін адамдардың құқықтарды сақтау және ортақ пайда үшін біріккен одағы». Мемлекеттің басты міндетін ол жеке меншіктің қорғалуынан және құқықтық тәртіптің орнауынан көрді.

Жоғарғы мемлекеттік биліктің белгілері, Г. Гроцийдің пікірінше, егемен билікке Жан Боден берген құқықтарға өте ұқсас:

- Заңдар шығару (әлбетте, зайырлы да, діни де);
- Сот әділдігі;
- Лауазымды адамдарды тағайындау;
- Салықтар;
- Соғыс және бейбітшілік мәселелері;
- Халықаралық келісім-шарттар жасасу [5, 118-119].

Көріп отырғанымыздай, Г. Гроций мемлекеттің ең басты міндеттерінің қатарына жеке меншіктің қорғалуы және құқықтық тәртіптің орнауын жатқызады. Құқықтық тәртіп орнаған және соның негізінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары басты құндылық ретінде алынған жерде демократиялық билік мен құқықтық мемлекет қалыптасатындығы белгілі.

Классикалық неміс философиясының көшбастаушысы және құқықтың қазіргі теориясындағы іргелі бағыттың бірінің негізін қалаушы – Иммануил Канттың саяси теорияның қалыптасуындағы үлесі оның құқықтық мемлекет туралы қазіргі ілімдердің негізгі идеялары мен принциптерін орнықтыруымен сипатталады. «Адамгершілік метафизикасындағы» дефиницияға (анықтамаға) сәйкес мемлекет – құқықтық заңдарға бағынған адамдар көпшілігінің бірігуі. Мемлекеттің маңызды белгісі ретінде заңның үстемдігі аталады. Канттың пікірінше, тұрақты құқықтық тәртіптің кепілі болатын мемлекет, қоғамдық шарт және халық егеменділігі бастауларына негізделіп құрылуы тиіс [4, 167-168]. И. Канттың ойынша, құқықтық мемлекет дегеніміз – әлеуметтік, моральдық және құқықтық қатынастағы шынайы бостандыққа және ортақ мүддеге бағытталған құқықтық заңдары бар республика. Кант заң шығарушының да жеке азамат сияқты заңға бағыныштылығын жақтады. Канттың құқықтық мемлекет идеясы көптеген ұлы ойшылдардың тарапынан қолдауға ие болып, талқыланған болатын [6, 64-64]. И. Канттың да құқықтық мемлекет туралы көзқарасы жоғарыда атаған ойшыл-ғалымдардың пікірімен ұқсас келеді. Яғни, Канттың да құқықтық мемлекет туралы идеологиясының астарында заң үстемдігі, халық егемендігі, бұл дегеніміз адам құқықтары мен бостандықтарының заң аясында қорғалуы, сондай-ақ, қоғамдық келісім, құқықтық тәртіп жатыр. Аталған белгілер құқықтық мемлекет сипатына тән. Шын мәнінде де, заң үстемдік құрмаған және азаматтардың құқықтары мен бостандықтары әділетті түрде қорғалмайтын мемлекетті құқықтық деп атауға келмейді. Сол себептен, дүниежүзіндегі әрбір мемлекеттер азаматтардың құқықтарын қорғау және заңның үстемдік құруын қамтамасыз ету мақсатында өз Ата Заңдары – Конституцияны қабылдайды. Қазақстан да тәуелсіз, егемен мемлекет ретінде 1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш Конституциясын қабылдады. Ал 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдум нәтижесінде еліміздің қазіргі қолданыстағы жаңа Конституциясы қабылданды. Конституция – бұл еліміздің мемлекеттік құрылысын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нақты белгілеген басты құжат. Конституция – заңдарды жетілдіріп, дамытудың негізгі іргетасы болып саналады әрі құқықтық мемлекет екендігімізді айғақтайтын төлқұжат іспеттес [7, 159].

Сонымен, құқықтық мемлекет – заң үстемдігі, барлық азаматтардың заң алдында теңдігі, биліктің бөлінуі, соттардың тәуелсіздігі ұстанымдарына негізделген құқық жүйесі қалыптасқан мемлекет. Құқықтық мемлекеттің ең басты және айқын белгісі – заң бәрінен де жоғары тұрып, қоғамдық өмірде үстемдік етеді. Құқықтық мемлекет – ең алдымен, құқықтық мемлекет идеялары іске асқан конституциялық мемлекет. Конституциялық құрылымның

негізгі қағидаттары, қоғам дамуының маңызды бағыттары, оның басты идеялары конституциялық деңгейде бекітіледі. Конституция – құқықтық жүйенің орталығы болып табылады. Соның негізінде құқықтық мемлекеттегі заңдылық тетіктері қалыптасады [8, 65-66].

Жоғарыда құқықтық мемлекет ұғымының мәні мен мазмұны баяндалған еуропалық ғалымдардың еңбектері жайында қарастырып өттік. Әр атап өткен ойшыл-ғалымдардың еңбектерінде «құқықтық мемлекет» концепциясы әртүрлі бағытта талданады. Дегенмен де, барлығына ортақ нәрсе – аталмыш еңбектерде құқықтық мемлекет қалыптастыруда бірінші кезекте, құқықтық тәртіп орнауы қажет екендігі, ал екінші кезекте, адамдардың құқықтары мен бостандықтары басты нысанаға алынуы керектігі, содан кейін, үшінші кезекте, құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыратын және оған кепілдік беретін арнайы заңның, яғни, Конституцияның болуының міндеттілігі айтылады. Ал ең бастысы, құқықтық мемлекет орнату үшін заң үстемдігі жоғары болуы шарт. Ендігі кезекте, құқықтық мемлекеттің басты белгілерінің бірі болып табылатын азаматтық қоғам туралы қарастырып өтейік.

Азаматтық қоғам дегеніміз – қоғам мүшелері нақты бір мақсаттарға жету жолында мемлекеттен дербес бірлестіктер мен ұйымдарға бірігіп әрекет ете алатын, қоғам үшін маңызы бар мәселелерде топтаса отырып, мемлекеттегі биліктің саясатына ықпал ете алатын қоғам. Азаматтық қоғамның басты ерекшелігі оның билікке ықпал етіп, нақты мәселелерде билікті өз пікірімен санастыруға қабілетті болуында. Мемлекеттің сипатына байланыссыз, азаматтық қоғамның негізі болып табылатын бірнеше негізгі идея бар, олар: 1) экономикалық бостандық, меншік нысанының әртүрлілігі, нарықтық қатынастар; 2) адам мен азаматтың табиғи құқықтарын тану және қорғау; 3) биліктің заңдылығы және демократиялық сипатта болуы; 4) заң мен соттың алдында барлығының теңдігі; 5) билік бөлінісі қағидасына сай құрылған құқықтық мемлекеттің болуы; 6) саяси және идеологиялық плюрализм, заңды оппозицияның болуы; 7) сөз және баспа бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі; 8) мемлекеттің адамдардың жеке өміріне араласпауы және жеке тұлға мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі; 9) ұлтаралық татулық; 10) адамдардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ететін тиімді әлеуметтік саясат жүргізу [6, 62-63]. Азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің негізі болып табылады. Азаматтық қоғам болмаса, құқықтық мемлекет те болмайды. «Азаматтық қоғам» ұғымын өткен замандардың ұлы ойшылдары Аристотель, Цицерон, Г. Гроций, Т. Гоббс, Дж. Локк, Георг В. Ф. Гегель, К. Маркс және т.б. тұжырымдаған болатын [1, 78]. Аталған ойшыл-ғалымдардың қатарында белгілі неміс философы Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің 1821 жылы жазған «Құқық философиясы» атты еңбегінде азаматтық қоғам туралы қарастырылады. Буржуазиялық азаматтық қоғамды қарастыра отырып, философ экономика саласына айтарлықтай көңіл аударады. Бұл философиялық шығармада экономикалық мәселелер қарастырылған алғашқы жағдай еді. Гегель азаматтық қоғамды қажеттіліктер мен ақыл-ой өмірге әкелген Мемлекет ретінде анықтайды: «Өзінің тіршілік етуіне себеп болған жалпыға ортақ эгоистік мақсат жан-жақты тәуелділік жүйесін негіздейді, сондықтан өмір сүру тәсілі мен бірлестік игілігі және оның құқықтық нақты болмысы игілік пен құқық сынды тіршілік ету тәсілдерімен сабақтасқан, соған негізделген, тек осыған байланысты ғана ол шынайы және қамтамасыз етілген». Бұл анықтамада Гегель саналы түрде классикалық философия постулаттарынан бас тартады. Азаматтық қоғам үш нәрсені қамтиды:

- Қажеттіліктер жүйесін. Қажеттілік жанамаланады және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам еңбек етеді, сол еңбегінің арқасында өзгенің де қажеттіліктерін өтейді;

- Жеке мүлікті заңмен қорғау;

- Осы жүйедегі түрлі кездейсоқтықтарды болдырмау қамы және жалпыға ортақ ерекше мүддеге деген басты назарды полиция мен корпорациялар көмегімен жүзеге асыру [9, 184-185].

Қорытынды

Сонымен, азаматтық қоғам – бұл құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі тетігі. Азаматтық қоғамда демократиялық қағидаттар жүзеге асырылады. Атап айтар болсақ,

адамдардың құқықтары мен бостандықтары заң аясында қорғалады, әр азамат өз пікірін еркін түрде білдіре алады, азаматтар заң нормаларына сай қызмет жасайтын әртүрлі қоғамдық бірлестіктерге, ұйымдарға мүше бола алады немесе құра алады. Сондай-ақ, азаматтық қоғамда билік пен бұқара арасында өзара байланыс орнайды. Бұл аталғандар құқықтық мемлекеттің сипатты белгілері болып саналады. Сонда құқықтық мемлекет құру үшін мемлекетте ең алдымен азаматтық қоғам институты қалыптасуы шарт.

Осы арада бір айта кететін жайт, елімізде «құқықтық мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мен азаматтық қоғамды қалыптастыру процесі жүйелі түрде жүргізілуде. Оған дәлел ретінде, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылдың 20 мамырында жариялаған «бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам – Ұлт жоспары» бағдарламасын айтуға болады. Ел экономикасын дамытып, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қатысты реформаларды жүзеге асырудың жолдарын белгілеген Ұлт жоспарының 16-шы қадамынан 34-ші қадамына дейінгі аралық тұтасымен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Негізгі бағыттары: 5 сатылы сот жүйесінен 3 сатылы сот жүйесіне көшу, жаңа сот жүйесіндегі судья лауазымына қойылатын талаптар, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу, алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейту және т.б [10, 2]. Аталған реформалар мемлекеттің құқықтық жүйесін дамытуға тікелей ықпал етері анық. Қазіргі таңда бұл реформалар тиімді түрде жүзеге асырылып келе жатыр. Жоғарыда айтып өткен ойшылдардың көзқарастарына сай, мемлекеттің алдында тұратын міндеттердің бірі – ол құқықтық тәртіпті нығайту. Яғни, бұл дегеніміз, мемлекеттің дамуы және адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы заңның үстемдік құруымен тығыз байланысты.

Сондай-ақ, Елбасы 2018 жылдың 10 қаңтарында жариялаған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауына қатысты Мәлімдемесінде: «Заң үстемдігі мен жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып қала береді»-деп айтқан болатын [11].

Тағы бір айта кететіні, елімізде азаматтық қоғам институтын қалыптастыру және дамытуға байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегінде жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет. Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді»-деп нақты айтқан болатын [12]. Аталған қоғамдық кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ұлттық кеңес қызметінің негізгі мақсаты жұртшылықтың, саяси партиялардың, азаматтық қоғамның өкілдерімен кеңінен талқылау негізінде мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар тұжырымдау болып табылады [13]. Яғни, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – билік пен халық арасында өзара байланысты қамтамасыз етуші, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мақсат-мүдделерін өзінің басты бағыты ретінде белгілеген, демократиялық принциптерге сай құрылған және бастысы азаматтық қоғамды қалыптастырып, құқықтық мемлекет тұжырымдамасын іске асыруға мүмкіндік беретін орган болып саналады. Аталған кеңестің құрылуы елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам туралы теориялық көзқарастар өз бастауын ерте замандардан алады. Сол кездегі ұлы ойшылдар Аристотель, Платон, Сократ, Цицерон және т.б. еңбектерінде құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам философиялық көзқарас

тұрғысында қарастырылады. Ал кейінгі орта ғасырлардағы еуропалық ғалымдар нақтылы тәжірибеге сүйене отырып, өз ой-пікірлерін білдірген. Қазіргі таңда «құқықтық мемлекет» концепциясы мен азаматтық қоғам институтын дамыту және жүзеге асыру әлемдегі көптеген мемлекеттердің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Оның қатарында Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан, тәуелсіздік даму жолының ширек ғасырлық белесін бағындырған, әлем мойындаған ірі мемлекеттермен көршілес қоныс тепкен, көпұлтты Қазақстанда да азаматтардың құқықтары мен бостандықтары басты құндылық ретінде санала отырып, азаматтық қоғам қалыптастыруға және сол арқылы құқықтық мемлекет тұжырымдамасын іске асыруға байланысты бірқатар реформалар жүргізілуде. Ол жайында жоғарыда айтып өттік. Жалпы алғанда, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет – елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамытуға мүмкіндік беретін негізгі қозғаушы күш болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Кітаптар:

1. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: *Оқулық*. – Астана: Фолиант, 2007. – 336 б.

Заңнамалық материал және интернет-ресурс:

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz>.

Кітаптар:

3. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 256 б.

4. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқу құралы. Алматы, Заң әдебиеті. – 2007 ж. – 340 бет.

5. С.В. Алимов. Құқықтық және саяси ілімдер тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Бастау» баспасы. - 2011. – 288 бет.

6. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 176 бет.

Мақалалар:

7. «Рухани жаңғыру аясында азаматтардың құқықтық санасын арттырудағы ҚР Конституциясының рөлі мен маңызы» Уразымбетов Т.Е., Дарибаев Ғ.С. // «Жансүгіров тағылымы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2018. 169 б.

8. «Құқықтық мемлекет қазіргі жағдайда тұлға мен қоғамның қауіпсіздік кепілінің негізі» Бейсенова С.Н., Телеуев Г.Б. // «Қоғамдық сананы жаңғырту аясында құқық пен мемлекеттің: теориялық және тәжірибелік мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2019. 314 б.

Кітап:

9. Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 360 бет.

Газет басылымдары:

10. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылдың 20 мамырында жариялаған «бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам – Ұлт жоспары» атты бағдарламасы // «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газеті №92 (28570) 20 мамыр сәрсенбі 2015 жыл.

11. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына қатысты Мәлімдемесі // «Ана тілі» ұлт газеті №2 (1416) 11-17 қаңтар 2018 жыл.

12. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегінде жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Жетісу университеті» Алматы облыстық қоғамдық-саяси жастар газеті №9 (186) 26 қыркүйек 2019 жыл.

Интернет-ресурс:

13. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ережесін және құрамын бекіту туралы» 2019 жылғы 17 шілдедегі № 63 Жарлығы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: <http://www.akorda.kz>.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ О ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Тинистанова С.С., Дарибаев Г.С.

В данной статье анализируются труды древних и средневековых европейских мыслителей, которые изложены взгляды о правового государства и гражданского общества. Рассматриваются также реформы, проводимые в нашей стране по концепции «правового государства» и развитию института гражданского общества. Особенно, направления развития института гражданского общества и обеспечения верховенства закона ясно указано в программе Первого Президента Республики Казахстан-Лидер Нации Н.А. Назарбаева, который опубликовано в 20 мая 2015 года «Национальный план – 100 конкретных шагов по осуществлению пяти институциональных реформ» и в обращении Президента Республики Казахстан К.К. Токаева к народу Казахстана «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» опубликованном 2 сентября 2019 года.

Ключевые слова: правовое государство, гражданское общество, теоретический взгляд, мыслители, государство, Конституция, концепция.

THEORETICAL VIEWS OF THE LEGAL STATE AND CIVIL SOCIETY

Tinistanova S., Daribayev G.

This article analyzes the works of ancient and medieval European thinkers, which outlines the views on the legal state and civil society. Also considered are the reforms carried out in our country on the concept of a «legal state» and the development of civil society. Especially, the directions of development of the civil society institution and ensuring the rule of law are clearly indicated in the program of the First President of the Republic of Kazakhstan, the Leader of the Nation N. Nazarbayev, which was published on May 20, 2015, «The National Plan - 100 Concrete Steps for Implementing Five Institutional Reforms» and in the appeal of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokaev to the people of Kazakhstan «Constructive public dialogue - the basis of stability and prosperity of Kazakhstan» published on September 2, 2019.

Key words: legal state, civil society, theoretical view, thinkers, state, Constitution, concept.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 19.02.2020ж.

ЭКОНОМИКА



ECONOMICS

ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА КАК ОСНОВНАЯ ФОРМА МОТИВАЦИИ ТРУДА РАБОТНИКА В УСЛОВИЯХ РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ

Илимжанова З.А., Сайлауханова Н.О.

В статье рассмотрен вопрос о заработной плате, которая привлекает пристальное внимание ученых и практиков, юристов и экономистов, социологов и бизнесменов, различных государственных органов. Вместе с тем, определенный практический интерес имеют вопросы совершенствования организации оплаты труда на предприятии.

Ключевые слова: заработная плата, формы оплаты труда, совершенствование

Заработная плата представляет собой один из основных факторов, который характеризует социально-экономический уровень каждой страны, коллектива, человека.

В связи с этим Президент Республики Казахстан в своем Послании народу Казахстана “Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев” одной из первоочередных задач обозначил “обеспечение полной и своевременной выплаты пенсий, пособий и заработной платы...”.

Заработная плата стала одной из составляющих кризисных явлений в экономике республики. Вместе с тем изменения в системе оплаты труда пока не обеспечивают должного уровня воспроизводства рабочей силы и стимулирования трудовых отношений.

Заработная плата сегодня выражает цену рабочей силы, проявляющуюся как вознаграждение работников за труд и его конечные результаты. Вопросы заработной платы занимают важное место в повседневных заботах трудящихся, работодателей и государственных властей, а также в их отношениях между собой. В то время как все три стороны заинтересованы в повышении общих объемов производства товаров и предоставления услуг, следовательно, - заработной платы, прибыли и доходов, то их распределение, напротив, приводит к столкновению интересов.

На величину и динамику заработной платы особое влияние оказывает предложение труда, что связано со спецификой этого рынка: продажа рабочей силы является единственным источником существования ее владельца. Отсюда особо острая конкурентная борьба между продавцами этого товара. Предложение труда определяется такими показателями, как общая численность населения, продолжительность рабочего времени, качество труда. Наиболее существенное воздействие на предложение труда оказывает продолжительность рабочего времени: оно может увеличиться, если повысится интенсивность труда, и сверхурочное рабочее время - тогда предложение труда вырастет, хотя занятость не увеличится. При данном уровне спроса на труд, рост его предложения действует в сторону снижения заработной платы.

По поручению президента Казахстана Касым-Жомарт Токаева поручено перенести на 1 июня повышение зарплат работникам бюджетной сферы. Об этом глава государства написал на своей странице в Twitter 22 марта 2019 года.

«Поручил правительству перенести повышение зарплаты низкооплачиваемым работникам бюджетной сферы с 1 июля на 1 июня 2019 года. Данное решение напрямую повлияет на жизнь более одного миллиона гражданских и государственных служащих», – говорится в сообщении. Напомним, 27 февраля на XVIII съезде партии «Нур Отан» в Астане Нурсултан Назарбаев объявил о повышении зарплат на 30% низкооплачиваемым работникам бюджетной сферы, в среднем на 25% работникам исполнительных органов, которые непосредственно работают с гражданами на районном, областном уровне, в селах. По его словам, здесь получилась серьезная диспропорция – от центра до регионов. На эти цели в 2019-2021 годы дополнительно будет выделено 980 млрд тенге. Отметим, с 1 июля повысят зарплату сотрудникам Министерства внутренних дел. На 55% будут увеличены зарплаты оперативно-

следственным подразделениям и на 25% остальным категориям.

Хочу отметить, что уже с 1 июля этого года заработная плата низкооплачиваемых работников бюджетной сферы повысится до 30 процентов. Это одна из мер по повышению уровня благосостояния казахстанских семей. Они напрямую затронут более 1 миллиона госслужащих, занятых в сфере здравоохранения, образования, социальной защиты и других. К примеру, средняя зарплата рабочих с первого по восьмой разряд ранее составляла до 53 тысяч тенге. Теперь этот доход увеличится почти до 69 тысяч тенге. В области здравоохранения планируется увеличение заработной платы у таких категорий, как: врачи общей практики, терапевты, педиатры, акушер – гинекологи, психиатры и другие. В сфере образования: воспитатели дошкольных организаций, помощники воспитателей дошкольных организаций, методисты, социальные педагоги детских садов и колледжей, библиотекари и другие. Прочие сферы и технический персонал: социальные работники, бухгалтеры, экологи, инженеры, дворники и другие.

По данным наших статистических агентств средняя заработная плата казахстанцев в IV квартале 2019 года составила 203 883 тенге. Это – абсолютный рекорд. За год средний размер увеличился сразу на 15,8%. При этом реальный рост зарплат составил 9,9%. А это значит, что казахстанцы могут позволить себе значительно больше, чем еще в октябре-декабре 2018-го. Если говорить в абсолютных цифрах, то средняя зарплата за год в республике выросла на 27 833 тенге. Конечно, рост по сферам деятельности распределен неравномерно. Представляем вашему вниманию 10 направлений с наибольшим ростом оплаты труда. Важно: сравнивались показатели IV квартала 2018 года с IV кварталом 2019-го. Примечательно: почти все направления, оказавшиеся в топ-10, относятся к сфере услуг.

А заработные платы в Казахстане могут расти и такими темпами: На 82,5 тыс. тенге – в 2017 году. На 256,8 тыс. – в 2018-м. На 179,8 тыс. тенге – в 2019-м. За три года – более чем на 519 тыс. То есть в среднем каждый месяц – более чем на 14,4 тыс. тенге. Выходя на работу сегодня, вы зарабатываете на 474 тенге больше, чем вчера. И так каждый день на протяжении трех лет без выходных и праздников. Вот так выглядит динамика заработных плат у работников, осуществляющих вспомогательную деятельность по предоставлению финансовых услуг и страхования. Кто это? Брокеры, инвестиционные консультанты, страховые агенты, оценщики страховых рисков. Сюда же (согласно общему классификатору видов экономической деятельности) относятся и работники, осуществляющие «деятельность по управлению активами Национального фонда, золотовалютными активами Национального банка, пенсионными активами». То есть те, кто управляет действительно большими деньгами. И зарплаты у них немаленькие – 716,3 тыс. тенге, то есть в 3,5 раза больше среднереспубликанской. И, судя по динамике, это далеко не предел.

Такого быстрого роста заработных плат в Казахстане еще не было: В период с 2008 по 2014 год в среднем оплата труда росла со скоростью 12,5 тыс. тенге в год. Пик тогда пришелся на 2011 год, в течение которого показатели выросли с 97,3 до 119,1 тыс тенге. В 2015 году зарплаты упали на 18,5 тыс. тенге. Спустя год – вернулись к уровню 2014-го. За 2017-2018 гг. суммарный рост составил 21,4 тыс. тенге. То есть за один 2019 год рост средней зарплаты оказался на 30% больше, чем за предыдущие два года, вместе взятые.

Но в этом есть большой толк только тогда, когда зарплата растет быстрее цен. По официальным данным, инфляция по итогам 2019 года составила 5,4%. То есть рост зарплат обогнал ее почти втрое. Вообще, это уже становится приятной традицией: реальная зарплата казахстанцев увеличивается уже восемь кварталов подряд (к соответствующему периоду предыдущего года). Более продолжительный период реального роста доходов населения был лишь однажды: с марта 2010 года по январь 2013 года включительно. Тогда рост зарплат опережал инфляцию на протяжении 35 месяцев подряд (или почти 12 кварталов). Тут стоит отметить, что нынешнему периоду роста предшествовал даже более продолжительный период падения реальных зарплат. Оно отмечалось на протяжении 10 из 11 кварталов, начиная со II квартала 2015 года и заканчивая октябрем-декабром 2017-го. Общее снижение реальной

оплаты труда за это время составило около 22%

Работники разных профессий по-разному ощущают рост. В 2019 году благодаря мерам государственной поддержки больше всего выросла оплата труда бюджетников. Средние заработные платы в образовании выросли на 29,8%, в здравоохранении – на 22,9%, в госуправлении – на 21,8%. Кроме того, на 17,8% выросли доходы работников сферы искусства, развлечения и отдыха. А вот во всех остальных сферах заработные платы растут медленнее среднереспубликанского темпа. У персонала, осуществляющего услуги по проживанию и питанию, за год зарплаты выросли на 7,3%, в информации и связи – на 6,2%. Меньше всего в этом плане повезло работникам, предоставляющим прочие (то есть не относящиеся к основным видам деятельности) виды услуг. Тут оплата труда за год увеличилась всего на 4,3% – это даже меньше уровня инфляции. Таким образом, местные работники стали единственными, чьи реальные доходы в прошедшем году упали.

В октябре-декабре 2019 года представители сразу девяти сфер деятельности зарабатывали в среднем в месяц более полумиллиона тенге. Больше всего – работники морского и прибрежного транспорта. Тут зарплаты хоть и упали на 14,1% по сравнению с IV кварталом 2018-го, все равно находятся на высоком уровне – 842,5 тыс. тенге. С отставанием более, чем в 125 тыс тенге на втором месте расположились работники, осуществляющие вспомогательную деятельность по предоставлению финансовых услуг и страхования. Впрочем, разрыв в скором времени может быть сокращен. Средняя зарплата у последних, начиная с 2017 года, растет в среднем на 14,4 тыс. тенге каждый месяц. О том, кто к ним относится, можно узнать тут. Если смотреть в разрезе видов экономической деятельности (а не отдельных профессий и сфер деятельности), то наиболее высокие заработные платы в Казахстане в горнодобывающем секторе. В IV кв. 2019 года среднемесячный размер оплаты труда тут составлял 428,3 тыс. тенге. На втором месте с небольшим отставанием идет финансовый и страховой сектора – 402,5 тыс. На третьем месте – профессиональная, научная и техническая деятельность – 373400000 тенге.

Заработные платы в горнодобывающей промышленности в 3,4 раза выше, чем в сельском, лесном и рыбном хозяйстве. Тут средний размер оплаты труда по итогам октября-декабря 2019-го составил менее 127,3 тыс. тенге – это минимум среди всех видов экономической деятельности. На втором месте в этом антирейтинге находится такое направление, как водоснабжение, канализация и контроль за вывозом и распределением отходов – 132,7 тыс. тенге. На третьем – образование со средним размером оплаты труда менее 140,2 тыс. тенге. То есть даже с учетом почти 30% роста зарплат учителя остаются одними из самых низкооплачиваемых работников. Более того, если сравнивать оплату труда по сферам деятельности, то абсолютно худший показатель у работников дошкольного образования. В IV кв. 2019 года они получали в среднем чуть более 83 тыс. тенге, то есть в 2,5 раза меньше среднереспубликанской зарплаты! Вообще, чем младше ученики, тем ниже зарплаты. В начальных школах средний размер составляет 120,8 тыс. тенге, для работников средних и старших классов – 150,2 тыс., а в высших учебных заведениях оплата труда составляет 199,4 тыс. тенге, лишь немного недотягивая до среднереспубликанского показателя.

То есть, неравномерность в росте зарплат заметна не только при сравнении разных профессий, но и при сравнении регионов. Сразу в семи из них средний размер оплаты труда вырос за год как минимум на 20%: В Алматинской области они выросли на 22,5%. В Западно-Казахстанской – на 24,8%. В Жамбылской – на 22%. В Кызылординской – на 20,5%. В Северо-Казахстанской – на 21,2%. В Шымкенте – на 24,2%. Ну а лидером по росту стала Туркестанская область – 25,9%. Тройка регионов с наименьшим темпом роста выглядит так: Атырауская (+7,7%) и Мангистауская (+10,9%) области.

Хочу отметить, что во всех регионах с резким скачком заработная плата все равно осталась на уровне ниже среднереспубликанского. Зато среднестатистические работники в регионах с наименьшим ростом получают значительно больше среднестатистического жителя Казахстана. Самые высокие заработные платы традиционно в Атырауской области. В октябре-

декабре 2019-го в среднем оплата труда тут составляла 345,2 тыс. тенге в месяц. Второе место с трудом, но все-таки удерживает Мангистауская область – 309,1 тыс. тенге, что менее чем 1 тыс. больше, чем в Нур-Султане. К слову, разница в оплате труда между столицей и Алматы становится все больше: если в октябре-декабре 2018-го она составляла 46,5 тыс. тенге, то год спустя уже 59,5 тыс. Самые низкие заработные платы – в южных регионах. В Туркестанской области средний размер оплаты труда в IV кв. 2019 года составил 138,1 тыс. тенге, в Жамбылской – на 1,8 тыс. больше. Таким образом, разница в зарплате между самым богатым и самым бедным регионом в октябре-декабре 2019-го составила 2,5 раза. И это хороший результат: с начала 2010 года меньший показатель отмечался лишь пять раз. В последний раз – во II квартале 2017-го (2,46). В IV квартале 2018-го разница между регионами была на уровне 2,92 раза.

Выросли зарплаты казахстанцев и по международным меркам. В IV кв. 2019 года средняя оплата труда составила 529,6 доллара (при пересчете по среднему курсу за период). Годом ранее показатель был на уровне 476 долларов. Вообще, нынешний уровень – максимальный с III кв. 2015 года, то есть с момента перехода к плавающему курсу тенге. Но есть и плохие новости. За последние 10 лет (с декабря 2009 года) средний размер оплаты труда в тенге в республике увеличился в 2,5 раза – с 82,8 тыс. до 203,9 тыс. тенге. Но если считать в долларах, то зарплаты населения стали меньше на 5,4% – с 556,7 до 530. Это не особо хорошо для населения – отпуск за рубежом и покупки на иностранных сайтах не становятся доступнее.

Таким образом, масштабы различий в размерах заработной платы определяет рыночный механизм, соотношение между спросом и предложением на определенные виды труда.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

Законодательные материалы:

1. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 1995 год.
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан. Алматы, 1998 год.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана "Стратегия – 2030". \\\ Казахстанская правда от 28 ноября 1997 года.
4. Закон РК "О коллективных договорах". \\\ Вопросы труда, 1997, №4.
5. Закон РК "О труде в РК" от 10.12. 99г. \\\ Казахстанская правда от 24 декабря 1999 года.
6. Закон РК "О внесении изменений в некоторые законодательные акты РК по вопросам оплаты труда". \\\ Казахстанская правда, от 13 марта 1997г.
7. Закон РК "О внесении изменений в некоторые законодательные акты РК по вопросам социального обеспечения". \\\ Информбюллетень Министерства финансов РК, 2004, №1.
8. Программа действий Правительства Республики Казахстан на 2000- 2010 годы. Приложение № 3 к Указу Президента РК от 28 января 2000 года № 3834.
9. Закон Республики Казахстан "О Республиканском бюджете на 2007 год". \\\ Казахстанская правда, 12 декабря 2006 год.
10. Закон Республики Казахстан "Трудовой Кодекс Р.К.", Астана, 2004
11. Закон Республики Казахстан "Об обязательном социальном страховании". \\\ Казахстанская правда от 30 декабря 2004 года.
12. Послание Президента Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года "Новый Казахстан в новом мире". \\\ Казахстанская правда от 20 февраля 2007 года.
13. Постановление Госкомстата Республики Казахстан № 232 от 02 ноября 2003 года "О статистике численности и заработной плате работающих по найму". \\\ Информационный бюллетень Минфина № 5, 2003 года.
14. <https://inbusiness.kz/ru/news/u-kogo-v-kazahstane-bystree-vsego-rastut-zarplaty>
15. <https://24.kz/ru/news/social/item/301186-zarplaty-vyrastut-u-nizkooplachivaemykh-rabotnikov-byudzhethnoj-sfery>

НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ ЕҢБЕК АҚЫ

Илимжанова З.А., Сайлауханова Н.О.

Мақалада ғалымдар мен практиктердің, заңгерлер мен экономистердің, әлеуметтанушылар мен бизнесмендердің, түрлі мемлекеттік органдардың назарын аударатын жалақы туралы мәселе қаралды. Сонымен қатар, кәсіпорында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру мәселелері белгілі бір практикалық қызығушылыққа ие.

Кілт сөздер: жалақы, еңбекке ақы төлеу нысандарын жетілдіру.

WAGES AS THE MAIN FORM OF EMPLOYEE MOTIVATION IN A MARKET ECONOMY WAGES AS THE MAIN FORM OF EMPLOYEE MOTIVATION IN A MARKET ECONOMY

Ilimzhanova Z., Sailaukhanova N.

The article deals with the issue of wages, which attracts the attention of scientists and practitioners, lawyers and economists, sociologists and businessmen, various government agencies. At the same time, certain practical interest have questions of improvement of the organization of compensation at the enterprise.

Key words: wages, forms of remuneration, improvement.

Материал поступил в редакцию: 24.02.2020г.

ӘОЖ 657

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Кереева А.Р., Гаджиев Ф.А.

Бұл мақалада халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Қазіргі жағдайда бухгалтерлік есеп пен есептілік елдегі экономикалық ахуалдың өзгерістерімен тығыз байланысты көрсетеді және бухгалтерлік есеп пен есептілікті дайындаудың жаңа жүйесіне көшу перспективалары қарастырылады.

Кілт сөздер: субъект, актив, есептілік, халықаралық қаржылық есеп стандарттары.

Біздің елімізде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру проблемалары өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында неғұрлым белсенді талқылана бастады. Нарықтық экономиканы құру бухгалтерлік есеп әдіснамасында елеулі өзгерістерді талап етті. Осылайша, бухгалтерлік есепке қатысты мемлекет барлық кәсіпорындарға нарықта тең жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оны жүргізудің жалпы тәртібін ғана белгілей бастады. Бухгалтерлік есептің нақты шарттарына байланысты мәселелер тікелей ұйымдарға берілді. Нәтижесінде қарама-қайшы жағдай қалыптасты. Бір жағынан, ұйымдар өз қызметі туралы жоғары сапалы ақпаратты ашуға мүдделі, екінші жағынан, коммерциялық кәсіпорындардың көпшілігі бухгалтерлік есеп объектілері туралы құжатталған жүйеленген

ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндігі жоқ. Бұл тарихи тұрғыдан алғанда ресурстарды үнемдеу мәселелері басым деп саналмауымен түсіндіріледі.

Халықаралық тәжірибе экономиканың нақты субъектілерінің ақпараттық қажеттіліктеріне сүйене отырып, мемлекеттің бухгалтерлік есепті реттеуді тиімді жүзеге асыра алмайтынын көрсетеді, сондықтан көптеген елдерде бухгалтерлік есепті екі деңгейлі реттеу қолданылады: бірінші деңгейде – бухгалтерлік есеп жөніндегі заңнаманың ережелері, екінші деңгейде-есептік стандарттар мен құжаттар нақты шаруашылық жүргізуші субъектілер. Бухгалтерлік есепті реттеу мүдделі пайдаланушылардың мүддесінде жүргізіледі және олардың ең бастысы АҚШ, Англия, Голландия және т. б. сияқты елдерде инвесторлар мен кредиторлар болып табылады [1].

Әлемдік жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету қажеттілігі үлкен мәнге ие. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қазақстан экономикасы үшін өмір сүру мәселелері артта қалғанын, ал алда өркендеу мен тұрақты даму үшін ең озық әлемдік тәжірибені таңдау ғана екенін атап өтті.




Сурет 1 Бухгалтерлік есебінің негізгі факторлары

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен транспаренттілігінің басты атрибуттарының бірі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі болып табылады. Бұл ХҚЕС – ке көшу (қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары) - бұл белгілі бір халықаралық қаржыгерлер таңдайтын директивтік норма, ал капиталды біріктіру, экономиканы жедел дамыту үшін негіз болатын қаржылық есептілікті жалпыға бірдей және біркелкі түсіну үшін қажетті қазіргі заманғы жүйе [2].

ХҚЕС – қазақстандық ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығының құрамдас бөлігі ретінде, соның салдарынан Қазақстанның бүкіл экономикасы, ал ХҚЕС бойынша білім мен жұмыс-қазіргі заманғы бухгалтер мен аудитордың ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы басшының имиджінің қажетті, сапалы штрих-бейнесі ретінде.

● *ХҚЕС – халықаралық қаржылық есеп стандарттары жөніндегі комитет қабылдаған стандарттар мен түсініктемелер*



Осылайша, Қазақстанның он жыл бұрын жасаған таңдауы Қазақстан сапалы даму жолын ресми түрде жариялаған кезде өзінің өміршеңдігін көрсетті. Қазақстанда қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу дамушы нарықтық экономиканың талаптарымен талап етіледі. Республика экономикасын одан әрі реформалауға, бағалы қағаздар рыногын, банк және сақтандыру ісін, инвестициялық қызметті жандандыруға бағытталған бірқатар заң актілерінің қабылдануына байланысты қазақстандық есептің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшуі туралы шешім қисынды көрінеді.

Бұл бірыңғай ақпараттық бухгалтерлік жүйені, қызметі халықаралық рыноктарда жүзеге асырылатын ұйымдар арасындағы араласудың барабар тілін талап ететін әлемдік экономиканың дамуымен байланысты.

Қазақстанның ХҚЕС-ке көшуі-бұл Қазақстан мен халықаралық қоғамдастық арасындағы өзара сенімді құру үдерісіндегі маңызды қадам. Корпоративтік ашықтықты арттыру инвестициялар инвесторлар үшін тәуекелсіз, яғни арзан болады.

Сонымен бірге ХҚЕС-ке көшуді қазақстандық есепке алу мен есептілікті реформалаудың жалғыз мақсаты ретінде қарастыруға болмайды. Шын мәнінде, реформа әлдеқайда тереңірек болуға және шаруашылық қатынастардың жаңа түріне тиімді қондырма салуға негізделуге тиіс. Нәтижесінде компаниялардың қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелері туралы пайдалы және объективті ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз ететін орта құрылуы тиіс. "Бір күнде" ХҚЕС-ке көшудің мүмкін еместігі өзара байланысты іс-шаралардың тұтас кешенін жүзеге асыру қажеттілігімен байланысты.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бухгалтерлік есептің әдіснамасын әлемдік деңгейде үйлестіру немесе келісу проблемасын шешеді. Стандарттарды қолдану жаңа тәсілді, бұрынғы есепке алу жүйесінің стереотиптерімен ауыртпалық салынбаған ұйым қызметінің операциялары мен оқиғаларын көрсетуге, тануға және ашуға жаңа көзқарасты талап етеді.

Қазіргі кездегі бухгалтерлік есепке алу ақпараттық базаны білдіреді, оның негізінде ұйым қаржылық есептілікті дайындайды. Бухгалтерлік есепте қалыптастырылатын ақпарат басқарушылық, салықтық, статистикалық есептілікті жасау үшін қолданылады, қажет болған кезде осы ақпараттың негізінде есептіліктің басқа да түрлері жасалады [3].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын, атап айтқанда, тиімді енгізу бойынша жұмысты жалғастыруда.:

- "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" заңмен Қазақстанда ХҚЕС мойындалды және ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасауға міндетті ұйымдардың тізбесі анықталды;

- Заңды іске асыруға 12 нормативтік құқықтық актілер әзірленді және бекітілді, оның ішінде қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары, шоттардың үлгі жоспары, қаржылық

есептілік нысандары, бастапқы есеп құжаттарының және бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің нысандары;


Қазіргі уақытта білікті мамандарға деген үлкен қажеттілік бар. Көп жағдайда бұл көптеген ХҚЕС қаржылық есептілікке қатысы бар оқиғаларды бағалауды болжайды, ал жоспарлы экономика және егжей-тегжейлі регламенттеу жағдайында дайындалған бухгалтерлік қызметкерлердің бухгалтерлік оқиғаларды бағалау тәжірибесі жоқ. Көптеген ХҚЕС жалпы сипатқа ие және оларда ХҚЕС енгізуді қалай жүргізуге қатысты нақты нұсқаулар жоқ, бұл белгілі бір проблемалармен байланысты.

Ең алдымен, мұндай жағдайлар келесі жағдайларға байланысты:

- бірқатар жағдайларда ХҚЕС есепке алу объектілеріне әртүрлі немесе балама тәсілдерді болжайды және кәсіби пікір қолдануды талап етеді;

- ХҚЕС активті есепке алу кезінде осы активке меншік құқығын назарға алмайды, ал осы активке байланысты тәуекелдер мен сыйақының елеулі үлесін беруге негізделеді;

- ХҚЕС IASB енгізетін жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл белгілі бір күнгі жағдай бойынша салық заңнамасын ХҚЕС-ке сәйкес келтірудің барлық әрекеттерін нивелирлеуі мүмкін.



Сурет 2 Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепті нормативтік реттеудің төрт деңгейлі жүйесі

Қазақстандағы бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дамытудағы кейбір жетістіктерге қарамастан, кемшіліктер де жоқ емес. Олар төмендегідей:

- ХҚЕС-тің кешенділігі мен әдістемелік күрделілігіне байланысты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қолданылмайтындықтан, ХҚЕС-тің осы санаттарға қолданылу қиындығынан;

- бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді реттеуге, сондай-ақ бухгалтер мен аудитор мамандықтарын дамытуға кәсіби қоғамдық бірлестіктер қатысуының жеткіліксіздігінен;

- ХҚЕС-ті қолдану жөніндегі ақпараттық-әдістемелік материалдардың (оқулықтардың, кітаптардың) жоқтығынан;

- бухгалтерлер мен аудиторлардың біраз бөлігінің кәсіби дайындығы деңгейінің төмендігінен, сондай-ақ ХҚЕС бойынша дайындалған ақпаратты пайдаланудағы дағдының жеткіліксіздігінен;

- кадрларды қайта даярлаудың ретке келтірілген жүйесінің жоқтығынан;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп берудің ХҚЕС белгілеген көптеген принциптеріне және талаптарына немқұрайды қараудан көрінетін кейбір проблемалар бар.

Сонымен қатар, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жүргізу бөлігінде ақпараттық жүйені автоматтандырудың көкейкестілігін атап өтпеуге болмайды. Бүгінгі таңда кешендік автоматтандыру жүйесі, яғни ұйым қызметінің түрлі салалары үшін бірыңғай ақпараттық жүйелері бизнестегі маңызды аспаптардың біріне айналды. Тәжірибеде көрсеткендей, ақпараттық жүйелер кең қолданылатын ХҚЕС-қа көшкен ұйымдарда оң өзгерістерге қол жеткізу әлдеқайта жеңіл. Сондықтан да ХҚЕС-ты ойдағыдай енгізу бухгалтерлер жұмыстарының жеделдігін арттыруға және уақтылы әрі тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есепке алуды жан-жақты автоматтандырусыз жүзеге асырылмайды [4].

Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дамыту елдің экономикалық жағдайындағы өзгерістермен тығыз өзара байланыста және шаруашылық тетіктің даму сипаты мен деңгейіне жауап беруі тиіс.

Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін одан әрі дамытуды ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікте қалыптастырылатын ақпараттың сапасын, ашықтығын және салыстырмалылығын арттыру мақсатында мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асыру қажет:

бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептіліктің аудитін ұйымдастырумен және жүргізумен айналысатын мамандарды даярлау және қайта даярлау;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді жүргізу тәртібін оңайлату;

халықаралық тәжірибенің негізінде бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беруді реттеу жүйесін өзгерту;

бухгалтерлік есепке алу мен аудитті дамытудың халықаралық процесіне қатысу

Бүгінгі күні болашақ бухгалтерлік есепті дамытудың аса маңызды мәселелері болып табылады:

- ЖОО-ның қаржы секторының бухгалтерлері мен жас мамандарының біліктілік деңгейін арттыру;

- ХҚЕС қолдану мәселелері бойынша жалпыға қолжетімді оқу, практикалық материалдар мен құжаттаманы ұлғайту;

- қазақстандық экономиканың ерекшелігіне және ХҚЕС реттелмеген, бірақ олар белгілеген тұжырымдамалар мен қағидаттар шеңберінде тұрған заңнамаға байланысты қаржы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың белгілі бір спектрін есепке алуға қатысты талаптарды әзірлеу;

- қаржылық есептілікті, қаржылық есептіліктің шынайылығы мен сапасын бақылау жүйелерін, "адами факторды" алып тастау.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бухгалтерский учет. Учебник / Под ред. Бабаева Ю.А., Бобошко В.И.. - М.: Юнити, 2017. - 1279 с.

2. Адаменко А.А. Проблемы и перспективы внедрения МСФО для малого и среднего бизнеса в России / Адаменко А.А., Жердева О.В., Кулинченко А.В. // Экономика и предпринимательство №12-3 (65-3), 2018.- С.906-908.

3. Агеева О. А. Международные стандарты финансовой отчетности : учебник для академического бакалавриата / О. А. Агеева, А. Л. Ребизова. — 3-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2019. — 385 с.

4. Бабаев Ю. А., Петров А. М. Международные стандарты финансовой отчетности (МСФО). М.: Вузовский учебник: ИНФРА-М, 2018. 398 с.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В КАЗАХСТАНЕ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Кереева А.Р., Гаджиев Ф.А.

В этой статье обсуждается важность применения МСФО. В нынешних условиях бухгалтерский учет и отчетность тесно связаны с изменениями в экономической ситуации в стране, и рассматриваются перспективы перехода на новую систему учета и отчетности.

Ключевые слова: *субъект, актив, отчетность, международные стандарты финансовой отчетности.*

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF ACCOUNTING IN KAZAKHSTAN IN MODERN CONDITIONS

Kereyeva A., Gadzhiev F.

This article discusses the importance of applying IFRS. In the current environment, accounting and reporting are closely linked to changes in the economic situation in the country, and prospects for switching to a new accounting and reporting system are being considered.

Key words: *subject, asset, reporting, international financial reporting standards.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.01.2020ж.

УДК 004.056;004.8

АНАЛИЗ РИСКОВ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Шин С.А.

Данная статья рассматривает актуальность анализа рисков при разработке системы управления информационной безопасностью предприятия в контексте стандартов ISO 27000. Анализ рисков позволяет организациям выявить слабые места в бизнес-процессах, определить угрозы и пути их устранения. Автором смоделирована модель анализа рисков на основе блок-схем используя активы и бизнес-процессы компании. Предложенный метод является эффективным и удобным инструментом анализа рисков информационной безопасности.

Ключевые слова: *информационная безопасность, анализ рисков, стандарт ISO 27000.*

Введение

Мұражайдың әр бөлмесі тақырыпқа сай безендірілген. Мұражайда ақын апамыздың мүсіні және халқымыздың салт-дәстүрінен хабар беретін тұрмыстық заттар мен Сара ақынның қолданған өз бұйымдары, замандастарының суреттері және де Қапал өңірі жайында сыр беретін кітаптар қойылған. Сара Тастанбекқызының өзі қолданған домбырасы, қазаны киім тігетін қол машинасы мен қайшысы бар. Одан бөлек өзінің киім-кешектері, өзге де бұйымдары, сахналық қойылымдарда Сара рөлін сомдаған әртістердің киімдерімен толтырылған. Сондай-ақ, Сара Тастанбекқызының Біржан салмен айтысы, ақынның авторлық өлеңдері экспозицияда рет-ретімен қойылған. Жалпы көлемі 115,5 шаршы метрді құрайтын екінші ғимаратта қор және қызметкерлердің бөлмелері орналасқан [7].

Фатима Ғабитова. Кез келген ұлы тұлғаның артында салиқалы жары тұратынын ескерсек, Фатима Ғабитқызының келбеті осы ойымызға дәлел болатыны сөзсіз. Қапал өңірінен үш жүзге аты мәлім Сара апамыздан кейін үш бірдей арысымыздың жары болған, Мұрат Әуезовтың анасы Фатима Ғабитқызы өмірге келген. Фатима апамыздың өмірге келген үйінде кейін мұражай болып құрылған. Қазір үйдің маңдайшасындағы сол үйде Фатима Ғабитқызының өмірге келгенін білдіретін тақтайшадағы жазудан басқа ештеңе жоқ. Қараусыз үй жылдан жылға тозып барады. [8].

Қазақтың көрнекті үш азаматы Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров пен Мұхтар Әуезовтердің зайыбы әрі серігі болған Фатима Ғабитованың мұражайын Алматы облысы Қапал ауылының тұрғыны бұрынғы сауда қызметкері, зейнеткер Ерғали Сәдуақасов 2007 жылы өз ақшасына ашқан еді. Фатима Ғабитованың мұражайы қазір жабық тұр, өйткені оны күтіп қарауға зейнеткердің қаражаты жоқ. Ол экспонат, хат, фотосуреттері мен оның өмірі жайлы өзге де құжаттарды сатып алған. Мұражайды бірнеше жыл күтіп-баптаған зейнеткер екі миллион теңгеге жуық қаржы жұмсаған[9].

Фатима Ғабитова Қапалда, көпес отбасында 1903 жылы дүниеге келген. 1968 жылы өмірден озды. Жазушы Майра Жанұзақованың «Фатима» кітабында өмір тарихы баяндалған. Фатима Ғабитова – белгілі мектеп мұғалімі. Ұстаздық қызметі жылдарында мыңдаған оқушыны тәрбиелеп шығарған, білім беру реформаларына белсене араласқан. Оның еңбегі Ұлы Отан соғысы жылдарында «халық жауының әйелі» деген атына қарамастан мемлекеттік сыйлықпен марапатталған. Фатима Ғабитова – дарынды әдебиетші. Алайда, тағдыр тәлкегімен дарынын аша алмады. Дегенмен де, ерекше өлеңдері, тамаша әңгімелері, лирикалық этюдтері, эссе, көркем аудармалары, әдеби-сын мақалалары бар. Фатима Ғабитова 17 жасында жас ағартушы Біләл Сүлеевке тұрмысқа шығады, үш балалы (Жәнібек, Фарид және Азат) болады. Біләл Сүлеев сталиндік қуғын-сүргіннің алғашқы кезінде, 1930 жылдардың басында-ақ тұтқынға алынды. Фатима Ғабитова ақын Ілияс Жансүгіровпен бас құрап, Үміт, Ильфа және Болатты дүниеге әкелді. Ілияс Жансүгіров те қуғын-сүргінге ұшырап, 1937 жылы тұтқындалып, атылды. Ілиястың қазасынан соң тағы да жалғыз қалған Фатима Ғабитоваға жазушы Мұхтар Әуезов сүйеніш болды. Фатима Мұхтардан Мұрат деген ұлды көрді. Ол Ілияс Жансүгіровтің әдеби мұрасын сақтап қалды, оның ақтап қалуға көп күш жұмсады[10].

Қапал арасаны. Қапал ауылын тек тарихи тұлғалары мен оларға арналған мұражайларымен ғана емес, киелі де көрікті жерлерге де өте бай өлке. Осындай ғажаптың бірі - 150 жылдық тарихы бар Қапал-Арасан шипажайы Қапал ауылынан 30 шақырым жердегі Арасан ауылында орналасқан. «Қапал-Арасанның» шипалы суының емдік қуаты жергілікті тұрғындарға бұрыннан-ақ белгілі болған. «Қапал-Арасан» шипажайында Шоқан Уәлиханов, Семенов – Тяньшанский сияқты атақты адамдар да ем қабылдаған. Қырық жыл елімізді басқарған, мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев «Қапал-Арасанда» талай мәрте демалып, өзі қамқорлыққа алған. «Қапал-Арасан» шипажайының ем беретін негізгі көзі – термальды бұлақтар. Бұл шипажайдан басқа тау басында арасан да бар. Бұл табиғи арасанның шипалы

суы көптеген адамдарға дауа болған. Арасан тау басында болса да, оған барып суын татып шомылып ем алғандар саны көбеюде.

Тамшыбұлақ. Қапал ауылының орталығында «Тамшыбұлақ» деген қасиетті бұлақ бар. Ауылдың дәл ортасында жар қабақтан мөлтілдеп тамшылап ағып тұрған әдемі тамшылар көзге Жаратушының тағы бір күшін көрсетіп тұрғандай болады. Тамшыбұлақтың суы адам денсаулығына өте пайдалы екендігін ғалымдар зерттеген. Жергілікті тұрғындар мен қонақтар бұлақ суын асқазан, көз, сүйек-буын ауруларына ем ретінде пайдаланып келеді. Тамшыбұлақ пен Баянжүрек туралы алғашқы деректер мен зерттеулер де Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде кездеседі. Тамшыбұлаққа да Шоқан Уәлихановпен қоса, П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.Абрамов, А.Голубев сияқты орыс ғалымдары да келіп, тамаша табиғатқа тамсанып қайтқан. Сондай-ақ, ағылшын саяхатшысы, жазушы Томас Аткинсон да өсы өлкеге жұбайы Люсимиен бірге келіп 1844 жылы Қазақстанды аралап жүріп, Қапал бекінісінде қыстап, тұрғылықты қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмысын зерттеп, табиғи жағдайына қызығушылық танытып көп көңіл бөлген. Томас Аткинсонның тұңғыш баласы Тамшыбұлақ ауылында туған еді. Томас жары Люси екеуі Қапал жерінің бай табиғатына ереше құрмет сезімімен ұлдарына Алатау - Тамшыбұлақ деген есімді береді. Алатау – Тамшыбұлақ атанған ұлдың ұрпақтары Ұлыбритания мен Америкадан арнайы 2016 жылы киелі Жетісу жеріне келіп, бабаларының жүріп өткен жолын көріп аралап қайтты. Олардан кейін Талдықорған қаласына ағылшын саяхатшы-жазушысы 82 жасар Джон Масси Стюарт келіп, «Сібір мен Қазақ даласында Аткинсондар әулетінің басынан кешкен оқиғалары» деп аталатын ағылшын тіліндегі кітабын қалың көпшілікке таныстырды. Бұл кітап Қапал өңірі туралы бай мағлұмат беретін құнды еңбек болып отыр[11].

Баянжүрек тауы. Қапал өлкесі асқар тауларымен халықты тамсандырған. Олардың ішінде «Сайынбөлек», «Баянжүрек» таулары жайында Шоқан Уәлихановтың келтірген мәліметтерімен қоса, түрлі деректер бар. Сол деректердің бірінде «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырында айтылатын қыздың әкесі Қарабай осы өлкені мекендеген, кейін қызын алып қашып, бүгінгі Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданы Таңсық деген жерге көшіп кетіпті. Екінші деректе ерте заманда Қоңтажының Баян атты сұлу қызы «Ақадыр» деген жерде жылқы жайып жүргенде қалмақтың Сайынбөлек деген батырына бір көргеннен ғашық болып қалады. Сайынбөлек туыстарымен құда түсіп келсе, Баянның әкесі қарсы болып, жігітті ұрып-соғып қуып жібереді. Шыдамаған Баян осы таудың биігінен құлап өліпті делінеді[12]. Үшінші деректің мазмұны алдыңғыға ұқсас келеді, таратып айтсақ: «Ертеде Қапал деген бай Тамшыбұлақтың төрінде өмір сүріпті. Оның, қыстауы Қопа құмында, көктеуі Бүйен өзенінің бойы мен Қаракүнгеде болса, жайлауы Жоңғар Алатауында орналасыпты. Сол Қапал байдың Баян деген жалғыз қызы болған деседі. Ат құлағында ойнап өскен Баян сұлу әкесінің жылқышысы Сайынбөлекпен жылқы жайып бірге бойжеткендіктен болар, бауыр басып қатты жақсы көріп қалады. Бірақ Баянның әкесі Қапал бай олардың қосылуына мүлдем қарсы болады. Амалсыз екі ғашық елден қашып кетеді. Мұны естіген Қапал бай олардың артынан қуғыншы жібереді. Байдың нөкерлері Сайынбөлекті өлтіріп тынады. Баян болса биік шыңнан құлап өзі де мерт болады. Сол таудың кескіні жүрекке ұқсайды екен. Содан да халық бұл жерді «Баянжүрек» деп атап кетеді. Оның арғы жағындағы тау да Сайын деп аталуы тегін емес. Жалғыз қызынан айырылған Қапал бай қатты өкініп, көзінің жасы ағып саздағы мүкке тама береді. Кейіннен сол жердің батпағы сор болып, суы арасанға айналады. Бүгінде бұл жерге «Қапал-Арасан» емдеу-сауықтыру орны салынып, халыққа шипа беруде[13]. Осы нұсқаға ұқсас тағы да деректер көп. Мысалы Ілияс Жансүгіров өзінің «Жетісу суреттері» атты өлеңінде:

Аршалы, Амантекше, Қарасырақ,
Қараүңгір, Қалмақ асу, Қаражырық.
Сауыры Салқынбел мен Сайынбөлек,
Суығы соғып тұрад аласұрып.
....Күрделі қоныс қайда Күреңбелдей,

Құр жатпас Қора мұзбен жүгенделмей,
Тегерез төңкерілген тегеш, Шажа,
Шамқой шал қабақ жаба түнергендей,
Талақтай таураған Баянжүрек,

Тұнжырап тұқырып тұр «тірі өлгендей», – деп аңыздағы кейіпкерлердің образын жер-су аттарымен салыстырып, астарлап, көркем жеткізеді[14]. Тағы мына Абрамовтың дерегіндегі "оно получило это название от урочище Копалы, на котором в древнее время имели кочевья Монгольский или Джунгарский владелец Копал",-деп жазылуынан соңғы нұсқадағы аңызбен сәйкес келетінін байқаймыз[15]. Ал төртінші деректе бұл сөз моңғолдың «баян»- бай, «зураг»- сурет деген сөзді, немесе «Суретті жазуға бай тау» дегенді білдіреді. Расында да осы жерлерде суретті жартастар, петроглифтер көп кездеседі. Олардың бірі Баянжүрек петроглифтері.

Баянжүрек петроглифтері. Баянжүрек петроглифтері де жоғарыда атап өткеніміздей, Қапал өңірінің құнды жәдігерлерінің бірі. Ол Қапал ауылынан шығысқа қарай 25 шақырым жерде, Жетісу, Алатау тау сілемдеріндегі Баянжүрек тауының шығыс бөлігінде сақталған жартастағы суреттер. Құрамы да, мазмұны да әр түрлі болып келеді. Суреттердің ішінде қола дәуіріне жататын басында жан-жаққа шашыраған шашақ 7 сәулемен безендірілген екі таңжапап бейне қызықтырады. Баянжүрек суреттерінің арасында сақ және ғұн-сармат кезеңдеріне жататын көріністер де бар. Жартастағы суреттердің басым көпшілігі, негізінен, салт атты әскерлер образында берілген ежелгі түрік дәуірін де сипаттайды[16].

Қапалдың қазіргі тыныш-тіршілігі де тек қуантады. Қапал-патшалық Ресейдің кезінде уезд, Кеңес үкіметі тұсында аудан орталығы болған, ал қазір Ескелді ауданы құрамындағы ауылдық округтердің бірі болып отыр. Тұрғындарының саны 4 мыңға жуық. Патша үкіметі мен Кеңес үкіметі кезінде қоныстанған өзге ұлт өкілдерінің көпшілігі өз отандарына оралса, олардың орнына шетелдерден келген қазақтар қоныстанған. Тұрғындарының көбісі мал шаруашылығымен айналысады. Ауылдың халқының табиғи өсімі де өсуде[17].

Қойыны қасиетке толы, ұлылардың мекені болған Қапал өңірі тәуелсіз Қазақстанның тарихында әлі де талай тарихи оқиғалардың куәсі болатыны анық. Қапал мен Тәнекедей ел қорғаған, ауызы дуалы ақын Сара мен салиқалы Фатимадай аналардың ұрпақтары халқы үшін еңбек ететін мықты тұлғаларды өмірге әкелетініне сенімдіміз. Шоқанның жүріп өткен қасиетті Қапал өңірі міне осындай тағылымы мол, тарихқа бай. Батырдың даңқын асыру – ұрпақтың парызы. Халықтың жадынан мәңгі өшпейтін тарихи және мәдени ескерткіштер Қапал өңірінде ғана емес, елімізде көбейсе нұр үстіне нұр болады емес пе? Сондықтан да отандық және шетелдік туристерге өлкеміздің тарихи-мәдени мұраларын ғаламтор, әлеуметтік желілер арқылы жарнамалап, мәдени мұраларымызға да туристік экскурсиялар ұйымдастырудың маңызы зор. Қазақ елінің тарихы мен мәдениеті әлемге танылып, туризм саласы өз өлкемізде де дамып, экономикасы да артар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Ә. Таңдамалы сөздер. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2014. 370б.-64Б.
2. ЖЕТИСУ. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 712 бет
3. Алматы облыстық қоғамдық саяси «Жетісу» газеті, № 139 (17551).-2011.- 6 желтоқсан
4. Тұрдыбек. Құрметхан: Қасиетті Қапал өңірі. 2017-19 шілде <https://dalanews.kz/28883>
5. Баймырзаев Қ., Тұрсынбай Ғ.Т., Қасымберкебаев Т.Қ. Алматы облысының республикалық, өңірлік және жергілікті маңызы бар киелі орындары. –Алматы, 2019 ж. -240 б. – 132-133 Б.
6. Тәнекениң Қожабегінің немересі Гүлжан Мұқатайқызы: Бабаларыма бас иемін <https://abai.kz/post/41265>
7. Ақын Сараның мемориалды музейі. Қазақстан тұлғалық музейлерінің қауымдастығы парақшасынан <https://www.facebook.com/321591348651249/posts/36663297>

0813753/

8. Тоқтарбай Е. Фатима Ғабитова тұрған үй қараусыз қалды.-2018.-30 шілде
<https://abai.kz/post/74023>

9. Әлия Ахмедиева: Қапалдағы Фатима Ғабитованың мұражайы жабылып қалды.
https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_fatima_ghabitova_museum_in_kapal/24347203.html

10. Майра Жанұзақова: Фатима. - «Жібек жолы баспасы» -2010.-66Б.

11. Қалмаханбет Мұхаметқали: Қапалдың Тамшыбұлағы ағылшын еліне қалай танылды? <https://egemen.kz/article/207368-qapaldynh-tamshybulaghy-aghylshyn-eline-qalay-tanyldy>

12. Баймырзаев Қ., Тұрсынбай Ғ.Т., Қасымберкебаев Т.Қ. Алматы облысының республикалық, өңірлік және жергілікті маңызы бар киелі орындары. –Алматы, 2019 ж. -240 б. – 102-103 Б.

13. Байысова Ф. Баянжүрек туралы аңыздың ақиқаты.-2019.-29 мамыр
<https://abai.kz/post/91688>

14. Жансүгіров І. Жетісу суреттері / Бес томдық шығармалар жинағы 1 том Алматы: Жазушы, 1978.-65Б.

15. Қожатайұлы Д. Қапал аты қайдан шықты? Тарихты кімдер бұрмалауда? -2017.-15 қазан <https://abai.kz/post/60521>

16. Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012. – 240 б.-65-66Б.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПАМЯТНИКИ И САКРАЛЬНЫЕ МЕСТА В РЕГИОНЕ КАПАЛ

Байгабатова Н.К., Муталив Г.

В статье рассматриваются известные исторические памятники и сакральные места, расположенные в регионе Капал. В статье автор попыталась доказать важность продвижения подрастающего поколения путем предоставления подробных описаний исторических памятников и достопримечательностей, руководствуясь историческими событиями региона и подвигом великих людей, которые внесли большой вклад в защиту и развитие региона. По результатам исследований хронология исторических памятников сопоставлена с ценными историческими источниками.

Ключевые слова: исторические памятники, мемориальный музей, Капал, Тамшыбулак, Баянжүрек

FAMOUS MONUMENTS AND SIGHTS LOCATED IN THE REGION OF KAPAL

Baigabatova N., Mutaliv G.

The article explores the famous historical sites and sanctuaries located in Eskeldi district. The article seeks to prove the importance of promoting the younger generation by providing detailed descriptions of historic sites and sights, guided by the historical events of the region and the feat of the great men who made a great contribution to the protection and development of the region. Based on the research results, the chronology of historical monuments was compared with valuable historical sources.

Key words: historical monuments, memorial museum, Kapal, Tamshybulak, Bayanzhurek.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.02.2020ж.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНШЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Байжуманов Б.К.

Бұл мақалада жалпы орта білім беру мекемелері оқушыларының отаншылдық мәдениетін қалыптастыру мәселесін шешудегі «отаншылдық» түсінігінің мәні ашылады, ғылыми және анықтамалық әдебиеттерде берілетін «отаншылдық» түсінігінің анықтамалары қарастырылады, тұлғаның отаншылдық дәрежесін анықтайтын және оның шынайы отаншылдық санасы деңгейінің критерийлеріне сипаттама беріледі, отансүйгіштік феномені, тұлғаның отансүйгіштігіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар, оның биологиялық, рухани және әлеуметтік бастамалары, отаншылдық тәрбие берудегі оқушылардың танымдық әрекеті, сезімдік-құндылықтық қатынастары және әрекеттік-практикалық тәжірибесінің ерекшеліктері қарастырылады.

Кілт сөздер: *отаншылдық, отаншыл, отансүйгіштік, отансүйгіштік құраушылары, отаншылдықтың сыртқы және ішкі факторлары, отаншылдық тәрбие, танымдық әрекет, сезімдік-құндылықтық қатынастар, әрекеттік-практикалық тәжірибе.*

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» - деп айтылған [1].

Мектеп оқушыларын отаншылдыққа тәрбиелеу қазіргі таңда аса маңызды мәселе болып табылады. Мемлекеттің әртүрлі деңгейлерінде өскелең ұрпақпен отаншылдық жұмыстарын жүргізуге үлкен көңіл аударылуда.

Отаншылдыққа тәрбиелеу мемлекеттік мәдени және білім беру саясатының басым бағытына айналды. Заманауи қоғамда «отаншылдық», «Отанға деген сүйіспеншілік» ұғымдары қайтадан үлкен мәнге ие бола бастады. Салауатты қоғам мен күшті мемлекетті құру тек отаншылдық рухында тәрбиеленген адамның қолынан келеді. Бұл құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды құруға өз үлесін қосуға даяр бірегей тұлға болуы шарт. Отаншылдық сөзі азаматқа іштей тән адамгершілік және саяси принципті білдіреді. Бұл өзегі Отанға деген сүйіспеншілік, өз еліне деген адалдық, оның өткендегі тарихы мен қазіргі жағдайын мақтан тұту, оның келешегіне қамқорлық білдіру болып табылатын терең әлеуметтік сезімге жатады. Бұл мемлекет мүдделерін тек ел ішінде ғана емес, одан тысқары да қорғауға ұмтылу [2].

Алғаш рет «отаншыл» сөзі 1789-1793 жж. Француз революциясы кезінде пайда болды. Бұл уақытта өздерін отаншыл деп ел ісі үшін күресетін, монархистер лагеріндегі отанға сатқындық жасағандарға қарсы республика қорғаушыларын атайтын. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде отаншылдық сөзіне «Отанды сүю, отаншыл (Отанына шын берілген) болу сезімі» деп түсінік берілген [3].

Бұл түсініктің моральдық мазмұны философиялық сөздікте анығырақ келтірілген. Мұнда «Отаншылдық (грекше *Patris* – атамекен) – құрамдас бөлігі атамекенге деген сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргі жағдайын мақтан тұту, отан мүдделерін қорғауға ұмтылыс болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» деп түсіндірілген [4].

Сонда «отаншылдық» дегеніміз не және қандай адамды отаншыл деп атауға болады?

Бұл сұраққа бірден жауап беру қиын. «Отаншылдықтың» заманауи түсініктері жеке тұлғаның туып-өскен, тәрбиеленген, балалық және бозбалалық шағындағы әсерлерімен байланысты, оның тұлға болып қалыптасқан жеріне сырттан әсер етуге қатысты сезімдері мен адам санасын байланыстырады. Сонымен қатар, бұл оның өмір сүру ландшафтымен, оған тән өсімдік және жануар әлемімен, берілген жердің дәстүрлері мен салттарымен, жергілікті халықтың өмір салтымен, оның тарихымен, ата-бабаларымен байланысты. Бірінші қонысты, өз ата-анасын, ауласын, көшесін, ауданын (ауылын), құстардың әнін, ағаштардағы жапырақтардың

сылдырын, шөптің қозғалысын, жыл мезгілдерінің ауысуы мен соған байланысты орман реңктерінің және су қоймаларының өзгеруін, жергілікті халықтың әңгімелері мен әндерін, олардың салт-дәстүрлерін, өмір салттарын және жүріс-тұрыс мәдениетін, мінездерін, әдет-ғұрыптарын және тағы да басқаларын сезімдік тұрғыдан қабылдау әр адамның психикасының дамуына, сондай-ақ отаншылдық сананың қалыптасуына, оның бейсаналық деңгейінде бекітілетін ішкі отаншылдығының маңызды бөлігін құрай отырып әсер етеді [5].

«Отаншылдық» және «отаншыл» сөздеріне анығырақ түсініктеме берейік:

1. Оның ең бастысы – әр адамның қалыпты негізгі сезімдері қатарында өзінің туған жері мен тұрғылықты жерін Отан ретінде құрметтеуі, берілген аумақтық құрылымға қатысты сүйіспеншілік пен қамқоршылық танытуы, жергілікті дәстүрлерді құрметтеуі, өмірінің соңына дейін берілген аумақтық құрылымды құрметтеуі болып табылады. Нақты жеке тұлға санасының тереңдігіне байланысты туған жерін қабылдау тереңдігіне тәуелді оның отанының шекаралары өз үйі, ауласы, көшесі, қаласының аумағынан бастап аудандық, облыстық және өлкелік ауқымға дейін созылуы мүмкін. Отаншылдықтың жоғарғы деңгейлеріне ие адамда сезімнің тереңдігі Отан деп аталатын берілген мемлекеттік құрылымның шекараларымен сәйкес келуі тиіс.

2. Өз ата-бабаларын құрметтеу, берілген аумақта өмір сүретін жерлестеріне сүйіспеншілікпен қарап, шыдамдылық таныту, оларға көмектесуге және жаман заттан арылтуға даярлық. Берілген параметрдің жоғарғы көрсеткіші – берілген мемлекеттің азаматтары болып табылатын барлық отандастарына мейірбандықпен қарау, яғни барлық әлемде «азаматтығы бойынша ұлт» деп аталатын қоғамдық ағзаны түйсіну.

3. Өз отанының күйін жақсартуға, оны әсемдеу мен айластыруға, өз жерлестері мен отандастарына көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған әркүндік нақты істерді жүзеге асыру (өз пәтерінде, үйінде, ауласында тәртіп пен ұқыптылықты сақтаудан, көршілерімен жақсы қарым-қатынас орнатудан бастап өз қаласын, ауданын, өлкесін, жалпы алғанда Отанын дамытуға дейінгі істер) [6].

Осылайша, мұның барлығы әр тұлғаның отаншылдық дәрежесін анықтап, оның шынайы отаншылдық санасы деңгейінің критерийі болып саналады. Отаншыл адам өз отаны деп санайтын аумақ неғұрлым үлкен болған сайын (тіптен өз мемлекетінің шекараларына дейін), оның өз отандастарына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы неғұрлым зор болған сайын, оның берілген аумақ (өз үйі, ауласы, көшесі, қаласы, облысы, аймағы және т.б.) пен ондағы тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға арналған күнделікті іс-әрекеттері көп болған сайын, соғұрлым берілген адамды отаншыл деп санауға болады және соғұрлым оның шынайы отаншылдығы жоғары болады.

Нағыз отаншыл адам отанын нығайтып, дамытатын заттар, құбылыстар мен тұлғаларды жақтап, оны бұзып, оған қандай да бір зиян келтіретіндерге қарсы болады. Нағыз отаншыл адам басқа аумақтағы отаншылдарды құрметтеп, оларға зиян келтірмеуге тырысады. Өз Отанында басқа отаншылдармен қатар оған зиян келтіретіндерге қарсы күреседі, бұл тек санасы төмен отаншыл емес азаматтар немесе, тіптен Отан жаулары болуы мүмкін [7].


Отаншылдық қандай да бір деңгейде тұлғаға тән немесе ол мүлдем жоқ болуы мүмкін. Отаншылдық адамның терең жан-дүниесіне (санасына) ұялайтын өте асыл сезім болып табылады. Отаншылдық жайлы адамның сөзіне емес, әр ісіне қарап айтады. Отаншыл адам өзін солай атайтын тұлға емес, басқалары, ең алдымен оның отандастары солай пайымдайтын тұлға болып саналады. Осылайша, нағыз (мінсіз) отаншыл адам деп өзінің физикалық және адамгершілік денсаулығын әрдайым нығайтатын, білімді және көзі ашық, қарапайым отбасы бар, өз ата-бабаларын құрмет тұтатын, ең үздік салт-дәстүрлермен өз ұрпақтарына тәлім-тәрбие беріп, өсіретін, өз үйін (пәтерін, үйін, ауласын) қажетті күйде ұстайтын және өз тұрмысын, өмір салты мен жүріс-тұрыс мәдениетін әрқашан жақсартуға тырысатын, өз Атамекенінің әл-ауқаты үшін тер төгетін, отаншылдыққа бағытталған, яғни өз Отанын көркейту мен дамыту бойынша қандай да бір күрделілік пен маңыздылық деңгейіндегі отаншылдық міндеттерді бірлесіп орындау мен отаншылдық мақсаттарға қол жеткізу мақсатымен отандастарды біріктіруге бағытталған қоғамдық іс-шараларға немесе ұйымдарға қатысатын адамды ғана атауға болады.

Отаншылдық қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына тән, тұлғаның зор мәнге ие рухани игілігі болып табылатын ең маңызды құндылықтардың біріне жатады. Отаншылдық тұлғаның белсенді позициясымен, Отан игілігі үшін өзін-өзі танытудан байқалады.

Қазіргі таңда отаншылдық тек әлеуметтік емес, сондай-ақ рухани-адамгершілік, идеологиялық, мәдени-тарихи, әскери-тарихи және басқа да компоненттерді біріктіретін маңызды құндылық ретінде пайымдалады.

Қазіргі шарттарда маңызды басымдылыққа қоғамды бірлестіру мен мемлекетті нығайту негізі ретінде отаншылдық тәрбие беру жүйесін қалыптастыру жатады [8]

Отаншылдық мәселесіне арналған әдебиеттерге талдау жасай отырып, білім беру мекемесіндегі нақты педагогикалық жағдайда отаншылдық тәрбие беруді жүзеге асыру үшін «отаншылдық» феноменінің сызбасын (1-сурет) жасауға болады.



1-сурет. «Отансүйгіштік» феноменінің сызбасы

Бұл сызба нысанды, оның құрылымын, маңызды қасиеттерін және қарым-қатынасын бейнелеуге мүмкіндік береді.

Сызбадан көрініп тұрғандай, тұлғаның отансүйгіштігі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен қалыптасады, сондай-ақ оның негізінде биологиялық, рухани және әлеуметтік бастамалар жатыр.

Рухани бастама адам өміріндегі нақты мен маңыздының көздерін түсіндіріп, оның өз болмысын – ар-ұятын ашады.

Биологиялық бастама – тұрғылықты жеріне, салт-дәстүрлер мен қоршаған адамдарға деген жақындық. Әлеуметтік бастама адамды қалыптастырады, мұнда қоғамдық, сондай-ақ жеке сана қалыптасады [9].

Отансүйгіштіктің құраушыларына жататындар:

- отбасылық дәстүрлерді білу және құрметтеу;
- достарға адалдық;
- Отанының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу;
- елдің тарихын білу;
- Отанды қорғауға дайындық;
- Отанның әл-ауқаты үшін еңбек әрекетіне қатысу;
- елдің жетістіктеріне деген мақтаныш;
- Отанның алдында тұрған міндеттерді түсіну [10].

Отаншылдық тәрбие – бұл оқушының танымдық әрекетті, сезімдік-құндылықтық қатынастарды және әрекеттік-практикалық тәжірибені меңгеруімен шартталатын, тұлға және жеке адам ретінде Отанға қызмет ету әрекетінде қалыптасып, танылудан көрініс табатын ішкі мәдениеті дамуының деңгейі.

Оқушының танымдық әрекет тәжірибесін меңгеруі отаншылдық білім мен түсініктердің қалыптасуын қажет етеді.

Оқушының сезімдік-құндылықтық қатынастарды меңгеруі отаншылдық сезімдердің, құндылықтардың, көзқарастардың қалыптасуын білдіреді.

Оқушының әрекеттік-практикалық тәжірибені меңгеруі отаншылдық білім мен түсініктерді, отаншылдық жүріс-тұрыс пен әрекеттегі құндылықтар мен көзқарастарды жүзеге асырудан көрініс табады.

Жалпы тәрбиелеу және соның ішінде отаншылдыққа тәрбиелеу мәселелері бойынша зерттеулерді талдау отаншылдыққа тәрбиелеу процесіндегі оқушы тұлғасының күтілетін өзгерістері ретіндегі оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеудің келесі мақсаттарын анықтауға мүмкіндік берді:

- халқының тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін білу негізінде отаншылдық сананы қалыптастыру;
- Отанына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, мақтаныш, адалдық, оған көмекке келуге даярлық сезімдерін қалыптастыру;
- адамның Отанға деген құндылықтық қатынасын қалыптастыру, Отанға қызмет ету ынтасы мен тәжірибесін дамыту;
- оқушылардың сәтті әлеуметтенуі, олардың әрқайсысының тұлға, жеке адам, отаншылдық жүріс-тұрыс және қызмет субъектісі ретінде өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау.

Отаншылдыққа тәрбиелеудің нәтижесі оқушылардың отаншылдық тәрбиесі болып табылады [11].

Білім алу мен оқуға арналған адам өмірінің белгілі бір жастық периоды ретінде мектеп жасы тәрбиелеу мен дамыту үшін қолайлы шақ болып табылады. Әрекеттің түрлі бағыттарына араластырылған оқушы түрлі тәжірибені меңгереді, игереді және иемденеді. Оның қалыптасу процесі барысында сыртқы және ішкі ортаның қолайлы шарттарында және субъектілі-объектілі әрекеттесуге ауысқанда тұлғаның құндылықтары, идеалдары, көзқарастары, Отанға қызмет етуге деген ынтасы мен бағыттылығы қалыптасады. Оқушыға

әсер ету және онымен әрекеттесу формалары оқушы дамуының қандай да бір жастық шағының ерекшеліктерімен тікелей байланысты екендігін атап өткен жөн.

Еліміздің білім беру мекемелері отаншылдық сезімін қалыптастыруға және өмірге деген көзқарасты кеңейтуге үлкен септігін тигізеді. Бұл күнделікті, көп қырлы және көптеген жылдарға созылатын жұмыс.

Соңғы жылдары жүргізіліп жатқан педагогикалық зерттеулер нәтижелеріне және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе жинақтауға қарамастан, өсіп келе жатқан ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Сол себепті, бұл мәселені шешудің жаңаша жолдары мен әдістерін іздестіру, алдыңғы қатарлы инновациялық тәсілдерді қолдану, түрлі әдістемелер қалыптастырған маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Формирование казахстанской гражданственности и патриотизма школьников: учеб. пособие / Бронский Е.В., Васильев С.И., Тыналинов Ж.К.. – Павлодар: ПГПИ, 2013. – 143 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.
4. Среди́н Г.В. Основы военно-патриотического воспитания. – М., 1988. – 241 б.
5. Ефремова Г. Патриотическое воспитание школьников/Г. Ефремова // Воспитание школьников. – 2005. – № 8.
6. Дерюгин Ю.И. Военно-патриотическое воспитание молодежи. – М., 1991. – 153 б.
7. Барабанщиков А.В. Основы военной психологии и педагогики. – М.: Просвещение, 1988. – 97 б.
8. Беспятова Н.К. Военно-патриотическое воспитание детей и подростков, как средство социализации / Н.К.Беспятова, Д.Е.Яковлев. - М.: Айрис-Пресс, 2014. – 192 б.
9. Вырщиков А. Патриотизм на службе у России / А. Вырщиков // Воспитание школьников. – 2006. – № 3.
10. Ипполитова Н.В. Теория и практика подготовки будущих учителей к патриотическому воспитанию учащихся: дис. д-ра пед. наук / Н.В. Ипполитова. – Челябинск, 2000. – 383 б.
11. Конжиев Н.М. Система военно-патриотического воспитания в общеобразовательной школе. / Н.М Конжиев.- М.: Педагогика, 1986.- 142 б.

ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПАТРИОТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ ШКОЛ

Байжуманов Б.К.

В данной статье раскрывается смысл понятия «патриотизм» в контексте решения проблем формирования патриотической культуры учащихся учреждений общего среднего образования, рассматриваются определения понятия «патриотизм», приведенных в научной и справочной литературе, описываются критерии, определяющие степень патриотизма индивида и уровень его реального патриотического сознания, рассматриваются феномен любви к Родине, внешние и внутренние факторы, влияющие на чувство любви к Родине, его биологические, духовные и социальные начала, особенности сознательной деятельности, эмоционально-ценностного отношения и деятельно-практического эксперимента учащихся в патриотическом воспитании.

Ключевые слова: патриотизм, патриот, любовь к Родине, компоненты любви к

Родине, внешние и внутренние факторы патриотизма, патриотическое воспитание, сознательная деятельность, эмоционально-ценностное отношение, деятельно-практический эксперимент.

PROBLEMS OF FORMATION OF SCHOOLS STUDENTS' PATRIOTIC CULTURE

Baizhumanov B.

This article reveals the meaning of “patriotism” concept in the context of solving the problems of forming a patriotic culture of students in secondary schools, reviews the definitions of “patriotism” concept given in the scientific and reference literature, describes the criteria that determine the degree of individual patriotism and the level of real patriotic consciousness, the phenomenon of love for the motherland, external and internal factors affecting the feeling of love for the motherland, its biological, spiritual and social principles, characteristics of conscious activity, emotional-value attitude and actively-practical experiment of students in patriotic education.

Key words: *patriotism, patriot, love for the motherland, components of love for the motherland, external and internal factors of patriotism, patriotic education, conscious activity, emotional-value attitude, actively-practical experiment.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.02.2020ж.

ӘОЖ 9.(908)

ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ ПЕН ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВТЫҢ ҒАРЫШТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ

Буланов Е.О., Сұлтанова Н.А.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтың жалпы отандық ғылымға қосқан үлесі, сонымен қатар ғарыштану ғылымындағы жалпы қызметтері айқындалады.

Кілт сөздер: *Байқоңыр, ғарыш, ғарыштану, ғылым, зерттеу.*

Бүкіл әлем үшін ғарыш дәуірінде елеулі болған күн – ол 1961 жылдың 12 сәуірі екені мәлім. Сол күні «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Восток-1» ғарыш кемесінде Ю. Гагарин алғашқы рет жер шарын орбитадан айналып ұшты. Одан кейінгі жылдары Кеңес Одағы 12 сәуірді «Ғарышкерлер күні» деп атап өтетін. Ал 2011 жылдың 7 сәуірінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының арнайы пленарлық мәжілісінде 12 сәуірді «Адамның ғарышқа ұшуының халықаралық күні» деп атау туралы резолюция қабылданады [1]. Ол уақыттан бері, яғни 60 жылға жуық кезеңде, уикипедияның соңғы мәліметіне сүйенсек, 2019 жылдың 26 қыркүйегіне дейін 563 адам ғарышқа ұшқан, соның 499 еркек, 64 әйел [1]. Жалпы, бүгінгі күнге дейін ғарышта бар-жоғы 40-қа жуық елдің өкілдері болып қайтқан. Осы тізімде Қазақстан тарапынан да ғарышкердің болуы қуантарлық жайт, өйткені тізімде ТМД елдерінің ішінде тек Украина мен Қазақстан ғана бар.

Ғарышты, оны қоршаған ортаны, жұлдыздарды, өзге планеталарды зерттеу, оның жетістіктерін өз еліміздің игілігіне пайдалану жолдарын іздестіруде бүгінгі таңда талай ғалымдарымыз еңбек етуде. Осы бағытта мемлекет тарапынан да бірқатар іс-шаралар жасалып, әлі де жасалуда. Нақтырақ айтсақ, ғарыш инфрақұрылымы, ғарыш саласының ғылыми базасы,

құрылымдық-технологиялық кешендері, тіпті осы саланың мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарында бөлімдер де ашылды. Бұл бізге не үшін қажет? Заман талабына сай ғарыштық зерттеулер жасай отырып, мемлекет өз игілігі үшін осы заманауи жетістіктерді тиімді пайдалана алады. Мысалы, өз спутниктерімізді ғарышқа жіберу арқылы мемлекеттің біршама қаражатын үнемдей аламыз, сонымен қатар оны пайдаланғаны үшін басқа елдерден пайда да көре аламыз. Бұл бір ғана мысал. Ал «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы тәжірибелік-конструкторлық, зертханалық жұмыстар бізге қаншама мүмкіндіктер ашатыны, обсерваториялардағы ғылыми зерттеулердің, жерден бақылау станцияларының әкелер нәтижелері де өте мол. Еліміздің тарихында, ғарыштану ғылымының тарихында қазақтан ұшқан тұңғыш ғарышкерлеріміз – Тоқтар Әубәкіров, одан кейінгі ұшқан Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетовтың есімдері халқымыз үшін ерекше маңызға ие екендігі күмән тудырмайды. Өйткені, олар ғарышта болып қана қоймай, онда белгілі бір мәселелерді зерттеумен де айналысқан.

Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің аэроғарыш комитетінің ресми сайтында еліміздің мақтан тұтатын үш ғарышкеріміз жайлы жеткілікті ақпарат берілген. Одан басқа, уикипедия сайтында да мәліметтер бар, сонымен қатар олардың өмірі жайлы тың деректер жекелеген журналистердің зерттеулерінде толығырақ кездеседі. Sputniknews сайтында 2019 жылдың сәуір айында жарияланған мақалада Тоқтар Әубәкіров туралы толығырақ мәлімет берілген. Онда былайша атап өтіледі: «Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы (1995), техника ғылымдарының докторы (1998), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры. Ол 1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында өмірге келген. Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), авиация институтын бітірген (1979). 1969-75 жылдары Әскери-әуе күштерінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары. 1976-1992 жылдары Мәскеудегі Тәжірибелік конструкторлық бюросының ұшқыш-сынақшысы міндеттерін атқарды. Ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол 1992- 93 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-орынбасары, 1993-94 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры – Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды» [2].

Ғарышкер физикалық дайындықтан бұрын бұл сапарына ғылыми тұрғыда да дайындалады. 300-ден аса ғалым мен мамандар бас қосып, арнайы бағдарлама әзірлейді. Ол бойынша тартылған Аралдың экологиялық жағдайын ғарыштан зерттеу назарға алынады. Сөйтіп, ғарыштан Арал аймағы фотоға түсіріліп, ондағы тұздың солтүстік мұзды мұхитқа қарай ұшатыны анықталған.

Бұдан да басқа зерттеулер болған. Оның бәрі әлем назарына ілініп, соңғы 30 жыл ішінде бұндай жаңалықтарды осындай зерттеулері арқылы көрсеткен бірде-бір ғарышкердің болмағаны туралы жазылып, Әубәкіровтің еңбегі жоғары бағаланады. Осылайша ол «1991 жылы 10 қазанда бір апта бойы «Мир» ғарыш орбиталық стансасында жұмыс істеп, Жерге оралды. Ғарышта болған нақты уақыты – 7 күн 22 сағат 13 минут» [3].

Тоқтар Әубәкіровтың Арал теңізін зерттеуден басқа, ауыл шаруашылығы саласындағы қосқан үлесі айрықша маңызға ие. Мәселен, Қазақстанның молекулярлық биология мен биохимия институты ауыл шаруашылығының ең үздік мамандарымен кеңесе отырып, келісіп жасаған ғарыштық тұңғыш қомақты жобасы да күні бүгінге дейін халық үшін ғылыми жемісін беріп келеді. Оның нақты мысалы ретінде, салмақсыздық жағдайында ғарышкердің қол

күшімен белгілі кестеге сай шайқалған суспензия Қазақстанның ауыл шаруашылығына «Тоқтар», «Орбита», «Қоғалы» деп аталатын айрықша дәмді картоп түрлерін алып келді. Қазақстанның таулы аймақтарында күні бүгіндері гектарына кемі 30 тоннадан түсім беріп жүрген суыққа да, ыстыққа да төзімділігімен танымал болған бұл картоп сорттарының ғарышта жасалған қазақстандық алғашқы тәжірибеде Тоқтар Әубәкіровтің қолымен будандастырылғанын көпшілігіміз біле де бермейміз. Қазақстан Республикасы патент иесі ретінде осы күнге дейін бес жүз тоннадан астам осындай картоптың тұқымдық сұрпын алыс-жақын шетелдерге лайықты бағасына сай сатып үлгерді [4].

Еліміздің екінші ғарышкері Талғат Мұсабаевқа келетін болсақ, E-history сайтына сілтеме жасай отырып, ол жайлы келесі мәліметтерді кездестіреміз: «Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтың құрметіне Талғат есімі берілген қазақтың екінші, әлемнің 309-ғарышкері де рекордшы атанған. Ол бір ай ішінде бес рет (30 сағат 8 минут) ашық ғарышта болған сапары үшін Гиннесс рекордтар кітабына енген. Талғат Мұсабаев ғарышкерлер арасындағы алғашқы хирург атанған. 2001 жылғы сапарында Талғат алғашқы ғарышкер-турист, американ миллионері Денис Титомен бірге ұшады. Экипаж командирі ретінде Титоға барынша көмектеседі, яғни ұшу кезінде оның денсаулығы нашарлауына байланысты укол салады. Станцияда басын жаралап алған кезде емдеп, тігеді. Осыдан кейін Талғат Мұсабаев «ғарыш туристінің күтушісі», «алғашқы ғарыш хирургы» деген ресми емес атақтарға ие болды. Ғарышқа сапарларының бірінде Талғат Мұсабаев ажал аузынан қалады. Айтуынша, ашық ғарышқа шыққан кезде, кемеге бекітетін тетік ажырап кетеді. Кемеден алыстай түсіп, енді оралмастай болған жағдайда, таңғажайып құдірет оны құрдымнан суырып алады. Солайша ғарышкер аман қалады [5].

Талғат Мұсабаевтың ғарышқа сапарлары барысында бірқатар салада ғылыми зерттеулер жүргізгені туралы Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің аэроғарыш комитетінің ресми сайтында былай делінген:

«- микрогравитация жағдайында металл қорытпалардың еру процесіне ғарыш кеңістігі факторларының әсерін зерттеу;

- ауыспалы металдар негізіндегі басқа да қабатты материалдарға, көп қабатты композициялық адюминидтер мен модификацияланған кеуек апатиттер негізіндегі жоғарытемпературалы аса жоғары өткізгіштер негізінде болашақ материалдар мен аспаптардың, ұлпа тектес материалдардың физикалық қасиеттерін зерттеу;

- микрогравитация жағдайында борттық электронды аппаратураның бұзылуы және модульдердің істен шығуы механизмін тіркеу және зерттеу;

- жоғары атмосферадағы физикалық және оптикалық құбылыстарды, мезосферадағы динамикалық құбылыстарды зерттеу;

- ғарыштық ұшу факторларының жоғары организмдер геніне, ұшқыштардың жұмыс істеу қабілетіне, психологиясына, психофизикалық және бейімделу мүмкіндіктеріне әсерін зерттеу» [6].

Физика-математика ғылымдарының докторы Ж.Ш. Жантаевтың «Қазақ ғарыш ғылымының қалыптасуы және дамуы» атты еңбегінде Талғат Мұсабаевтың қатысуымен 1994-2001 жж. ғарыштық зерттеулер мен тәжірибелер мына бағыттар бойынша жүзеге асқандығын атап өтеді: «Физика -техникалық зерттеулер», «Табиғи -ресурстық мониторинг», «Геофизикалық зерттеулер», «Ғарыштық биотехнология және биомедицина» [7].

«Физика-техникалық зерттеулер» бағытындағы жұмыс істеу барысында (1994, 1998) «Темір», «Дәмедж / Керамика», «Отказ / Экзек» ғарыштық тәжірибелері жүргізілді. Алынған нәтижелер мен кейінгі зерттеулер «Ғарыштық материалдар туралы ғылым» және «Ғарыштық аспаптар» жаңа бағыттарын дамытуға негіз болды.

«Табиғи-ресурстық мониторинг» блогы аясында жер үсті және ғарыштық эксперименттер жүргізілді (СЕ, Бидай, Шөп, Жер, Эко, Каспи, Арал, Кар, Сияп, 1991 ж., 1994, 1998 ж.ж.). Ол экологиялық дағдарыс аймақтарының жер жамылғысының, су және қар ресурстарының жағдайын бағалауға байланысты болып табылды. Нәтижелер негізгі астық

өсетін аймақтарда ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін бағалау үшін пайдаланылды. Шөлейттену процестерінің белсенді дамуына ұшырайтын аудандар анықталып, экологиялық дағдарыс аймақтарының жағдайы бағаланады. Бұл жұмыстар Ұлттық ғарыштық мониторинг жүйесін құрумен сәтті жалғасуда.

Геофизикалық зерттеулер саласында атмосфераның, ионосфераның және мезосфераның физикалық қасиеттерін зерттеуге арналған «Атмосфера», «Плазмосфера», «Көлеңке», «Өріс», «Мезосфера» (1994 ж., 1998 ж.) атты жер үсті және ғарыштық зерттеулер жүргізілді

Өзімізге белгілі, ғарышкерлердің ғарышқа сапарлары тек ұшумен ғана шектелмей, бірқатар ғылым салаларының дамуына да үлкен үлес қосқандығын анық байқаймыз. Тіпті осы зерттеулердің нәтижесі ретінде жаңа ғарыштық ғылымдар да пайда болды. Ғарыштану ғылымы бүгінде ғаламды ғана зерттеудің емес, сонымен қатар жерді, адамды да зерттеудің таптырмас құралы болып отыр. Бүгінде ғарыштану – ол ауа райын болжау, спутниктік теледидар, әлемдік байланыс, заманауи технологиялар болса, ертеңгі ғарыштану – ол Марсқа ұшу, Айда станция орнату, ғарышта өсімдік өсіру. Осы бағытта ғарышкерлеріміз – Токтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев ертеңгі күнге бізді сәл жақындата түскендей.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Уикипедия- ашық энциклопедиясы <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%92%D0%B0%D1%80%D1%8B%D1%88%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%83>
2. Токтар Оңғарбайұлы Әубәкіров. «Тарих» – Қазақстан тарихы-мектеп оқушыларына. <http://www.tarih.spring.kz/kk/history/independent/figures/aubakirov/>
3. «Шопыр» болған Әубәкіров: қазақтың тұңғыш ғарышкері туралы не білеміз. Sputniknews.kz. <https://sputniknews.kz/spravka/20190404/9742534/garyshker-Toktar-Aubakirov.html>
4. Ғарышты игерген ел. Qamshy.kz. 16 қыркүйек, 2016ж. <https://qamshy.kz/article/15170-gharyshty-igergen-el>
5. Ғарышкерлер жайлы қызықтар. E-history. 12 сәуір, 2017ж. <https://e-history.kz/kz/publications/view/3023>
6. Қазақстан ғарышкерлері. Kazkosmos.gov.kz. <https://kazcosmos.gov.kz/kk/content/kazakstan-garyshkerleri>
7. Жантаев Ж.Ш. Становление и развитие казахстанской космической науки. www.Scientificfund.kz.

ВКЛАД ТОКТАРА АУБАКИРОВА И ТАЛГАТА МУСАБАЕВА В РАЗВИТИЕ НАУКИ КОСМОНАВТИКИ

Буланов Е.О., Султанова Н.

В этой статье определяется вклад космонавтов Республики Казахстан Токтара Аубакирова и Талгата Мусабаева в развитие отечественной науки, а также деятельность в космической науке в целом.

Ключевые слова: Байконур, космос, космонавтика, наука, исследование

CONTRIBUTION OF TOKTAR AUBAKIROV AND TALGATE MUSABAYEV TO THE DEVELOPMENT OF SCIENCE OF COSMONAUTICS

Bulanov E., Sultanova N.

This article determines the contribution of cosmonauts of the Republic of Kazakhstan

Toktar Aubakirov and Talgat Musabaev to the development of domestic science, as well as activities in space science in general

Key words: *Baikonur, space, astronautics, science, research.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 14.02.2020ж.

УДК 372.881.111.1

THE METHODS OF LEARNING FOREIGN LANGUAGE AND THE EFFECTIVE WAYS TO IMPROVE LISTENING, SPEAKING, READING AND WRITING SKILLS

Baibolatova M.

The work represents all applicable methods in learning foreign language at English classes by teaching students and listeners in educational center, also, the effective ways how to perfect the skills. As well as, learning English is known to be important in the prosperity of multilingual Kazakhstan. In this work has been studied the importance of teaching a foreign language and its features, methods of effective work on speech development.

Key words: *prosperity, importance, communicative skills, supplies, competence, brainstorming, approaches.*

An explanation is given about the language including in the course of teaching a foreign language, about the technologies of dialog learning. In the process of teaching a foreign language in educational center consider the following issues : a) learning to read b) learning to write C) learning to speak a foreign language; Ways to influence students through various methods in teaching English; Lexical, grammatical, phonetic development of students depends on language training . Ways to increase students ' interest in the subject of foreign language.

The main purpose of teaching a foreign language is to form and develop the communicative competence of a foreign language;The importance of using effective methods and exercises to develop students ' speech skills in English lessons;

The use of any method in teaching English depends on various conditions. Basic conditions: the purpose of teaching English, the time allotted for its study, the number of hours. Among these conditions, the training goal plays an important role. This agreement directly affects the development of society, its political, economic and other relations with other countries and the definition of the goals of teaching a foreign language.

The English teacher should use not only textbooks, but also other additional materials from Newspapers, magazines, and even from Internet sources. Students should be able to organize classes correctly, using a lot of visual AIDS, in order to fully and quickly master the material. To arouse students ' interest in the English lesson, the teacher must use various methods and techniques, but these methods must meet the following requirements::

1. It is necessary to create a favorable atmosphere for free well-being through methods and techniques, to stimulate the interest of students, to form the need to apply the language in practice.

2. Fully involve the student's personality in the learning process, his emotions and feelings should be related to his needs.

3. It is necessary to stimulate its language creative qualities.

4. Activate the student as the main person of the educational process and closely link with other students;

5. Students should be helped in independent work on their physiological, intellectual, psychological characteristics;

6. Apply various types of work individually, in pairs, groups, classes, etc.

Methods of teaching English: logical thinking; grammar-translation method; selling; the chain; the silence; the physical sensations; role-playing; cultural communication; design process; method of problem-based learning; analysis; brainstorming; discussion; interactive methods; communicative, visual, the audio linguistic method; the next method; interpretation; method visibility; practical method and information and communication technology. Among these teaching methods, existing methods and new modern teaching methods were applied. It is very important to compare these methods of teaching English. Because each new method has advantages and disadvantages. The teacher's choice of method in the course of classes is very important for the comparative description.

Now let's focus on the methods of teaching English. The first used method of teaching English was the "Grammar-translational method". The foundations of this method were laid at the end of the XVIII century and were practically used in the middle of the XX century. Knowledge of English was necessary to master grammar and dictionaries. This method was used for this purpose. In this method, any grammatical structure is studied, and then the texts of sentences on those topics are formed. Then it turns on the translation of this sentence. As with any type of method, this method also had characteristic features. First, this method allows you to master grammar perfectly. Secondly, the level of logical thinking was convenient for citizens with a high level of logical thinking.

The next method we are considering is called "Total-physical response" (the method of physical sensation). This method is carried out in the process of learning through actions. The student first learns, constantly listening to English words. Then she realizes that he was listening. The student gets the opportunity to learn all the words through words that mean physical movements. So understand the word "sit"; they will. The main goal is to teach people to communicate with each other, so that the words of the interlocutors are clear. This method is the easiest and most convenient in teaching English. Because the communicative approach is currently often used in work.

This method is a harmonious expression of a number of typical approaches to learning English. Another method of learning English is the "Audio-Linguistic method" (audio-linguistic method). The audio-linguistic method was put into operation by the end of the 70s. In this method, the student listens to words from a tape recorder or a teacher's utterance, and then repeats several times. The student in this activity begins to adapt by correctly pronouncing words, sentences or words and memorizing them in the shortest possible time, conditions for its application in ways of communication.

The next way to learn English is called "Sugesto pedia" (bathing in thought). This method was put into operation in the 70s. This method was more complex than other methods – Because by using this method, the student is transferred to the imagination. The essence of this method is that during the period of learning English, the student feels like a completely different person. He will choose a new name for himself, come up with a new biography. Thus, the student experiences himself in a completely foreign world – the English world. This, of course, is interesting and mysterious for students. All the methods used in this method have a positive impact on the learning process of students.

In learning English, it is very important to have a rich vocabulary. In English lessons, the ways of vocabulary development consist of the following ways: speech, conversation, questions and answers, translation, concept, and techniques for working with book-text. To study the vocabulary of students, the teacher should use tables, videotapes, various drawings, visual AIDS during classes. Now we will focus on methods and approaches that develop the vocabulary of the English language.

Visual method is the most common and most effective method of teaching English. Because this method is used in all types of classes. The visual method, of course, uses visual AIDS and diagrams. They must be at least several colors. This is the most effective way to develop students' interest and vocabulary resources in the classroom.

Method of explanation-a method implemented by the teacher during the lesson, as the beginning of the educational process. In this method, the teacher is used to interpret a new word, topic, or sentence.

Q & a is one of the most important methods for developing children's speech. In this method, students will be in the communication method. Question each other and then get the answer to the question. It is a widely used method.

The practical method is the activity of students to learn the language on various game elements in the learning process. The game plays a big role in increasing the vocabulary of students, as games are necessary for the formation of their speech skills.

Activates the activity of students in building an interactive method-an interview. The purpose of this method is to create conditions for joint activities at all stages of the educational process. Students, working with tasks and tasks, learn to think and the interests of the group. In this method, each student strives to achieve overall results by responsibly approaching their responsibilities. Students learn to work together. In this method, the student plays the role of a consultant, a partner in the lesson process.

English during the lesson, the computer helps the teacher organize the student's independent work. To do this, according to the recommendations of scientists, it is advisable to use the following exercises and methodological techniques:

1. question-answer dialog.
2. task with selected responses.
3. stylistic correction of freely formed sentences.
4. exercises that require additions.
5. Exercises for self-assessment of vocabulary learning.

Computer programs evolve and evolve over time. Thus, today we not only receive information through the world wide Internet, but also new forms of education have appeared. In this method of teaching, multimedia technologies are used to create course materials through video, text, and graphics. Traditional textbooks and manuals, video and multimedia materials with limited interactive properties are offered to students as educational material.

Today, so many ways to perfect the skills in learning foreign languages. From my point of view and own experience according to speaking skills the following ways will be more effective.

1. Try to learn more words on a definite topic;
2. Try to learn not separate words learn with phrasal verbs;
3. Try to speak out and train every day;
4. Try to practice it for about 30 minutes or an hour per day;
5. Try to create your own stories and retell them;
6. Try to make a native speaker

So, by listening you also are able to improve your speaking and as I have known in listening system the next ways will be more useful:

1. Before listening (if you do the first time) try to have the text in front of you it helps to remember the words;
2. Some words might be very complicated in audio so, try to listen short and easy conversation first ;

If you understand the text for 95 percent in this case no need to look at the text.

3. Pause the audio if you don't understand(if necessary) any word and listen again;
4. Try to translate what you are listening to;
5. If you'd like concentrate on only listening then just listen;
6. Use context to help you understand;
7. Try to speak to different English spoken people;

As well as, reading and writing skills are much important for learners learning a language. So what I really can recommend you are the next:

1. Read a brief chapter and try to understand the meaning first;
2. After reading any chapter try to do some tasks;
3. Write down the misunderstanding words and phrases;

However, in writing skills you should know the words spelling and be able to write the exact

word including the contest.

1. Try to use the grammar structure and tenses as well as you could;
2. Try to elicit the definite word connecting with the topic;
3. Write the word with spelling several times;
4. Try to remember the words' spelling you have seen before.

Therefore, the method of communicative learning in teaching English the use of words is grammatically correct with each other, this allows you to speak fluently, linking your point of view, outstanding result. The main goal in language learning is a game that teaches the student to speak, that is, to speak informed. In speech communication, a person has their own thoughts. the process of illumination.

LIST OF REFERENCES:

1. Methods of teaching a foreign language №2 2007.
2. Lazar, G. (1993). Language Teaching. Cambridge University Press, Cambridge
3. Parkinson, Brian; Thomas, H.R. (2001). Teaching English in a Second Language
4. "How to learn any language " by Barry M. Farber 2006 MJF books

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ТЫҢДАЛЫМ, СӨЙЛЕУ, ОҚУ ЖӘНЕ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Байболатова М.А.

Жұмыста студенттер мен тыңдаушыларды білім беру орталығында оқыту жолымен ағылшын тілі сабақтарында шетел тілін оқытудың барлық қолданылатын әдістері, сондай-ақ алған дағдыларын жетілдірудің тиімді тәсілдері ұсынылған. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйрену көп тілді Қазақстанның өркендеуінде маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыста шет тілін оқытудың маңыздылығы және оның ерекшеліктері, сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау дағдыларын дамыту бойынша тиімді жұмыс әдістері зерделенді.

Кілт сөздер: *гүлдену, маңыздылығы, коммуникативтік дағдылар, жабдықтау, құзыреттілік, ми шабуылы, тәсілдер.*

МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА И ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ НАВЫКОВ АУДИРОВАНИЯ, ГОВОРЕНИЯ, ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА

Байболатова М.А.

В работе представлены все применяемые методы обучения иностранному языку на занятиях по английскому языку путем обучения студентов и слушателей в образовательном центре, а также эффективные способы совершенствования полученных навыков. Кроме того, изучение английского языка, как известно, играет важную роль в процветании Казахстана. В данной работе была изучена важность обучения иностранному языку и его особенности, методы эффективной работы по развитию определенных навыков.

Ключевые слова : *процветание, важность, коммуникативные навыки, снабжение, компетентность, мозговой штурм, подходы.*

Материал поступил в редакцию: 01.03.2020г.

“ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР” ЖЫРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Джакыпбекова М., Скиндинова Ж.

“Қобыланды батыр” жырының зерттелуіне байланысты ғалымдар пікірлері салыстырмалы талданылады. Әр зерттеу еңбектегі жырдың зерттелу деңгейі, зерттеу бағыты, саласы анықталған. Жырдың нұсқаларына байланысты келтірілген ғылыми тұжырымдар салыстырмалы қарастырылған.

Кілт сөздер: *эпос, батырлық жыр, сюжет, идея, ауыз әдебиеті, фольклор, композиция, зерттелуі.*

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан батырлар жырының ішіндегі ең көлемдісі де көркемі әрі сюжеттік желісімен ерекшеленетін жырдың бірі – «Қобыланды батыр» жыры. Жоғары идеялылығы, көркемдік биік қасиеттері жағынан дүние жүзі халықтарының белгілі батырлық эпостары қатарынан орын алған.

Қазақ фольклортану ғылымында классикалық эпос үлгілері, соның ішінде қазақ халқының этногенезін құраған түркі тайпаларының Иран жағынан келген қызылбастармен болған қақтығыстарын баяндайтын жырларға байланысты зерттеулер аз емес. Дәл осы этникалық тартыстың эпикалық суреттемесін баяндайтын жыр – «Қобыланды батыр».

Қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті маманы М.Ғабдуллин «Қобыланды батыр» жыры жайындағы зерттеу еңбегінде жырдың жалпы мәнін, оның айтушыларын және басылу, жиналу, зерттелу тарихын кеңінен сөз етеді. М.Ғабдуллин жыр туралы былай дейді: «Басқа жырлар секілді «Қобыланды батыр» да бір ғасырдың жемісі емес. Ол өзінің қалыптасу, даму бойында халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне және таптық тілектерге сәйкес болып келген өзгерістерге ұшыраған, әрбір тарихи кезеңнің, қоғамдық ой-сананың, түрлі көзқарастардың алуандаған әсерін бойына жинай отырып, біздің заманымызға жеткен жыр» [1, 138].

Ғалымдар Ш.Уәлихановтың, В.Радловтың, Г.Потаниннің, Ә.Диваевтың пікірлеріне назар аударсақ, батырлар жыры ертеде Қазақстан жерінде болған тайпалардың өзара таласы кезеңінде шыққан. Нақты айтқанда, жырлардың біразы Алтын Орданы Тоқтамыс билегеннен кейін болған аласапыран бүліншілік кезеңімен байланысты туған. Қазақтың батырлық жырының халық ауыз әдебиетіндегі өзге жырлардан (тарихи жырлар, дастандар т.б.) және басқа да туысқан халықтар эпостарынан айырмашылығы – тек сюжет, тақырып, образдарында ғана емес, оның тілінің этномәдени мәні мен тарихи-лингвистикалық сипатында.

«Қобыланды батыр» жырын зерттеуге арналған бірсыпыра еңбектер Кеңес дәуірінде жазылды. Бұл ретте М.Әуезов, С.Мұқанов, А.С.Орлов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев т.б. еңбектерін атауға болады. Олар атаулы жырдың әдебиеттік маңызы мен көркемдік ерекшеліктеріне баса назар аударған.

«Қобыланды батыр» жырын ең алғаш ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым – М.Ғабдуллин. Ол 1946 жылы «Қобыланды батыр» жыры жайында диссертация қорғайды. Кейін осы зерттеуі тағы да толықтырылып, өңделіп жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы ретінде жазылған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» кітабына негізгі бір тарау болып кіреді. Зерттеу кейін Т.Сыдықовпен бірге шығарған «Қазақ халқының батырлық жыры» кітабына енеді.

«Қобыланды батыр» жыры жайында жазылған келесі көлемді зерттеудің бірі – Қ.Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты еңбегі. Бұл еңбекте «Қобыланды батыр» жырының қазақ батырлар жыры ішінен алатын орны, оны жырлаған жырау-жыршылар, жырдың негізгі нұсқалары және зерттелуі, жырдың шыққан

дәуірі мен онда елес беретін тарихи жағдайлар, жырдағы негізгі образдар мен жырдың құрылысы жан-жақты талданған. Профессор Қ.Жұмалиев: «Қобыланды эпосы туралы алғаш рет мақала жазып, пікір айтушылар С.Сейфуллин, М.Әуезов болды, бұлардағы кемшілік жырдағы уақиға қай жерде өткенін, ондағы күрес кімге қарсы жүргенін және дәуірін қате түсіну еді» [2, 39], – деген пікір түйеді.

Қазақ фольклортану ғылымында өзінің барлық саналы ғұмырын арнап, фольклортанушы ретіндегі ғалымдық қырлары мен сырларын ашқан О.Ә.Нұрмағамбетованың елеулі еңбегі «Қобыланды батыр» жырына қатысты зерттеуі екендігі талас тудырмайды. Өзінен бұрын бұл жырға қатысты бірнеше зерттеулер жазылса да, типологиялық тұрғыдан тұжырымдар жасалса да, ғалымның бұл жырға қатысты табандылықпен еңбектенген.

Зерттеуші О.Нұрмағамбетова жалпы жырға қатысты адам есімдері, жер-су аттары, жаулық қылушы дұшпандар бірлестігі туралы кеңірек сөз қылып, жырдың оқиғасын XIV ғасырға алып келеді. Басты тіректі Қазан хандығына байланыстырып, «Алшағырдың әкесі Махмұтбектің «Қазан хандығын күшейтуге байланысты әрекетінен іздейді. Нақты қорытынды былайша жасалады: «Қорыта айтқанда, «Қобыланды батыр» эпосы Әбілхайыр ханның ұлысы екіге бөлініп, халқымыздың тарихында шешуші рөл атқарған 1456 жылғы Қазан хандығы құрылар алдындағы ұлыстардың өзара қақтығыстарды бейнелейтін және осы кезеңде туып-қалыптасқан аса құнды эпикалық туынды» [3,33], - деп түйіндеген.

«Қобыланды батыр» жырының композициялық және сюжеттік ерекшеліктерін талдауда О.Нұрмағамбетова фольклортану ғылымындағы жаңашыл тәжірибелерді жүзеге асыруға тырысқан. Бұл мәселеде ғалым Б.Н.Путиловтың мотивтерді семантикалық қызметі мен типіне қарай жіктеуі назар аударарлық. Өзінің мотивтерге байланысты еңбегінде Б.Н.Путилов былайша жіктеген: мотив-ситуация, мотив сөз (мотив-речь) және мотив әрекет (мотив действие), мотив-суреттеу (мотив-описание), мотив-мінездеме (мотив характеристика) [4]. «Қобыланды» жырындағы осы мотивтердің типтенген үлгілерін тауып, ғалым жырдың сюжеттік және композициялық сыр-сипатын түсіндіріп шығады. Озық бұндай тәжірибе Оразгүл Әмірәліқызының еңбегінен кейін, батырлық жырлардың поэтикасын зерттеген Ш.Ыбыраевтың [5,251-261], тарихи эпос поэтикасына байланысты Б.С.Рахымовтың еңбектерінде қолданылады [6,42-45].

Жырдағы көркемдік құралдау тәсілдерге қатысты метафора, теңеу, эпитет, гипербола, литота, градация және т.б. нақты жырдан мысалдар келтіріп, жан-жақты талдаулар жасалған. Жырдағы образдардың жасалуына ғалым айрықша мән беріп, жырдың басты қаһарманы Қобыландыдан бастап, эпикалық шығармалардағы Құртқа, Қарлыға, Қараман образдарына талдаулар жүргізген. Образдық талдауларда жырдағы басқа да кейіпкерлер, батырдың тұлпары, туған-туыстары, жау батырлары мен батырға көмек қолын созған дос-жарандар да қоса қаралып отырған.

Жырдағы ең басты қаһарман Қобыланды болса, оған қарама-қарсы берілген қайшылықты бейне Қараман деп бағаланған. Зерттеуші бұл мәселеде өзінен бұрын образдық талдаулар жасаған ғалымдар еңбектеріне бағалар да берген.

Сонымен, «Қобыланды батыр» жырына байланысты көп жылдар бойы тынымсыз еңбектеніп, жырдың варианттары мен версиялары, айтушылары, поэтикасына қатысты О.Ә.Нұрмағамбетованың зерттеу еңбегінің мазмұнына байланысты саралап шықтық. Еңбектің жалпы құрылымы мен мазмұнынан ең алдымен әбден өз ісіне машықтанған ғалымның қолтаңбасын танып, сандаған құндылықтарды жинақтай білген ерен еңбектің жемісін танытады. Ғылыми еңбектің басты жаңалығы «Қобыланды батыр» жырының бұрын талданбаған нұсқаларын ғылыми айналымға түсіріп, басқа халықтарда да кездесетін нұсқалармен салыстырыла тексеріліп, тұтастай жырдың көркемдік табиғаты, жырдағы қаһармандар әлемін саралап шығуын атауға тұрарлық.

Еңбектегі талас тудырмайтын мәселелерге келгенде, айырықша ерекшеленетін мәселелер мыналар:

Біріншіден, «Қобыланды батыр» жырының бұрынғы оқулықтар мен монографиялық еңбектерде 8-9 нұсқасы ғана қаралып, сол тұрғыдан жырдың тарихи негіздері мен образдық жүйесі, көркемдік ерекшеліктеріне баға берілгені баршаға аян;

Екіншіден, жырдың ноғай, татар, қарақалпақ нұсқалары шолу түрінде ғана аталып, ондағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар қысқаша қорытындыланып отырған. Диссертациялық еңбекте бұған толық көз жеткізіліп, басқа халықтардағы «Қобыланды» жырлары салыстырмалы тұрғыдан түбегейлі терең зерттелген;

Үшіншіден, «Қобыланды батыр» жыры нұсқалары жүйелі салыстырылмай, көбінесе тарихи тұрғыдан баға берулерде ғана дәлел мен дерек ретінде сараланатын. Бұл еңбекте жырды екі версияға жіктеп, одан кейін нұсқалар бойынша салыстыру нәтижесінде көне және кенже нұсқалары анықталған. Қорытындысында «Қобыланды жыры» өте ертеден келе жатқан жыр, кейінгі жыршылардың орындауында ол түрлі өзгерістерге ұшырауы орын алғаны нақтыланған;

Төртіншіден, жырдың бірінші версиясына жататын нұсқалары көне дәуір кезеңдері мен «Қорқыт жырлары» дәстүрінен хабар береді. Жырда ертегілік мотивтер молынан орын алған. Батырдың айдаһармен алысуы, қырық бес кез Қызыл ерлермен соғысуы, қорғаушы ғайып ерен, қырық шілтен, бұлттар, Баба түкті шашты Әзіз, Құртқаның болжамдары, түс көру мотивтері оны анық дәлелдейтін толық салыстырмалық тұрғыдан тексерілген;

Бесіншіден, зерттеуші жырда сандаған дәуір мен кезеңдердің елесі бар екендігіне назар аудартады. Оның басты себептері жырды айтушыларға байланысты екендігін ерекшелейді. Мұндай пайымдаулар «Қобыланды батыр» жырын зерттеуші М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Қ.Жұмалиевтар тарапынан айтылған еді. Ғалым бірнеше нұсқалар мен туысқан халықтарда кездесетін жырдың нұсқаларымен салыстырып, ондағы көне таным-түсінік пен берідегі нақты тарихи оқиғаларға байланысты ерекшеліктер сырын ашып бере алған;

Алтыншы, жырдың оқиғасы бірнеше ситуациялардан тұратынын ескерсек, батырлық жырды мотивтер арқылы талдауы сәттілік танытады. Себебі, жырдың көп нұсқалығына байланысты мотивтер бойынша саралау аса қолайлы, ғылымда қуатталған әдіс екендігі мәлім. Қазақ фольклортану ғылымында алғаш мұндай озық әдісті қолданып, соның нәтижесінде көлемді эпостық жырдың құрылымдық негізін ашқан О.Ә.Нұрмағамбетова екендігін ерекшелей атауға тұрады деуге болады.

Жетінші, жырдағы қаһармандар әлеміне баға беруде өзінен бұрынғы зерттеушілер пікірлерін қолдай отырып, жырдағы негізгі қаһарман Қобыландыға таяныш-тірек болған бейнелер жекелей алынып, жау батырларына мінездемелер берумен қоса, эпикалық шығармадағы Қараман бейнесіне байланысты жаңаша тұжырымдар жасалған. Жырдың өзге халықтар арасындағы нұсқаларында да қыпшақ эпикалық бірлестігі атаусыз қалмаған.

Сегізінші, тарихи тұрғыдан жырдың көп тексеріліп, дәуірлік жағынан сандаған ғылыми болжамдар мен тұжырымдарды салыстыра келіп, зерттеуші О.Нұрмағамбетова эпикалық шығармадағы негізгі оқиға хандығы құрылар алдындағы болған оқиға түйінге тоқталған. Бұл зерттеушінің өзі ұсынған концепциясы екендігі мәлім. Жырды арғы және бергі дәуірлерге бөлушілер пікірлерімен келіспейтіндігі нақтылы дәлелмен түсіндірілген.

Тоғызыншы, зерттеудің осы нәтижелеріне жүгіне отырып, жырдың тарихи және құрылымдық жүйесі көркемдік биік деңгейге жеткен. «Қобыланды батыр» жыры эпостың классикалық өресіне көтерілген, әбден жетілген мұра деген қорытынды жасалған.

«Қобыланды батыр» жырына еңбектің әрбір бөлімі мен тараулары бір-бірімен іштей бірлікте сараланып, негізгі тақырыпқа қызмет етіп тұрғандығы тарапынан бағаланған. Белгілі бір эпостың төңірегіндегі ұзақ жылдар бойғы ізденістердің жемісі, зерттеушінің бір ғана эпостық мұрамыз арқылы үлкен ғылыми жаңалық жасауға болатын парасаттылықтың жолындағы ізгілік іздері сайрап жатыр.

Дарынды ғалым А.Байтұрсынов: «Батырлар әңгімесінің құны қандай деген мәселеге келсек, мұнда айтуға тиіс: бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан, батырлар турасындағы әңгіме – халықтың

жаны, рухы турасындағы әңгіме; халықтың батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған. Ертегі жырдағы батырлар сипатына қарасақ, ол жырлар халықтың рухы нағыз көтерілген шағында шыққанын байқаймыз» [7, 52], - дейді.

Бір анығы жырдағы оқиғаны әр дәуірге, түрлі тарихи жайларға жақындата беру әлі де жалғаса беруі ықтимал. Әйтсе де, Қобыландының дәлме-дәл туған уақытын, жауға шапқан жылдарын айтып бере алмаспыз. Шамамен жыр оқиғасынан тарихи кезеңдер межесін ажыратуға болады. Ол үшін жоғарыдағы аталған нұсқаларды түгел оқып, толық таразылап алған жөн. Ғалым О.Нұрмағамбетованың нақты пікірі осы тұрғыдан айтылғаны анық.

Жырдың тарихи негіздері мен талдау барысында әр түрлі нұсқаларды зерттеушілердің шатастырып, өзінің ұстанған тарихи негіздерін ашуға байланысты бұрмалауларына байланысты О.Нұрмағамбетова тарапынан сындар да айтылған .

Ал, «Қобыланды батыр» жырындағы негізгі қаһармандар туралы ғылыми пайымдаулар мен ой-пікірлерге өзінің көз қарастарын ғылыми еңбегінде білдіріп отырған. Жырдың жалпы қазақ халқы үшін аса қымбатты қазынаға айналуы, ұлтымыздың асыл сөзді ардақтаған айтулы жыршы-жыраулары, ақындары ауыздан-ауызға көшіруі бұның сөзсіз дәлелі екендігі анық. «Қобыланды» жырынан халқымыздың салт-дәстүрін, этнографиялық және этнологиялық тұрғыдан мол мағлұматтар алатынымыз талас тудырмайды. Оны жырдағы оқиғалардың кез келген жерінен тауып, толық дәлелдер келтіре беруге әбден болады. Бұл тұрғыда жырға аса көңіл қойып, ғылыми зерттеумен айналысқан және көркем драмаға айналдырған М.О.Әуезов те бағалы пікірлер қалдырған. Жырдың тарихи негіздеріне байланысты М.Әуезовтің алғаш пікірінен қайтып, кейінгі зерттеушілермен санасуы да үлкен үлгі мен өнеге болып қалғаны мәлім.

Айтулы жазушы-ғалым М.О.Әуезов «Қобыланды батыр» жырына байланысты: «Халыққа қорған болған батырлардың ерлігін суреттеген жыр. Оның негізгі әңгімесі – халықтың ел қорғауы идеясынан туған . Ал бұл идея жырдағы басты кейіпкерлер арқылы ашылады. Халықтың арман-мүддесі қайсы, халықтың досы мен дұшпаны қайсы екендігін дәлелдеп көрсету үшін жырда кейіпкерлердің жағымды жағымсыз образдары жасалады және олардың бәрі де ойда қаларлықтай етіп суреттеледі», [8,223] – деп, тұжырымдаған екен.

Осы пікірдің нақты дәлелін О.Ә.Нұрмағамбетованың еңбегі терең танытып, белгілі жырды зерттеудің негіздемесін жасаған. Ғалым өзінің ұстанымын зерттеудің басынан бастап, соңғы түйінді пікірлеріне дейін өзгертпеген. Ғылым жолына адалдық пен шынайы берілудің басты қисыны мен қағидасы осында екендігі баршаға белгілі болса керек.

«Қобыланды батыр» жыры тіл көркемдігі, жалпы мазмұнының өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Осы бағыттағы алғашқы зерттеулер Ә.Бөкейханов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, С.Мұқанов, Р.Бердібаев, О.Нұрмағамбетова т.б. ғалымдар еңбектерінен басталса, оның тілдік мазмұнын тарихи-лингвистикалық, этимологиялық, этнолингвистикалық ақпарат негізіндегі жалғастығын Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Е.Жұбанов, Ж.Манкеева, Н.Уәлиұлы, Р.Шойбеков, А.Мұқатаева, С.Жапақов, Қ.Қаирбаева, Д.Керімбаев, А.Арысбаев т.б. еңбектерінен табамыз.

Қорытындылай келгенде, «Қобыланды батыр» жырын халықтық сипаты мол, ертеден келе жатқан көркем жырдың бірі деп бағалаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972. – 188 б.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Қаз. мем. көркем. әдеб. бас., 1958. – 404 б.
3. Нұрмағамбетова О.Ә. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». –

Алматы: Дешті Қыпшақ, 2003. – 480 б.

4. Путилова Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент // типологические исследования по фольклору. – М., 1975. – 143 с.

5. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

6. Рахымов Б.С. Тарихи жырлардың поэтикасы. 10.01.09 – «фольклортану» мамандығы бойынша: филол.ғыл.докт. ... автореф. – Алматы, 2000. – 55 б.

7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 399 б.

8. Әуезов М. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1969. -11т. – 365 б.

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭПОСА “КОБЛАНДЫ БАТЫР”

Джакыпбекова М., Скиндинова Ж.

Проведены сравнительные анализы научных мнений, связанных с исследованием произведения “Кобланды батыр”. Определены направления, уровень, сфера исследования имеющихся научных работ по данной теме. Сделан сравнительный анализ научных концепций вариантов изучаемого эпоса.

Ключевые слова: эпос, героический эпос, сюжет, идея, устная литература, фольклор, композиция, исследование.

RESEARCH OF EPOS “KOBLANDY BATYR”

Jakypbekova M., Skindirova Zh.

Comparative analyses of scientific opinions related to the study of the work “Koblandy Batyr” were carried out. The directions, level, and scope of research of existing scientific papers on this topic are determined. A comparative analysis of scientific concepts of variants of the studied epic is made.

Key words: epic, heroic epic, plot, idea, oral literature, folklore, composition, research.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 05.03.2020ж.

УДК 378.147:32.973

USING NEW TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Zhil kibayeva A.

The problem of using new information technologies in the educational process is relevant. The purpose of learning a foreign language is to form a subject of intercultural communication, then the use of new information technologies in teaching a foreign language is a necessity of teaching a foreign language.

Key words: authenticity, database, teleconferencing, empirical innovations, performance indicators, principle of cooperation, virtual audit board, to contribute7

Currently, communication, interactivity, and authenticity of foreign language teaching in the cultural context of the language learning process are dominant. These principles create prerequisites for the development of intercultural competence as a component of communication ability. In traditional foreign language teaching, language exercises are limited only to learning the language and learning the necessary material. That is, it will have the representation: "vocabulary + necessary structure = language". However, being limited to learning the language structure does not allow you to fully master the language as a means of communication. To teach language communication in a foreign language, it is necessary to create a real, life situation. It helps students learn the necessary material and form appropriate behavior. The Internet system is significant in solving this problem. Using information technology-updating the role of the teacher, bringing his experience, knowledge, training with new tools like Edmodo, Google Classroom, Moodle, Scoiler

Using of a computer in the classroom as an information technology equipment in any field, as well as in everyday life, allows you to conduct the learning process in a new environment. Therefore, first of all, the teacher must be ready for this in order to use the computer correctly in teaching their subject. Computer-based learning is an educational activity that increases students to the degree of subject, promotes personal development, and opens up great opportunities for independent search of student knowledge.

We will also describe it in a traditional foreign language lesson. In most cases, in the process of teaching a foreign language, the teacher manages the student's game, that is, he moves to a leadership position, rather than orientation or guidance. This action, as shown by psychologists, constrains the thinking process of students. For example, round-table questions and discussions should be developed by the teacher independently, plans are given and insisted on in conversation with students. In other words, a person is not given freedom in his or her utterance. A student can not think independently, formulate and Express interesting opinions without understanding the problem, getting the necessary information, creative approach to solving the problem. And in solving the problem, a new idea and a valuable opinion are very important. And if it is sure to be summed up and has an idea, then its result will be high. Performance indicators of foreign language teaching technology:

- Taking into account the moral and psychological, intellectual and age characteristics of students.
- Creating a positive mood for learning.
- Formation of the principle of cooperation, scientific communication and exchange of views between the teacher and the student.
- Increasing students activity through improving memory and creative level.
- A wider launch of multimedia and other technical equipment to the development of education.
- Final results of students ' satisfaction with prospects at the end of classes.

Educational technology has three types. They are traditional, innovative and informational. The main thing is not the combination of technologies, but its degree.

With the help of computer technologies, using various sources of information, resources, improves the professional skills of students to master the language through their own search. Introduction, storage and transfer of various information in new information technologies by electronic means. In accordance with the features of their use in the educational process, you can group them as follows: Computer training programs (electronic textbooks, simulators, Tutors, laboratory exercises, test systems). In accordance with multimedia technologies, the training system is conducted using a computer, video equipment, and an optical disk. Intelligent and expert system. Creating a database of information. Telecommunications devices that combine email, teleconferencing, broadband, or regional communication systems. Electronic library. These technologies are developing faster than their use in education. In higher education institutions, e-mail is most often used. Currently, the most common method of computer videoconferencing is

the exchange of audio information, video information exchange, virtual audit Board, keyboard with thematic information, file exchange, and multi-party conferences. These technologies are part of the student who speaks the most English. After all, these materials are provided only in English. The computer system is a tool for improving the educational process. However, information related to training on the Internet is rarely, little, and systematized. The educational process is managed through intermediate communication by receiving and sending materials by e-mail, copying coursework and theses, and exchanging interactive messages. Today, these technologies have a new and evolving meaning than learning. However, the desire to master a foreign language through the use of various information flows contributes to the formation of future medical students as a competent specialist. Students' development of technical knowledge in accordance with the professional program with the development of a foreign language is associated with a systematic increase in their readiness and search for technological information and pedagogical technologies for this purpose. The new pedagogical technology allows students to independently focus on learning a foreign language and take their abilities into account when preparing. In contrast to the methodology, the technology consists in the fact that the design of training is not based on generalization of experience, but on the scientific justification of training.

The technology is based on the stability of the result. Depending on the conditions and factors of training, pedagogical technology from the point of view of personal business position concretizes the properties of didactic education to the development of science using empirical innovations in the educational process to achieve high results. To do this, it is necessary to improve the content, teaching method, form of organization of the educational process, and the textbook.

Researchers of the problem of Internet technologies emphasize that any pedagogical technology is informational. Information technologies are characterized by the wide use of computer technologies in the educational process. The use of new information technologies in teaching meets the basic principles of pedagogical technology. The use of new pedagogical and telecommunication technologies in the study of a foreign language as a professional orientation is an innovative form of improving modern education.

Pedagogical technology is a joint technological activity of a teacher and students in order to improve the quality of education and achieve project results.

The use of innovative technologies in the classroom is the only way to create favorable conditions for its effectiveness, which in turn contributes to joint work and human relations. The application of an innovative approach to learning is a great achievement of practice-oriented learning, and its quality ensures that the huge needs for improving the quality of life are met, along with achieving the goal in the specific conditions of the acquired knowledge. The quality of innovative technologies meets the huge needs for improving the quality of life, along with achieving the goal in specific conditions of knowledge acquisition.

LIST OF REFERENCES:

1. New pedagogical and information technologies in the education system: Proc. Allowance for stud. ped. universities and higher education. qualif. ped. staff / Polat E.S., Bukharkina M.Yu., Moiseeva M.V., Petrov A.E. - M.: Academy, 2002. 272 c
2. Dissemination of TED ideas [Electronic resource] / URL: [https:// www.ted.com/](https://www.ted.com/) (reference date: 20.02.2016) 125 ISSN 2072-8395 Bulletin of MGOU. Series: Pedagogy 2016 / № 2
3. Mark Warschauer, Carla Meskill. Technology and Second Language Teaching // [Electronic resource] / URL: http://www.education.uci.edu/person/warschauer_m/tslt.html (reference date: 02.12.2015)
4. Nazarbayev N. A. Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps to a society of Universal Labor // Kazhastanskaya Pravda, July 10, 2012.
5. Bykanova V. I. Online technologies in teaching foreign languages in a technical university // High intellectual technologies and innovations in national research universities — 2014. — Volume 2 — P.19–21.

ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ*Жилкибаева А.К.*

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Кілт сөздер: *шынайылығы, деректер қоры, телеконференция, эмпирикалық инновация, нәтижелілік көрсеткіштер ынтымақтастық принципі, виртуалды аудиторлық кеңес, ықпал ету.*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ*Жилкибаева А.К.*

Актуальна проблема использования новых информационных технологий в образовательном процессе. Целью изучения иностранного языка является формирование субъекта межкультурной коммуникации, тогда использование новых информационных технологий в обучении иностранному языку является необходимостью обучения иностранному языку

Ключевые слова: *подлинность, баз данных, телеконференция, эмпирические инновации, показатели эффективности, принцип сотрудничества, виртуальный аудиторский совет, способствовать.*

Материал поступил в редакцию: 03.03.2020г.

ӘОЖ 822. 511. 112

**ЭЛЕКТРОНДЫ ЦИФРЛЫ ҚҰРАЛДАР НЕГІЗІНДЕ
«АБАЙТАНУ» КУРСЫН ОҚЫТУ***Кожазулов С.К., Смагулова Л.А., Дюсенбекова Ж.М.*

Мақалада Абай мұрасын оқытуда заманауи жаңа технологияларды қолдаудың жолдары қарастырылған. "Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту" бүгінгі күні оқыту технологиялары дамыған уақыттың сұранысынан туындаған келелі мәселе. "Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту" бағдарламасын құру әдеби деректер көздерінен ақпараттарды жинау, Web программалау тілдерінің мүмкіндігін барынша пайдалану арқылы жүзеге аспақ.

Кілт сөздер: *заманауи, технология, оқыту, бағдарлама, таңдау курсы, Web программалау, рухани, мұра.*

Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. [1]


"Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту" бүгінгі күні оқыту

технологиялары дамыған уақыттың сұранысынан туындаған келелі мәселе. ” Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту” бағдарламасын құру барысында әдеби деректер көздерінен ақпараттарды жинау, ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізу, Web программалау тілдерінің мүмкіндігін барынша пайдалану арқылы жүзеге аспақ. «Электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр»[2].

М.О.Әуезов негізін қалаған абайтану ғылымы саласы бойынша ғалымдар абайтану тарихы мен ақын мұрасын, пәлсапалық ойларын оқытуда көп еңбек сіңірді. ЖОО орындарында таңдау курсы ретінде әр оқу орнында әртүрлі сағат бөлініп, соған орай бағдарламалар жасалған. XIX ғасыр әдебиетінде бөлінген сағат саны да ақынның жұмбақ әлеміне терең бойлауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұлтымыздың идеологиялық темірқазығы, хакім Абайдың мұрасын оқып, «толық адам» тұжырымдамасымен терең танысу үшін де ”Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқытудың” маңызы ерекше. Ақын поэзиясын идеялық, көркемдік-эстетикалық, жанрлық, құрылымдық, тілдік-бейнелілік, стильдік тұрғыдан талдап, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын, реформаторлығын, ұлттық әдебиетті дамытудағы ролін таныту, аударма саласындағы талғамын, ұстанымдарын, жетістіктерін, еркіндігін, талантын, поэма жазудағы мақсатын, нәзіралық дәстүрді жаңаша жаңғыртуын талдап түсіндіру, қарасөздеріндегі сыни пікірлерін, тәлімдік өсиеттерін, діни танымдық уағыздарының сырына қанықтыра түсу ақын мұрасын бүгінгі күн талабы тұрғысынан оқытудың басты мақсаты да. Білім беру бағдарламасы талабы деңгейінде теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, зерттей оқу дағдысын, қалыптастыру”- «Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту” бағдарламасының бірден-бір алғышарты.

ЖОО-да ” Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту” электрондық оқулығы болашақ мамандардың ақын шығармашылығын тереңдей оқу арқылы ертең мектепке барғанда оқушыларға пәнді игертудегі, құзіреттіліктерін қалыптастырудағы маңыздылығын ескеруден туындаған мақсатты ізденіс. Web программалау тілдерінің мүмкіндігіне қарай Абайтану ілімінің басты үш саласын бірлікте оқыту қажеттілігі ескерілген:

1. Абайтану ілімінің қалыптасуы мен даму кезеңдері. Абай өлеңдерінің жарияланымдары, басылымдары, алғашқы зерттеулер бағыты. Абайтану ілімінің негізін қалауда М.О.Әуезовтің сіңірген еңбегі, абайтану іліміне, ақының ата тегіне, ақындық мектебіне, ақын шәкірттеріне жасалған саяси шабуылдар, М.О.Әуезовтің ғылыми концепцияларын жоққа шығаруға бағытталған сыңаржақ сындар, бүгінгі абайтанушы ғалымдар ізденістері. Ақынның өмірі мен туысы, өскен ортасы жайлы шежіре, деректер Ата тегі, өмірі бір бөлімге жинақталған.



Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы.

II БӨЛІМ. АБАЙ МҰРАСЫ

2. Абай поэзиясының заманының ең көкейтесті, ең күрделі, ең маңызды мәселелерін қозғаған, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өресі аса биік мүлде жаңа пікір толғаған поэзия.

Ақын мұрасының поэтикалық-танымдық қырларын, философиялық-тағылымдық мәнін айқындауға, талдап айтуға тірек боларлық біртұтас концепциялық көзқарас қалыптастыруда әр шығармаға тереңдеп үңіліп, өзіндік сипатын ұғып түсіне білу қажеттілігін пайымдау. Ақын мұрасының көкейтесті поэтикалық, пәлсапалық, текстологиялық мәселелерін де нақты тарауларға бөліп, жүйелеп оқытудың да ерекшелігі электрондық оқулықта қарастырылған.



III БӨЛІМ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ

Ақындық нәр алған мектебі

1. Қазақ ауыз әдебиеті, көне түркілік, жыраулық поэзия
2. Классикалық шығыс әдебиеті
3. Орыс, батыс әдебиеті

Ақын шәкірттері

1. Өз балалары. Ақылбай. Мағауия Тұрағұл
2. Шәһкәрім Құдайбердіұлы
3. Көкбай, Әріп, Әсет, т.б.

1. Шәһкәрім, Көкбайды, Әріп пен Әсетті сынаған өлеңінің мәні, өз балаларына берген ақындық тәрбиесі, 2. Шәһкәрім мен Мағауияның «Еңлік-Кебек», Мағауияның «Медғат-Қасым», Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс» поэмалары, Тұрағұлдың аудармалары. 3. Әсет, Әріп ақындардың «Евг. Онегинді» Абай дәстүрімен жырлауындағы ақынның ақындық-ұстаздық тәлімін таныту, поэмалардың романтикалық сипатын ашуға Абай әсерін аңдатуға көңіл бөліген.

Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызары анық. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасау, ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру болмақ. Келер ұрпақты елін, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Сондықтан да ертеңгі ұстазды дайындауда ЖОО-да абайтану курсы міндетті пән ретінде оқытудың маңызы зор.

М.О.Әуезов негізін қалаған абайтану ғылымы саласы бойынша ғалымдар абайтану тарихы мен ақын мұрасын, пәлсапалық ойларын оқытуда көп еңбек сіңірді. ЖОО орындарында таңдау курсы ретінде әр оқу орнында әртүрлі сағат бөлініп, соған орай бағдарламалар жасалған. XIX ғасыр әдебиетінде бөлінген сағат саны да ақынның жұмбақ әлеміне терең бойлауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұлтымыздың идеологиялық темірқазығы, хакім Абайдың мұрасын оқып, «толық адам» тұжырымдамасымен терең танысу үшін де "Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқытудың" маңызы ерекше. Ақын поэзиясын идеялық, көркемдік-эстетикалық, жанрлық, құрылымдық, тілдік-бейнелілік, стильдік тұрғыдан талдап, қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын, реформаторлығын, ұлттық әдебиетті дамытудағы ролін таныту, аударма саласындағы талғамын, ұстанымдарын, жетістіктерін, еркіндігін, талантын, поэма жазудағы мақсатын, нәзіралық дәстүрді жаңаша жаңғыртуын талдап түсіндіру, қарасөздеріндегі сыни пікірлерін, тәлімдік өсиеттерін, діни танымдық уағыздарының сырына қанықтыра түсу ақын мұрасын бүгінгі күн талабы тұрғысынан оқытудың басты мақсаты да. Білім беру бағдарламасы талабы деңгейінде теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, зерттей оқу дағдысын, қалыптастыру" - «Электронды цифрлы құралдар негізінде Абайтануды оқыту" бағдарламасының бірден-бір алғышарты.

Абайдың ақындық мектебін оқытуда алдымен ақынның нәр алған мектептерінің ерекшелігін, игі әсерін танытуда электрондық оқулықта танымал ғалымдар еңбектері жеке қалташаларға жинақталып қосымша оқуға берілген. Электрондық оқулықтың ақын шәкірттерінің шығармашылығымен жете танысу үшін ақпараттар жинақталып, жүйеленген, Абайдың оларға ақын-ұстаз ретіндегі тақырып беру, бағалау, сынау, бағыт-бағдар көрсету тәрізді тәлімін, ақын шәкірттерінің Абай дәстүріндегі шығармаларын талдауда естеліктердің де маңыздылығы ескеріліп жинақталған.

Web программалау тілдерінің мүмкіндігі арқылы оқытушы сандық технологияларды және АКТ-ны электрондық оқулық арқылы сабақ беруде тиімді пайдаланады. Осындай дағдылар негізінде ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну,

алмасу үшін қолдану және ол ақпаратты интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білуге дағдыланады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Web программалау тілдерінің мүмкіндігін қарай ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, оқытушыға сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Электрондық оқулық оқыту барысында ғылыми жетістіктерді пайдалану, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсетуге арналған. Білім алушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.[3]

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, цифрлық технология арқылы оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызары анық. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі» [4], – деген ойлары дәлел. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайтануды оқытуда қолжетімді электрондық оқулық арқылы бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» «Егемен Қазақстан» 2020 ж. 9 қаңтар
2. Соловев А.В. Дидактика и технология электронного обучения в системе Кадис / Сборник статей «Индустрия образования». Выпуск 6. М., МГиУ, 2002
3. Н.Н.Соболева и др. Электронный учебник нового поколения. «Информатика и образования» №6 2014
4. Мырзахметов М. Абай және шығыс. Алматы., 1994-208.б.

ОБУЧЕНИЕ КУРСУ «АБАЙТАНУ» НА ОСНОВЕ ЭЛЕКТРОННО-ЦИФРОВЫХ СРЕДСТВ

Кожасагулов С.К., Смагулова Л.А., Дюсенбекова Ж.М.

В статье рассмотрены пути поддержки новых современных технологий в изучении наследия Абая. "Обучение абаеведению на основе электронных цифровых средств" сегодня актуальная проблема, вызванная спросом времени, в котором развиты технологии обучения. Создание программы "обучение абаеведению на основе электронных цифровых средств" будет осуществляться путем сбора информации из литературных источников, максимального использования возможностей языков Web-программирования.

Ключевые слова: *современные, технологии, обучение, программа, курс по выбору, Web программирование, духовное, наследие.*

TRAINING IN THE COURSE "ABAYTANU" ON THE BASIS OF ELECTRONIC AND DIGITAL MEANS

Kozhagulov S., Smagulova L., Dyusenbekova Zh.

The article considers ways to support new modern technologies in the study of Abay 's heritage. "Teaching abaytanu on the basis of electronic digital means" today is a pressing problem caused by the demand of time, in which the technologies of training are developed. The creation of the program "training in abaytanu based on electronic digital means" will be carried out by collecting information from literary sources, maximizing the possibilities of Web- programming languages.

Key words: *modern, technologies, training, program, elective course, Web programming, spiritual, heritage.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.02.2020ж.

УДК 378.02:8:81373:811.161.1

ТИПОЛОГИЯ ЛЕКСИЧЕСКИХ ЗНАЧЕНИЙ СЛОВ И СОЧЕТАЕМОСТЬ

Есимкулов Б.Н., Есимкулова А.Б., Мухаметбек А.

Предметом исследования данной статьи является связь лексического значения слова и сочетаемости. Целью – анализ типологии лексических значений слова, представленной в лингвистической литературе, и сочетаемости.

Результаты исследования показали, что сочетаемость слова со временем меняется. Это влечет за собою изменение семантики слова. Чем шире сочетаемость слова, тем глубже семантическая структура слова. Особый интерес вызывают окказиональные сочетания слов.

Ключевые слова: *лексическое значение слова, сочетаемость, основное значение слова, производно-номинативное значение слова, переносное значение слова, валентность, синтаксическая сочетаемость, лексическая сочетаемость, семантическая сочетаемость, окказиональная сочетаемость.*

Один из главных показателей речевой культуры – богатство словарного состава, умение точно выбрать слово в соответствии с коммуникативными задачами и правильно его употребить в речи. Употребление слова в речи определяется особенностями его лексического значения. Поэтому важным является исследование типологии лексических значений слова.

В отечественной лексикологической науке одним из первых поставил вопрос о типах лексических значений слов академик Виктор Владимирович Виноградов. В 1953 году выходит его основополагающая статья «Основные типы лексических значений слов» [1]. Суть его концепции состоит в двояком подходе к классификации значений:

1. По принципу отношения лексического значения к обозначаемому объекту действительности: это основные номинативные значения, прямые, по Виноградову, затем переносные и экспрессивно-синонимические:

2. По признаку поведения слова в синтагматическом ряду в рамках словосочетания и предложения, т.е. по характеру лексической сочетаемости: это свободные лексические значения, фразеологически связанные, функционально-синтаксически ограниченные и конструктивно-обусловленные.

«В системе значений, - писал В.В.Виноградов, - выражаемой словарным составом языка, легче всего выделяются значения прямые, номинативные, как бы непосредственно направленные на «предметы», явления, действия и качества действительности (включая сюда и внутреннюю жизнь человека) и отражающие их общественное понимание» [1,с.12]

Сравним: вода, земля, иду, голова и мн.др.

Очень интересно и важно выделение В.В.Виноградовым экспрессивно-синонимического типа значений, о которых он пишет следующее: «У многих слов, принадлежащих как к основному словарному фонду, так и прочей части словарного состава языка, есть стилистические синонимы в разных пластах или слоях лексики. Значительная часть этих синонимов лишена прямого, свободного номинативного значения. Подобные синонимы выражают свое основное или опорное слово, которое является базой соответствующего синонимического ряда и номинативное значение которого непосредственно направлено на действительность» [1,с.14]. Напр., глагол «облечь» является стилистическим синонимом к глаголу «одеть», поэтому лексическое значение слова «облечь» следует рассматривать как экспрессивно-синонимическое. Или: городить (вздор) по отношению к слову «говорить» и т.п.

В переносном, или производно-номинативном значении слова, соединяются, сосуществуют основное (прямое) значение и новое, производное, появившееся в результате переноса названия одного предмета на другой. Напр. «голова» в значении «ум, способности» (Он у нас голова!).

Второй принцип, положенный в основу классификации типов лексических значений слов В.В.Виноградовым, учитывает поведение слова в синтагматическом ряду, т.е. характер лексической сочетаемости. На его основе он выделяет свободные значения слов, которые минимально зависимы от контекста, синтагматического окружения. Напр. «голова» в значении «верхняя часть туловища человека или передняя часть туловища животного» (Голова красиво причесана, и т.п.).

Фразеологически связанные значения как тип В.В.Виноградов соотносит с многозначными словами прежде всего: «Вокруг многозначного слова группируется несколько фразеологических серий. Большая часть значений фразеологически связана. Иметь разные значения для слова чаще всего значит входить в разные виды семантически ограниченных фразеологических связей. Значения и оттенки значения слова большей частью обусловлены его фразовым окружением... Фразеологически связанное значение лишено глубокого и устойчивого понятийного центра. Общее предметно-логическое ядро не выступает в нем так рельефно, как в свободном значении»[1]. Например, лексическое значение слова «заклятый» выступает лишь рядом со словом «враг», «окладистая» - рядом со словом «борода», «проливной» - рядом со словом «дождь» и т.д. Если рассматривать эти слова с позиции отношения значения к обозначенному объекту действительности, то данные лексические значения могут быть отнесены к экспрессивно-синонимическим.

Синтаксически обусловленный тип лексического значения выделяется с точки зрения условий его образования. Наиболее четко выделяются синтаксически обусловленные значения у слов, которые функционируют в роли предиката. Напр., ангел - идеал, лучшее воплощение чего-либо положительного (Ты мой ангел), жук- хитрый, изворотливый человек (Хорош жук!), лиса- лживый, хитрый человек (Знаю эту лису!), заноза - придирчивый, язвительный человек (Ну, парень, заноза же ты, как я посмотрю!), ворона - ротозей, зевака (Ворона! Пропустил почтовый ящик!) и др.

Пометы, которые обычно даны к этим словам в словарях, говорят о том, что данный тип лексических значений формируется в основном в разговорной речи.

Концепция В.В.Виноградова оказала существенное влияние на последующие идеи в области лексической и семантической типологии. В ходе дальнейшего развития этих идей некоторые ее положения были расширены, другие - модифицированы, видоизменены. В целом же в настоящее время типы лексических значений слов рассматриваются по нескольким

направлениям, определяющим взаимодействие их и пересечение при характеристике слова: Такую типологию в рабочем порядке можно свести в следующую таблицу:

	Характер соотношения (оппозиции) как основание типологии лексического значения	Тип лексического значения	Иллюстрации
	1	2	3
1	Отношение слова с его лексическим значением к обозначаемому объекту	Прямые (основные) номинативные значения- переносные (производно-номинативные)	«Звезда» - небесное тело геометрическая фигура, а также любой предмет с треугольными выступами
2	Последовательность появления лексического значения	Первоначальные(непроизводные) – вторичные (производные)	«Гость» - купец (устар.) - посетитель дома
3	Широта использования	Основные (центральные) и неосновные (периферийные), к которым относятся профессиональные, жаргонные, узко спец., стилистически окрашенные и т.п.	«Ястреб» - птица и «ястреб»- политический экстремист «ласточка» - птица (нейтр.) и ласк. о человеке
4	Характер поведения слова в контексте, т.е. характер лексической сочетаемости	Свободные-связанные - фразеологически связанные, -синтаксически обусловленные -конструктивно обусловленные	«Вода» (прямое знач.) чревато последствиями Брат-душа компании. Ангел любви (только с род.пад.)
5	Характер употребления	Узуальные (общезыковые, обычные)- окказиональные (индивидуально-авторские), созданные в определенном контексте	Цветастый платок. Цветастая радость (Шукшин)

Каждое слово русского языка может быть охарактеризовано с разных, указанных в таблице точек зрения (или позиций), и такая характеристика слова называется типологической. Например, слово «сталь» в предложении «В обгон всего на свете военная *сталь* катилась на запад, оставляя глухоту в ушах и щемящую надежду в сердце» (Л.Леонов) типологически может быть охарактеризовано следующим образом: это переносное, производно-номинативное значение; вторичное с позиций последовательности появления; неосновное, т.к. связано с профессиональной сферой его применения; синтаксически обусловленное, т.к. именно в конкретном сочетании с другим словом (военная) может быть понято в своем переносном значении; окказиональное, индивидуально-авторское. Именно так следует подходить к лексикологическому анализу любого текста, чтобы точнее представить смысл, заложенный в каждом словоупотреблении.

Современное состояние изученности лексической системы приводит к выводу о том, что "...Все виды непосредственных семантических отношений, в которые может вступать или которые может развивать данное слово, содержатся в свёрнутом виде в структуре его значения" [2, с.83].

В связи с этим положением возникает вопрос о соотношении и взаимосвязи "внутренней" семантической организации слова с межсловными (синтагматическими) связями, наиболее полно проявляющимися на текстовом уровне. Эти две стороны лексико-семантической системы представляют собой неразрывное единство. Описание коммуникативных свойств слова возможно только при учёте всех имеющихся в составе значения компонентов, так как "...употребление не безразлично к семантической структуре слова" [3, с.37]. С другой стороны, характеристика значений глагольных полисемантов не ограничивается определением их внутрисловных связей, т.е. отношением к исходному для них значению. "...Собственное" значение слова ... обусловлено его отношением с другими словами" [4, с.114], т.е. оно зависит "от общественно осознанных и отстоявшихся контекстов его употребления, от конкретных лексических связей его с другими словами, обусловленных присущими данному языку законами сочетания словесных значений, от семантических отношений этого слова с синонимами и вообще близкими по значениям и оттенкам словами, от экспрессивной и стилистической окраски слова" [1, с.6]. Иными словами, в характеристику значения входит его отношение к другим словам, то есть парадигматические отношения, создающие основу для установления слов в пределах лексико-семантических групп, а также отношения с другими словами, то есть синтагматические отношения, раскрывающие лексические связи, обусловленные законами сочетания словесных значений.

Выдвинутая В.В.Виноградовым типология лексических значений ориентирована на многозначные слова, в семантической структуре которых выделяются основные значения, "как бы непосредственно направленные на "предметы", явления, действия, качества действительности и отражающие их общественное понимание" [1, с.172], а также производные номинативные и переносные значения.

Переносное значение слова следует отличать от номинативно-производного, так как производность и перенос как семантические процессы имеют разную понятийную и логическую основу.

Уточнения требует и ряд вопросов, связанных с проблемой синтагматических отношений многозначных глаголов, в частности, вопрос о валентности.

Под валентностью понимается способность слова к семантическому и синтаксическому распространению.

Использование двух терминов валентность и сочетаемость в качестве синонимов приводит к некоторой расплывчатости понятия, им обозначаемого. Поэтому представляется оправданным проведённое в ряде работ разграничение валентности слова и его сочетаемости. Это разграничение осуществляется в различных терминах: семантическая и синтаксическая валентность, реляционная и конфигурационная валентность, семантическое и синтаксическое управление, формальная и содержательная валентность, "поверхностная" и "глубинная" валентности, валентность слова и его сочетаемость. Неразграничение валентности (как потенции) и сочетаемости (как реализации) в ряде работ приводит их авторов к определённым противоречиям. Так, например, в работе Н.З. Котеловой под сочетаемостью понимается "не только набор, репертуар распространяющих форм, но и условия их реализации, их организация в линейном и парадигматических рядах" [5, с.81], то есть сочетаемость как потенция слова (валентность) и сочетаемость как реализация (собственно сочетаемость) одновременно. Однако в той же работе противопоставляется абсолютная сочетаемость (сочетаемость слова, свойственная слову, как таковому, независимо от условий его реализации) и относительная сочетаемость (сочетаемость, реализующаяся при том или ином условии) [5, с.53], то есть валентность и собственно сочетаемость. Ср. также определение сочетаемости в работе Е.С.Кубряковой [6, с.26].

В лингвистической литературе выделяется семантическая (лексическая) и синтаксическая валентности.

Синтаксическая валентность слова характеризуется как его способность или неспособность вступать в синтаксическую связь с некоторым классом слов, как потенциальная способность определённых разрядов или форм слов сочетаться с другими разрядами или формами слов.

Под семантической (лексической) валентностью слова понимается потенциальная сочетаемость слова с другими словами, способность данного слова как определённой лексемы встречаться с другой лексемой.

Таким образом, если синтаксическая валентность (и сочетаемость) слова определяется его лексико-грамматической характеристикой, то семантическая (лексическая) валентность и сочетаемость определяются лексическим значением слова.

Синтаксическая и семантическая валентность слова находятся в сложном взаимодействии. Синтаксическая валентность слов одной части речи выступает как самый общий фактор, определяющий лексические связи. Именно в пределах общих разрешающих возможностей, которые создаются моделями синтаксической сочетаемости, устанавливаются лексические ограничения. Вопрос об ограничениях, запретах на сочетаемость не получил в лингвистической литературе однозначного решения. В.Н.Телия, выделяя три аспекта несвободной сочетаемости, – лексический, семантический, семантико-лексический, характеризует их, как 1) “сочетаемость в силу узуально закреплённой реализации лексем”, 2) сочетаемость, основанную на реализации словесных значений в строго определённых “фразовых контекстах”, 3) сочетаемость, регламентированную природой самих обозначаемых [7, с.247].

Однако во всех трёх случаях налицо семантическая избирательность слов. (Ср. сочетания, приведённые В.Н.Телией здесь в качестве примеров, иллюстрирующих различные типы избирательности: 1) без зазрения совести, совесть зазрела, 2) железная, твёрдая воля, решимость, твёрдое намерение, 3) подзорная труба, обложной дождь, смежить веки, глаза).

Н.Д.Арутюнова указывает на собственно-лексические и лексико-семантические ограничения. “В первом случае выбор детерминирован таким фактором, как присутствие другого слова, осуществляющего семантическую номинацию и обозначающего опорное (выбираемое ранее) понятие. Во втором случае выбор определяется (...) той категорией реалий, к которой оно относится [8, с.85].

Более оправданным представляется подход, отражённых в работах В.Г.Гака, Г.В.Колшанского, А.А.Уфимцевой и других, подход, в соответствии с которым закон смыслового согласования признаётся единым. Его действие сводится к следующему: “для того, чтобы два слова составили правильное сочетание, они должны иметь помимо специфических, различающих сем одну общую сему”[9].

Г.А.Золотова приходит к выводу о том, что большинство сочетаний глаголов с именами строится на основе синсемичности, взаимной готовности обеих сторон к соединению.

Закон согласования смыслов действует на различных по объёму синтагматических отрезках. Минимальный семантический контекст принимается в качестве самодостаточного для “выведения” “семантических правил” образования сочетаний [10].

Вопрос о взаимодействии значения и его контекста также является дискуссионным. Так, например, по мнению Г.В.Колшанского, существует закон прямой зависимости контекста и значения. При этом контекстно связанной признаётся семантика любой языковой единицы.

Иная точка зрения представлена в работе В.А.Звегинцева. Как отмечает исследователь, лексическое значение слова “может складываться из нескольких потенциальных типовых сочетаний, которые с различных сторон характеризуют единое

смысловое целое” [11,с.125-126]. “В плане чисто лингвистическом значение слова определяется его потенциально возможными сочетаниями с другими словами, которые составляют так называемую валентность слова” [11, с.123].

Для Р.А.Будагова, напротив, факт осмысления основного значения каждого слова независимо от контекста неоспорим.

Минимальную зависимость основного значения от контекста, его “автосемантизм” отмечает Э.В.Кузнецова. Прежде всего вторичные значения могут быть противопоставлены основному как значения “синсемантические, обусловленные контекстом” [12,с.106]. Д.Н.Шмелёв подчёркивает наибольшую парадигматическую и наименьшую синтагматическую обусловленность основного значения [10,с.112]. Дополняя их высказывания, А.П.Чудинов характеризует основное значение как обязательное, вторичные значения – как факультативные, подчёркивая, что “вторичные значения отчётливо воспринимаются как неосновные, переносные, зависящие, с одной стороны, от основного значения, с другой, - от контекста” [13 с.8].

Вопрос о том, как сочетается слово с другими словами, какими правилами и запретами следует руководствоваться, - один из важнейших вопросов речевой культуры. Нередко говорящий ставит перед собой вопросы, как лучше сказать: *рецензия о статье или рецензия на статью, категорический ответ или категоричный*. Правила сочетаемости имеют большое значение при употреблении слов в речи. При этом следует обращать внимание как на правильный выбор предложно-падежной формы, так и на сочетаемость лексических значений.

Жизнь слова в языке предполагает непрерывное обогащение его семантики (системы значений). Например, в последние годы появились новые значения у слов *пират* («лицо или организация, занимающаяся незаконным копированием и распространением чужой аудио и видеопродукции, компьютерных программ, книг и т.п.»), *читать* («получать данные из памяти для выполнения с ними каких-либо действий», *читать файлы с компакт-диска*).

Необходимо заметить, что с течением времени сочетаемость слова может изменяться. Новое окружение слова часто свидетельствует о том, что у слова возникло новое значение. Ср.: *девальвация рубля и девальвация культуры*; *начертить пирамиду и организовать финансовую пирамиду*; *длинный коридор и валютный коридор*.

Характерная черта современной речи – расширение сочетаемости слов, относящимся к сферам политики и экономики. Новые словосочетания очень активно используются в теле- и радиопередачах, в публицистике. Сравнительно недавно вошло в русский язык и уже прочно закрепилось в нашем языковом сознании слово *менеджер*. Менеджер – «наемный профессиональный управляющий предприятия, член руководящего состава компании, банка, финансового учреждения, их структурных подразделений; специалист в области управления». В последние годы в связи с развитием и видоизменением рынка труда слово менеджер стало входить в словосочетания с различными существительными, обозначая при этом разновидности профессии: менеджер по строительству, по персоналу, по продажам, по рекламе и т.д.

Чем активнее используется слово, тем с большим количеством слов оно сочетается, тем активнее происходит рост числа его значений. Так, слово *тусовка*, которое сравнительно недавно считалось жаргоном, сейчас употребляется в солидных изданиях в сочетаниях с такими словами, как *музыкальная, политическая, светская, молодежная*.

Неточное представление о значении слова нередко ведет к использованию неправильных, тавтологических сочетаний типа *памятный мемориал* (мемориал – от лат. Memorialis – памятный), *свободная вакансия* и др. Вакансия – незамещенная должность, свободное место в учреждении, учебном заведении.

Особый интерес вызывают окказиональные сочетания. Окказиональные сочетания слов привлекают внимание многих исследователей как мощное стилиобразующее средство. Функциональное достоинство необычных сочетаний слов в том, что необычные сочетания

слов позволяют передавать новые глубокие образные смыслы. Оказиональные сочетания слов не являются предметом исследования синтаксиса, так как речь идет не о нарушении синтаксической сочетаемости, а о соединении несоединимых понятий, о нарушении привычных сложений смыслов слов, заложенных традицией, обусловленных логикой. Однако именно такие сочетания вызывают интерес читателя.

Для лингвистического анализа особый интерес представляет та часть необычных сочетаний, которая возникла на базе существующих в языке сочетаний слов, то есть представляет собой видоизменение языкового образца. В качестве языковых образцов могут выступать свободные сочетания (*писать стихи – выделять стихи, плясать польки – топтать польки, играть в преферанс – наяривать в преферанс* и т.п.). В правильном сочетании все компоненты скоординированы, они не противоречат друг другу. В необычном сочетании эта координация нарушается.

Анализ необычных сочетаний позволяет глубже проникнуть в механизм образования правильного сочетания и выявить не только зависимость синтаксической функции от лексического наполнения и морфологической формы слова, но и зависимость морфологической формы от лексического наполнения. Оказиональная лексическая сочетаемость проявляется прежде всего в том, что при сохранении структуры словосочетания привычная лексическая сочетаемость в той или иной степени нарушается.

Таким образом, характеристика отдельных значений слова тесно связана с характеристикой сочетаемости слова. Неожиданные соединения слов, наблюдаемые в языке, ведут к изменению семантической структуры слова.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова. // Виноградов В.В. Избр.тр. Лексикология и лексикография. - М.: Наука, 1977. - с.162-189.
2. Никитин М.В. Лексическое значение слова. М., 1983. - с.127.
3. Гальперин И.Р. Относительное употребление терминов “значение”, “смысл”, “содержание” в лингвистических работах. // Филологич. науки. - №5. - с.37.
4. Шмелёв Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. - М.: Наука, 1973. - с.280.
5. Котелова Н.З. Значение слова и его сочетаемость (к формализации в языкознании). Л.: Наука, 1975. - с.164.
6. Кубрякова Е.С. Лексическая и синтаксическая сочетаемость слова и её отражение в процессах словообразования. // Проблемы сочетаемости слов: Сб-к науч.тр. - М., 1979. - с.24-31.
7. Телия В.Н. Семантический аспект сочетаемости слов и фразеологическая сочетаемость. // Принципы и методы семантических исследований. - М.: Наука, 1976. - с.244-267.
8. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. - М.: Наука, 1976. - с.393.
9. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурной лингвистики. 1971.- М., 1972.
10. Шмелев Д.Н. Очерки по семасиологии русского языка. М., 1964.
11. Звегинцев В.А. Семасиология. - М.: Изд-во Моск.гос.ун-та, 1957. - с.322.
12. Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка: Уч. пособие для фил.фак.ун-тов. - М.: Высш.шк., 1982. - с.152.
13. Чудинов А.П. Регулярное семантическое варьирование русской глагольной лексики: Автореф.дисс. ... докт.ф.н. - Свердловск, 1990. - с.32.
14. Пестова Е.М. К проблеме необычных сочетаний слов (на материале поэтических текстов В.В.Маяковского)//Проблемы лексико-синтаксической координации. –Ленинград., 1985.- с.147-153

ЛЕКСИКАЛЫҚ МӘНДЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТІРКЕСТЕРІ

Есімқұлов Б.Н., Есімқұлова А.Б., Мұхаметбек А.

Бұл мақаланың тақырыбы - сөздің лексикалық мағынасы мен тіркестері. Мақсаты - лингвистикалық әдебиетте ұсынылған сөздің лексикалық мағыналарының типологиясын және үйлесімділігін талдау. Зерттеу нәтижелері уақыт өте келе сөздің үйлесімділігі өзгертіндігін көрсетті. Бұл сөздің семантикасының өзгеруіне әкеледі. Сөздің үйлесімділігі неғұрлым кең болса, сөздің мағыналық құрылымы соғұрлым терең болады. Ерекше қызығушылықты окказионалдысөз тіркестері тудырады.

Кілт сөздер: сөздің лексикалық мағынасы, үйлесімділік, сөздің негізгі мағынасы, сөздің туынды-номинативті мағынасы, сөздің бейнелі мағынасы, валенттілік, синтаксистік үйлесімділік, лексикалық үйлесімділік, семантикалық үйлесімділік, окказионалды тіркесім.

TYPOLOGY OF LEXICAL MEANINGS AND COMPATIBILITY

Esimkulov B., Esimkulova A., Mukhametbek A.

The Subject of this article is the relationship between the lexical meaning of a word and combinability. The goal is to analyze the typology of lexical meanings of a word presented in the linguistic literature and its compatibility. The results showed that the combination of words changes over time. This entails a change in the semantics of the word. The wider the word compatibility, the deeper the semantic structure of the word. Occasional word combinations are of particular interest.

Key words: *lexical meaning of a word, combinability, main meaning of a word, derivative-nominative meaning of a word, figurative meaning of a word, valence, syntactic combinability, lexical combinability, semantic combinability, occasional combination.*

Материал поступил в редакцию: 03.04.2020г.

ӘОЖ: 811. 512. 122' 42'

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КИІМ-КЕШЕК АТАУЛАРЫ

Самекбаева Э.М., Ербол М.

Бұл мақалада Шәкәрім шығармаларында кездесетін киім-кешек атаулары жайлы сөз етіледі. Шәкәрім шығармаларындағы киім-кешек атауларының халықтың, ұлттың, этностың қалыптасу, даму тарихында күні бүгінге дейін өзіндік орны бар екендігі жайлы қарастырылады.

Кілт сөздер: *этнографиялық лексика, тілдік тұлға, образ, семантика, лексема, макрокомпонент, детальдар, менталитет, мағына.*

Әрбір халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен сөз байлығымызды жинап, толық меңгеріп, өзіндік нақыш-бояуымен келесі ұрпаққа табыс ету – бүгінгі таңдағы қазақ лингвистикасында қалыптасқан этнолингвистика саласының негізгі міндеттерінің бірі.

Ғалым Ж.А. Манкеева «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани- мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын,

дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол- мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы»,- деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің бойындағы ұлттық сипатты айқындай түседі [1, 156.].

Академик Ә.Қайдар: «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана танып-білуге болады» [2, 304б.], – дейді.

Олай болса, Шәкәрім шығармалары тілінде қалыптасқан киім-кешек атаулары қатысты тарихи-этнографиялық деректердің, этнолингвистикалық сипатын зерттеу, талдаудың өзектілігі дау туғызбайды.

Киім-кешек атаулары: Шәкәрім шығармаларында кездесетін киім атаулары: Бас киім атаулары: тымақ, желек, шаршы, сәлде, тақия т.б; *Сырт киім атаулары:* шапан, бешпент, ішік, тон, күпі, шалбар т.б; 3). *Аяқ киім атаулары:* етік, башпақ т.б. Шәкәрім шығармаларындағы киім атауының лексемалары ерекше символдық мәнде жұмсалады. Мұндағы жиі кездесетін бас киім атаулары: *бөрік, тымақ, тақия*. Этнографиялық лексиканың мәні осы ұлттық-мәдени құндылықтардың қатарын құрып тұрмыстық атауларға, олардың мағыналық топтарына байланысты тілдік танымнан сол атауларды қолдану, мағынасының өзгеру, тілдік мақсаттарды жүзеге асыра алу мүмкіндіктерінен хабардар береді. Шәкәрім шығармаларында кейіпкерді суреттеуде - туыстық, кәсіп-мамандық, лауазым киім-кешек, әшекей, бұйым атаулары (етік, сырға) т.б. қолданылады. Этнографиялық лексиканың тілде қолданылу ерекшелігі әлеуметтік жағдайға да байланысты болады. Сондықтан, тілдік тұлғаның танымы, оның сөйлеуіне әсер етпей қоймайды.

Киім атаулары туралы хабары бар тілдік тұлға сол киім атаулары туралы қатысымға жұмсауға, сөйлеу актісінде қолдануға ұмтыла отырып, мағына жасайды. Ақын образ ашу үшін, осыған қатысты жайттарды ашу үшін сол ортаға қатысты құбылыстар мен заттар атауларын қолдануы заңды. Бұл жайттар семантика үшін маңызды. Ал мына мысалда жазушы кейіпкер жан дүниесінің ішкі иірімдерін жеткізуде киім атаулары арқылы беріп тұр. Арқасы күнге күйген дамбалшаң орақшылар бастарына желбіретіп *орамал тартып*, кейбірі әдейі күлсін дегендей, орған ұзын шалғыннан басына *сәлде оран* көлбектеп, күрілдетіп пішен шауып жүр [3, 524б.]

Тағы бір мысал келтірейік. Жайдақ атқа мінген *ақ дабы көйлек-дамбалшаң* жылқышы құлынды биелерді құрықтың астына алып, желіге иіріп, *ескі кір көйлекті, ақ дамбалды* биеші құлынды мойнынан құшақтай алып ноктамаен желіге байлап жатыр [3, 510 б.]

– Мырза, ұят болмаса, тысқа шықсаңыз, сізге біреудің айтқан сәлемі бар еді!- деген соң, Әділ мен Серікбай ере шығып, әлгі жігіт *күпісінің жыртығынан* бір қағаз алып Әділге берді... [3, 518 б.]б.). Келтірілген мысалдардағы этнографиялық лексемалар белгілі бір әлеуметтік топ өкілін суреттеудегі, сол топ өкілдерінің бейнесін ашудағы басты құрал болып табылады. Мұндағы *кір көйлек, жыртық күпі* лексемалары арқылы кедей семасын беріп тұр. Оқиғаның мазмұнын беруде этнографиялық лексиканың қызметі ерекше. Кейіпкердің бейнесін беруде оның қолданған заттарын санамалап беру, кейіпкердің жиынтық белгісін қалыптастырған.

Жалпы, семантика тұрғысынан алып қарастырғанда, макрокомпоненттер, олардың сөздегі жинақталған элементтері детальдар болып табылады. Мақалада көрсетілгендей этнографиялық лексиканың аясына енетін киім атаулары осыған нақты дәлел. Мысалы: *Түлкі тымақ*, сырты пай, Мойнында бар ақ шарп. *Қымбат ішік, қыл шапан* Папирос тарттым баптанып, *Бешпет, шалбар* – *сукнодан*. Тігінші тіккен ақша алып

[4, 57 б.].

«Түлкі тымақ, қымбат ішік, қыл шапан, беишет, шалбар – сукнодан» секілді қазақ тұрмысында дайындалатын дәстүрлі киім-кешек ерекшелігіне қарай негізгі қолданған шикізаттары төрт түлік малдың жүні мен терісі, аң терілері, құстың мамығы болған. Суреттеліп отырған этномәдени лексиканың маңыздылығы оқырманға жетуі және оның санасынан орын алып ұлт менталитетіндегі алатын орнының айрықша көрінетінінде.

Жалынып саятшыға жетіп барды:
«Ағатай мен де осындай едім зарлы».
Оқалы алтындаған *тонын* беріп,
Өзімдей ғарып қой деп киікті алды [3, 57 б.]

Автордың алдыңғы мысалында тымақтың бас киім, яғни, қарапайым тымақ болса, кейінгі мысалдарда тымақ сөзінен тымақ киген қай әлеуметтік топтың адамы екені көрініп тұр. Яғни, малшы адамдар деген сөздің орнына қолданылған. Сонымен бірге осы мысалда *қымыз, шидем* сөздері де этнографиялық лексикаға жатады.

Енді «*тымақ*» сөзіне берілген мысалға тоқталайық: – Шүйінші-шүйінші! Ұл тапты, – деп келіп Әділдің тымағын алып басына киіп, өз тымағын Әділге кигізді [3, 536 б.] «*Тымақ*» сөзінің түсіндірме сөздікте мағынасы- аң терісінен жасалған суықта киетін бас киім [5, 666 б.].

Тағы бірер мысал: Мамыр жылқы бағады күндіз барып, *Тымақ киіп* қолына құрық алып [3, 281 б.] Дәл осы кезде кәрі Шыңғыс тау, бауырында жапқан қара шымылдық сияқты көлеңкеңді төстегі елге түсіріп, сенің соныңды білгендей-ақ қымызға тойып алған тапалдау қара қойшы шидемнің бір жеңін белсеніп алып, үйден шыға келіп, қойдың алдына келіп, *тымағын лақтырып*, қойды көген басына иіре бастады [3, 499 б.]

«*Тымақ*» лексемасы- «шақыру құралы» семасын да көрсетіп тұр. Адырда бырт-бырт оттай, жүре жайылған қойлар. Жотада атының ауыздығын алып, оттата жүріп, анда санда «шайт-шайт» деп айқайлап қоятын, *тымағын* түре киген қойшылар [3, 510 б.] немесе: Ол тымағын бұлғап, арттағыларға айқай салды. Бұл мысалдағы «тымақ» лексемасы бейвербалды амал құралы болып жұмсалуда. Киім атаулары шығармада «тымақ» сөзімен шектелмейді.

Жаңа туған жас құлынды тәлтіректетіп құрығымен тұртпектеп, *шидем киген күләпаралы* жылқышы жылқының артында келе жатыр [3, 494 б.] Бұл мысалдағы шидем сөзі түсіндірме сөздікте- жүннен тоқылған жылы сырт киім.

Мысалы, «Шаруа мен ысырап» өлеңінде былай суреттеледі:

Түлкі тымақ, сырты пай,
Мойында бар ақ шарып.
Қымбат ішік, қыл шапан,
Папирос тарттым баптанып.
Беишет, шалбар- сукнодан
Тігінші тіккен ақша алып.
Күміс баулы сағатым,
Қойнымда жүр сақталып,
Резеңкеден калошым,
Аяғыма шақталып.
Қуанып өле жаздаймын,
Киіміме мақтанып [3, 57 б.]

Осы мысалдардан қоғамдағы тұрмысы жоғары таптың бейнесі көрініп тұр. Этнографиялық лексикаға жататын сөздерден адамның қандай әлеуметтік топтың өкілі екендігін аңғарамыз. Мысалы, Серікбай ере шығып, әлгі жігіт *күпісінің жыртығынан* бір қағаз алып Әділге берген соң, Әділ оқып қараса, сөзі мынау... ([3, 518 б.] Осы мысалдағы

«күні» сөзі арқылы төменгі топтың өкілі екенін байқаймыз. Киім атаулары арқылы «маусымдық» мағынаны да аңғарамыз. Талдау барысында тымақ атауының мынадай мағыналары анықталды: бас киім атауы, кісі есімінің орны, ескілік, көнелік, мезгілдік, маусымдық, әлеуметтік топтың өкілі, даралау. Бұл атаудың жиі қолданысқа түсуінің, тілдік қарым-қатынаста белсенді қолданылуының өзіндік себебі бар. Ол қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен тікелей байланысты. Қазақ халқы бас киімді киелі санаған. Сондықтан, оны баспаған, біреуге бермеген. Бұл атаулардың қолданыстық ерекшеліктері көбінесе, ұлттық, салт-дәстүрлік ұғымдармен астасып жатады. Этнографиялық лексиканы қарастыру арқылы олардың әр алуан мағыналық ерекшеліктеріне көз жеткізуге болады.

Шекпен. Шәкәрім бұл сөзді «жүннен тоқылған сырт киім» мағынасында қолданады:

Кигеміз жоқ жорта біз
Арақ құйған шекпенді
Таза емес деп шекпенін
Сыртын көріп сын тақпа [4, 405 б.]

Бұл мысалдағы «шекпен» лексемасы мынадай мағыналардан тұрады: сырт киім атауы; жүннен тоқылған киім; ер адамға тән сырт киім; белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі.

Бешпент. «Жеңілдеу тігілген астарлы шапан» мағынасында қолданылады.

Қымбат ішік, қыл шапан,
Папирос тарттым баптанып.
Бешпет, шалбар –сукнодан,
Тігінші тіккен ақша алып [4, 57 б.]

Мұның беретін мағыналары - негізгі сырт киім атауы; жеңілдеу тігілген астарлы шапан; ер адамға тән киім; шеткергі сема – белгілі бір топтың өкілі.

Етік бұл еркектер мен әйелдер үшін қажетті және сыртқа шығуға керек аяқ киім түрі болып табылады.

Әміркеннен мәсі-етік,
Парыз болып шықты ма?
Аяғыңды зорлықпен
Біреу оған тықты ма? [3, 57 б.]

Етік сөзін естісек, былғары не резина сияқты материалдардан жасалған қонышты аяқ киімді еске аламыз. «Етік» лексемасы мынадай мағыналардан тұрады: негізгі- аяқ киім атауы; былғарыдан жасалған; ер немесе әйел адамға тән аяқ киім; шеткергі сема - жарасымдылық.

«Күні» киімі мынадай лексемалардан тұрады: Әділ мен Серікбай ере шығып, әлгі жігіт күнісінің жыртығынан бір қағаз алып әділге берген соңол оқып қараса, сөзі мынау [4, 518 б.]

Беретін мағыналары - сырт киім; ескі, көнетоз; шеткергі - суықтан қорғайтын киім. *Күнінің* «суықтан қорғайтын құрал» семасы қатысымдық мағыналар қатысымдық мағыналарды білдіреді.

Талдаулардан байқағанымыздай, сөз мағынасының ең кіші мағыналық бөлшегі белгілі бір жүйемен тізілген тізбек емес, бірінің үстіне бірі келіп жатқан күрделі тұтастық екен. Семалардың жоғарыда талданғандай ерекшеліктеріне мысалдарды талдау барысында анық көз жеткізуге болады.

–Жарайды! Зылиқа екеуміз алып барайық!- деп Марияның киім-кешек, төсек-орнын бір түйеге артып, ер-тоқымын өзі мінетін қара жорғасына ерттеп, Зылиқа, Үсен, Ержан ақсақал бір жолдас алып жөнелді. Марияның отауы мен қалған жасауын арттырып, Жәмила апарып, Мариямен жарасып, әбден кіршіксіз болып татуласты[3, 524 б.]. Автор этнографиялық лексемаларды шебер қолданған. Осы мысалдардан байқағанымыз тұрмыстық лексиканың белгілі тобына жататын сөзде тек қана атауыштық қызметпен шектелмейді. Ол қолданыс барысында әр түрлі сипатқа ие. Бұл мысалдарда

этнографизмдерді кеңінен қолданған.

Ақын кейіпкердің образын ашуда оның бойына жарасқан киімінің өзара үйлесімділік тауып тұрғандығын, «жарасымдылық», «қонымдылық» семаларының актуалдануына себепші болып тұр.

Этнографиялық лексиканың жалпыланған атауыштық қасиеттері негізгі мағыналар болса, оларға тән басты ерекшеліктер даралаушы мағыналар, ал қолданыс барысында пайда болған мүмкіндік мағыналары – шеткергі мағыналар қатарын құрайды. Мысалы: Дүниенің талай бейнетіне шыдасам да *аяғымдығы башпағым* тозып, жалаң аяқ қалып, табаным күйіп қатты кейідім. Бір күні жалданған байым қарағай тіліп сатқандардан тақтай алып кел деп жұмсаған соң, барсам, екі аяғы тобығынан жоқ бір бейшара еңбектеп жоңқа жиып жүр екен. Соны көргенде, мынаның *башпағы* түгіл, *башпақ* киетін аяғы да жоқ. Мен башпағым жоқ деп, асып жүр екем ғой деп, содан бері балшық табылса да, кимей, жалаң аяқ жүруге әбден әдеттеніп, табаным түйе табанындай мүйіз болып кетті, сондықтан маған *башпақтың* керегі жоқ, –депті. [4, 491 б.].

Сонымен, сөйлеу актісінде мағынаның шеткергі семаларының маңызы зор. Олардың тек қана аталымдық мүмкіндіктерін қарастырып қана қоймайды, шеткергі семалары ұлттық мәдени сипатқа ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / Ж. Манкеева. – Алматы: Арыс, 2008. –356 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері/ Ә. Қайдар. – Алматы: Ана тілі, 1998, -304б.
3. Шәкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988. –253 б.
4. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы. 1988, –509 б.
5. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы. Дайк-Пресс, – 773 б.

НАЗВАНИЯ ОДЕЖДЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА

Самекбаева Э.М., Ербол М.

В данной статье речь идет о названиях одежды, встречающихся в произведениях Шакарима. В произведениях Шакарима рассматривается какое место занимают имена одежды в истории становления народа, нации и развития этноса по сей день.

Ключевые слова: *этнографическая лексика, языковая личность, образ, семантика, лексема, макрокомпонент, детали, менталитет, значение.*

THE NAME OF THE CLOTHES IN THE WORKS OF SHAKARIM

Samekbaeva E., Yerbol M.

This article is about the names of clothes found in the works of Shakarim. In the works of Shakarim, what place is occupied by the names of clothes in the history of the formation of a people, nation and development of an ethnic group to this day.

Key words: *ethnographic lexicon, lingual personality, semantics, lexeme, macro componen, details, mentality, meaning.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.03.2020ж.

ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНЕ ҚАЗАҚ ӘСКЕРІНІҢ ЖӘНЕ ОРЫС ШАРУАЛАРЫНЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ

Толамисов А.Г., Жексенекөв А.Н.

Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені өзгертуге қатысты Ресей империясының заңнамасы Г.Е. Өтепова, А.М. Садықова Аңдатпа. Мақалада XVIII-XIX ғғ. Қазақстан аумағында әкімшілік-аумақтық басқару жүйесін енгізу және өзгерту мәселелері Ресей империясының заңнамалық құжаттары негізінде қарастырылады. Авторлар Қазақстанда әкімшілік-аумақтық басқару мәселелері бойынша империяның көптеген заңнамалық құжаттарын тереңірек талдау қажеттігін атап өтеді. Кілт сөздер: Заңнамалық құжаттар, Патша үкіметі, Әкімшілік-аумақтық жүйе, Генерал-губернаторлықтар, Қазақ жүздері, Қазақстан тарихы, Отарлау.

Кілт сөздер: тарихы, Отарлау., құжаттар, Қазақстан, Заңнамалық, жүздері, Патша, Әкімшілік-аумақтық, үкіметі, жүйе, Генерал-губернаторлықтар, Қазақ

Мазмұны:

XIX ғасырдың II жартысынан бастап патша өкіметі Жетісу өлкесіне әскери тәртіп орнатып, славян тектес халықтарды, әсіресе, казактарды орналастыра бастады. Казак әскерлері бастапқыда орыс патшасының құлдығынан қашқан шаруалар, ұрылар, әр түрлі қылмыс жасаған топтардан құралды. Олар жартылай қарақшы топтарға ұйымдасып, тонаушылық жолында шығысқа қарай жылжи берді. Кейін Ресей патшасының қызметіне кіріп, империяның жаулап алу саясатын жүзеге асыруда маңызды құралға айналды [1]. Әсіресе, патша өкіметі Сібірдің казак әскерлеріне үлкен сенім артты. Бұл жөнінде белгілі казак жазушысы Усов былай деді: «Сібір казак әскерлері Жайық және Дон казактары сияқты өз бетінше өніп шыққан жеміс болған жоқ. Оны қолдан жасап шығарған үкімет еді. Халықтың еркінен тыс, әр түрлі әкімшілік реформаларды жүзеге асыру арқылы, жер ауып келген немесе қылмыскер әйелдерге үйлендіре отырып, казактардың қа-тарын жасанды түрде көбейте алды. Сондай-ақ оларға қоғамдық және өзін-өзі басқару мекемелерін ашып берді... Осының бәрі айналып келгенде қазақ даласын отарлау үшін жасалған шаралар еді» 1846 жылы Сібір казак әскері 48 мыңға өсіп, шептері Қазақстанның шекаралары арқылы Жетісуға дейін созылып жатты. Оларды шекаралас аудандарды Қытай империясы мен Қоқан хандығынан қорғау деген желеумен әкелгенімен, Ресейдің басты мақсаты өлкені отарлау еді. Осы пиғылды Дукнасов деген автор былай дәлелдейді: «Бірінші болып орыстардың Орта Азияны отарлаудағы біздің мемлекетімізге сенімді тірек болатын негізгі күш - казактар. Казактарды басқыншы күш ретінде пай-далана отырып, оларға басып алған жерлерін беру, арттарына аландамайтындай жағдай жасау арқылы біз көп жеңіске жете аламыз. Басып алған жерлерін өз меншігіне иеленген казактар сол жерді кеңейту үшін өздері-ақ жаңа жерлерді жаулай береді. Соның арқасында Ресей ол жерлерде де өз заңы, үкімін жүргізіп, бұратаналарды босқын етіп, тіпті оларды орысқа сіңіріп жіберіп отыра аламыз» .

Ресейдің өлкені отарлау және қоныстандыру жөніндегі жоспарларының жүзеге асырылу себептерін ашып көрсеткен И.Завилишин былай деп жазды: «... бұл (Жетісу өлкесі - М.Д) - қазір Ресейдің Орта Азияға қарай жылжуындағы аса бағалы табыстарының бірі. Тіпті Амур мен Уссуриден көп жағынан алғанда маңыздырақ, өйткені Амур шалғайда орналасқан, оны игеріп, әскери базаға айналдыру аса қымбатқа түседі, ал қазақ даласы Омбының жолында тиіп тұр және Жетісуда Іледен арғы өлкеге бару мен орнығуды әрқашан қамтамасыз етуге болады. Өйткені, ондағы табиғат пен өсімдіктер орыстың оңтүстік губернияларынан ғана емес, сонымен қатар Солтүстік Италиядан да кем түспейді.

Ақырында, болашақта халықтың тығыздығы артып, орыс губерниялары жана жерлерді қатты талап еткен кезде ұлан-ғайыр отар үшін бұл дайын тұрған және құнарлы негіз...» .

XIX ғасырдың II жартысында басталған қоныстандыру саясатының алдын ала толық зерттеусіз, дайындықсыз және жоспарсыз түрде жүргізілуі қазақ даласына адам айтқысыз ауыр зардаптар әкелді. Патша өкіметінің іс жүзінде көшпелі өмір-дің қырсырына үнілуге ықпалы да болған жоқ. Ресей империясының отаршылдық саясатының ағылшындардың Үндістандағы саясатынан айыр-машылығы - жаулап алған елдерді толық және бір-жола орыстандыру идеясына негізделуінде. Ресей империализмі мақсатты түрде біріншіден, көшпелі халықтардың жеріне түбегейлі орын тебу, екіншіден, сол жерлерді нағыз орыстық өңірге айналдыру, үшіншіден, жергілікті тұрғындарды Еуропалық Ресейден келген қоныс аударушылар арқылы ығыстыру саясатын жүргізді.

Кейбір авторлар патшалық Ресейдегі аграрлық дағдарысты жоюдың жолы - жеке меншік жерлерді мемлекет пайдасына алу деп санайды. Патша өкіметінің қазақ жерлерін мемлекеттің меншігіне қандай жолмен алғаны жөнінде академик К.Нұрпейіс былай дейді: «Патша өкіметі қазақ халқы мекендеген жерді мемлекеттің меншігі деп жариялап, құнарлы алқаптарды қоныс аудару қорына, қазақ әскерлерін орналастыру учаскелеріне, патша әулетінің жеке меншігіне, т.с.с. күштеп тартып алып отырды» [2]. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатының қазақ халқы үшін ауыр салдары болғанын С.Асфендияров та атап көрсетті: «Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, - деп жазды ол, - қазақ мемлекеттілігіне аса үлкен апат әкелді. Бұл саясаттың кері салдары байлар билігінің нығаюымен үндесіп, қазақ еңбекші бұқарасына және кедейлеріне өзінің бар салмағын салды. Онда патша өкіметінің қоныстандыру саясатын сипаттайтын негізгі белгілер мыналар:

- 1) қоныстандыру мекемелері әкімдердің қияна-ты нәтижесінде неғұрлым бағалы жерлерді, құнды жерлерді су көздерімен қосып алып қою;
- 2) қазақ халқының мұқтаждықтарын мүлдем көзге ілмеуі, жер төңірегіндегі шатасулар, көшу ырғағының бұзылуы;
- 3) қазақ ауылдарының өздері мекендейтін жерлерден үздіксіз қоныс аударуы, ондағы құрылыстың жойылуы, дайын суландыру жүйелерін және орман алқаптарын басып алулары;
- 4) жаппай өз бетінше қоныстануларға жол беру және оларды одан әрі қоныстанушыларға жатқызу».

С.Асфендияров сондай-ақ патша өкіметінің қоныстандыру саясатындағы орын алған әр түрлі өрескелдіктердің қазақтардың мүддесіне мүлде қайшы келгенін атап көрсетті.

Жетісуға казактардың келуі 1831 жылы Аягөз, 1847 жылы Қапал бекіністерінің негізі қалануынан бастау алады. Сол жылдары Аягөзге казактардың 50, Қапалға 300 отбасы көшіп келеді. Ресей империясының әскери-әкімшілік орындарының құрылуы өлкені отарлауға кеңінен жол ашты. Патша өкіметінің казактарды Жетісуға көптеп әкеліп қоныстандыруы өлкедегі әскери-әкімшілік орындарының «жемісті» қызмет атқарғанының нәтижесі. Губернатор Д.И.Романовский патша өкіметінің қазақ даласын қалай отарлағаны жайлы былай деді: «Қазақтарға орыстар енгізген ішкі басқару «тәртібі» Сперанский басқарып тұрған кездегі Батыс Сібірден келді. Сол жақтан қазақ даласына қимыл әрекетіміз басталды. Алдымен қазақтарды бақылау үшін әскерлер жіберіп тұрдық, сосын олардың жеріне тірек орындарын орнаттық, ал содан кейін әскери бекіністерімізді тұрғызып, қазақ даласында орыстардың қоныстарын салып, отарлауға кірістік». 1854-1860 жылдар Жетісуды иемденудің белсенді кезеңі болды. Жаңа бекіністер мен қамалдар тұрғызылып, байланыс жолдары салынды. Мысалға, 1854 жылы Алматы шатқалында Верный бекінісі, 1855 жылы Үлкен Алматы, Лепсі, Үржар, Көксу, 1858 жылы Софино, Қарабұлақ, Надеждино, Көксу, 1859 жылы Қастек бекінісі, 1860 жылы Кіші Алматы станицаларын салды. Мұнымен қатар казактар Жетісу өлкесінде 12 бекеттің негізін қалайды. Алатау дуанбасы Колпаковскийдің 1861 жылы 3 желтоқсанда берген №2774 мәліметінде дуандағы

тұрақты әскерлерден басқа Сібір казак әскерлерінің 5, 6, 7, 8, 9, 10 полктерінің бөлімдерін жаңағы аталған мекенге орналастырады .

Казак әскерлерін орналастыру арқылы патша өкіметі Орта Азияға ілгерілеу үшін алғы шеп дайындады және ең бастысы тұрақты казак әскерлерін қазақтың сана-сезімін тұншықтыруға және ұлт-азаттық қозғалыс күштерін талқандауға арнады.

Ресей империясының әскери-әкімшілік орындарының құрылуы Іле өлкесін отарлауға кеңінен жол ашты. Ресей губернияларынан құралған казактардың алғашқы тобы-1990 отбасы 1855 жылдың 4 шілдесінде Верный бекінісіне келіп қоныстанады. Келесі жылы казактардың қатары тағы да 326 отбасымен толығыды Жетісуда отаршылдардың санын көбейтуді ойлаған Сібір әкімшілігі 1857 жылы 16 мамырда өлкеге 256 казак отбасын әкеліп, Есік, Қаскелең, Көксу өзендерінің бойына орналастырса, сол жылы маусымда казактардың қатары тағы 300 отбасыға көбейеді. Жетісуда мықтап орныққан орыстардың әскери-әкімшілігі өлкеге казактарды орналастыруда жергілікті казактармен санаспады. 1857 жылы 16 мамырда Жеке Сібір корпусы командирінің подполковник Абакумовке казактарды қоныстандыру туралы берген №29 нұсқауында «Жетісу өлкесіндегі казактардың санын арттырмақ болған шараларыңызды ордалықтар білмей-ақ қойсын және олардың ешқандай келісімін керек етпеңіз. Олар не болса да бәрі дайын болған кезде білсін» делінген. Өлкедегі казактарды көбейте түскен орыс әкімшілігі 1860 жылы 1 қаңтарда Тобыл және Том губернияларынан 59 отбасын әкеліп, Софино және Надеждино станицаларына орналастырса, көктемде сол губерниялардан тағы 97 казактың жанұясын әкеліп, Қарабұлақ, Қаскелең, Софино, Надеждино қоныстарына көшіреді. Бастабында патша өкіметі көбінесе казак жанұяларын өлкеге күшпен әкелген. Мысалы, 1860 жылы 20 сәуірде Қастек пен Ұзынағашқа келіп орналасқан казактардың 143 отбасының тек 29-ы ғана өз еркімен көшіп келген. Жетісуға келіп орналасқан келімсектер жөнінде генерал Г.А.Колпаковский 1868 жылы Түркістан генерал-губернаторына жазған хатында былай дейді: «Жетісу облысындағы бас-тапқы қоныстандыру әрекеті жеребе арқылы жүргізілді. Қазактардың дайын егістіктеріне, жайылымдарына үкімет тарапынан берілетін жәрдемақы есебінен күн көретін күдікті, үйсіз адамдар орналасты». Әскери-әкімшілік орындары көшіп келген казак отбасыларына қазына есебінен көптеген жеңілдіктер жасайды. Мысалы, офицерлерге 100, қатардағы казактарға 50 сомнан ақша, 4 жылға арналған несиеге тұқымдық, тұрғын үй салуға тегін құрылыс материалдары, адам басына 30 десятинадан жер учаскелері бөлініп берілді. Казактардың Жетісуды қоныстануының жергілікті халыққа тиген зардаптары өте ауыр болды. Өйткені, олар жартылай әскери топқа жататын. Сондықтан олардың іс-әрекеттері күшке, зорлық-зомбылыққа сүйенді. Мысалы М.Свиридов, З.Юдин деген казактар Верный бекінісіне таяу орналасқан казак ауылына барып, дүние-мүліктерін тартып әкетеді . Сондай-ақ казактар қара халықты былай қойып, казак билерінің малдарын тартып алған. Солардың бірі Туғанбай би казактардан қысым көріп, дуан бастығына былай деп шағымданады: «Хорунжий Трешков бастаған казактар тал түсте ауылыма келіп, екі түйемді күшпен тартып алып кетті. Кетіп бара жатып егер де түйелеріңді алғың келсе, маған 50 сом ақша әкеп бересің», - деді. Алатау дуан бастығының полиция басқармасына жіберген №55 бұйрығында мына жағдайды көрсетеді: «Жыңғылды бекетінің жанында қыстап отырған Тіленші бидің ауылына түнде 3 орыс келіп, өгізі мен сиырын алмақ болғанда әйелі сиырдың дауысынан оянып, үйінен жүгіріп шығады, сол кезде олар әйелдің басын жарып, өлтіріп кетеді» [2].

Казак-орыстардың қазаққа жасаған қиянаттары мен зорлықтарын, жергілікті әскери-әкімшілік орындары тоқтатудың орнына, қайта оларға дем беріп, озбырлығын ашық түрде қолдап отырған. Мысалы, Ұлы жүз приставы подполковник Перемышельский 1855 жылы 4 қазанда албандардың аға сұлтаны Тезектің ауылын шабуға қарулы казактарды жібереді. Олар ауылды тонап, албандарды соққыға жығып, көздерінше бір өгізін сойып жеп, 6 жылқы, 100-дей қойларын айдап әкетеді. Кейін бұл «дәстүрді» оның орнына келген Колпаковский де жалғастырады. Ол 1858 жылы 11 маусымда қарулы 40 казакты

суандардың аға сұлтаны Тазабек Мұсылмановтың ауылына аттандырады. Бұл жолы әбден еркінсіген казактар аға сұлтанның өзін соққыға жығып, үйіндегі барлық қазынасын, 200 қойын олжалайды.

1861 жылы Ресейде шаруалардың басыбайлықтан босатылуы Жетісу өлкесіне қоныс аударушылар қозғалысының өрістей түсуіне әсер етті. Нәтижесінде Іле өлкесінде казактардың саны артып, нағыз отарлаушы күшке айналды. 1862 жылы Верныйда 4322 ер, 1442 әйел болса, Талғарда 571 ер, 682 әйел, Есікте 717 ер, 584 әйел, Қаскеленде 3358 ер, 340 әйел. Софинода 571 ер, 682 әйел, Надеждинода 717 ер, 584 әйел болған.

1867 жылы казак-орыстардың саны бала-шағаларымен қосқанда 14648 адамға жеткен. Сонымен қатар Жетісуға татарлар да көшіп келеді. Олар «шала казактар» деген жалпы атаумен Верныйдың шетіне орналасты. Ресейдің әскери қызметінен қашқан татар жігіттері қазақтан әйел алып, өз балаларын кейін әскерге алмас үшін ұлтын «шала казак» деп жаздырды. Олардың көбісі сауатты болғандықтан тілмаш, үй мұғалімі сияқты қызметтер атқарды және сауда-саттықпен айналысты.

1856 жылы Ресей Сенаты шала казактарды 10 жылдың ішінде Сібір казактарының қатарына өтуге міндеттеді. Алайда шала казактардың көпшілігі казак болудан бас тартып, казактарға қосылып кетті.

Сауаты бар шала казактар патша өкіметі үшін өте қауіпті саналған. Өйткені олар ислам дінін ұстанатындықтан, Ресейге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуі мүмкін еді. Сондықтан Сібір әкімшілігі Алатау дуанындағы әскери-әкімшілік орындарына шала казактардың казактармен бірге көшіп-қонуына тыйым салып, бәрін Верныйдағы татар немесе Ташкент қонысына (слободка) жинауға нұсқау береді. Алатау дуан бастығының 1866 жылғы 10 ақпандағы №482 мәліметінде шала казактар Ташкент слободкасында 351, Қапал дуанында 177, Тоқмақта 158, Ыстықкөлде 77, Аякөзде 67, барлығы 730 отбасы болған.

Сондай-ақ, патша өкіметі Жетісу өлкесіне дүңгендердің көтерілісінен қашқан қытайлық аз ұлттарды да қоныстандырады. 1864 жылы Қытай-дан қашқан егіншіліктен хабары бар сібе, солаң, қал-мақтарды Жетісудың халық тығыз орналасқан ау-дандарына орналастырып, өлкедегі экономикалық жағдайды күшейтуге ұмтылады. Патша өкіметі осы халықтар арқылы ішкіліктен көз аспаған казактардың егіншілік шаруашылығын арттыруға тырысқан.

Батыс Сібір генерал-губернаторының Әскери министрге жіберген 1865 жылғы 13 қарашадағы №6532 мәлімдемесінде: «шамамен алынған деректер бойынша біздің иелігімізге 5 мыңға жуық қытайлықтар өтпекші. Оған біздің үкімет рұқсатын бергендіктен, оларды Колпаковский Қастек, Көксу және Іле бекіністерінде қыстатпақшы... Сібе және соландардың өлкеге қоныстануы казактарға үлгі болып, шаруашылық пен өнеркәсіптің дамуына үлкен септігін тигізер еді», - делінген.

1866 жылдың күзінде Жетісу өлкесіне 13 мыңдай қытайлық көшіп келеді. Алғашында қытайдың құлдығында болып, кейіннен Шығыс Түркістанға егін егу үшін жер аударылған, кейін ондағы мұсылмандардың көтерілісінен орыстардың иелігіне қарай қашып құтылған сібе-солаң, қалмақтарды патша өкіметі өз мүддесіне пайдалану үшін құшақ жая қарсы алып, оларға ай сайын адам басына 2 ширектен (четверт) астық береді. Ал келесі жылдан бастап оларды жаппай шоқындырып, православие дініне кіргізе бастайды. Сол жылы көшіп келген қытайлықтардың 1037-сі православие дініне өтіп, Сібір казактарының құрамына қосылады.

Қысқасы, XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасына дейін, Жетісуда 300 мыңнан астам адам тұрған. Оның 90 пайызын өлкенің ежелгі тұрғындары казактар (басым көпшілігі) мен қырғыздар (елеусіз бөлігі) құраған. 1867 жылы бар болғаны 24765 адам ғана болған, орыстардың әскер қызметіндегілер 5265, 15000 казак және 4500 әр тектілер. Бұдан орыс тұрғындарының басым бөлігі әскери адамдар мен олардың отбасы мүшелері екенін байқаймыз. Казактар мен қырғыздардың арасындағы татарлардың саны 1500 адам ғана.

Басым бөлігі саудамен айналысып, негізінен қала, бекініс және станицаларда тұрған.

Сөйтіп, XIX ғасырдың 60-жылдарында Жетісу халқының ұлттық құрамы көбейді, тұрғылықты халықтың үлесі кеміп, келімсек халықтардың үлес салмағы ұлғаюына алғышарттар жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://abai.kz/post/5429> «Қазақ тарихы» журналынан
2. Хронологический указатель законодательных актов Российской империи по истории Казахстана XVIII-начала XX в. Учебно-справочное пособие. Павлодар: ПГПИ, 2012. 161 с.
3. Google.

ПЕРЕСЕЛЕНИЕ РУССКИХ КРЕСТЬЯН И КАЗАХСКОЙ АРМИИ В ЖЕТЫСУСКИЙ КРАЙ

Толамисов А.Г., Жексенекоев А.Н.

В данной статье рассматриваются вопросы внедрения и изменения административно-территориальной системы управления на территории Казахстана в XVIII-XIX вв. на основе законодательных источников Российской империи. Авторы обращают внимание на необходимость дальнейшего анализа многочисленных законодательных источников империи по вопросам административно-территориального управления в Казахстане.

Ключевые слова: *Законодательные источники, Царское правительство, Административно-территориальная система, Генерал-губернаторства, Казахские жузы, История Казахстана, Колонизация.*

RELOCATION OF RUSSIAN PEASANTS AND THE KAZAKH ARMY IN THE ZHETYSU REGION

Tolamisov A., Zheksenbekov A.

In this article the introduction and changing of administrative-territorial management system in Kazakhstan in XVIII-XIX centuries on the basis of legislative sources of the Russian Empire is considering. The authors draw attention to the need for further analysis of numerous legislative Empire sources on the administrative-territorial governance in Kazakhstan.

Key words: *legal sources, the tsarist government, the administrative and territorial system, governor-general, the Kazakh zhuzes, history of Kazakhstan, colonization.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 11.02.2020ж.

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГИЯ**

**ПЕДАГОГИКА И
ПСИХОЛОГИЯ**

**PEDAGOGY AND
PSYCHOLOGY**

ЖЕТІСУ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ХОРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ақхожин С.Ә., Өмірбекова А.С.

Бұл мақалада Жетісудың талантты және танымал композиторларының шығармашылығы қарастырылады. Қазақ жері талантты және танымал композиторларға, ақындар мен әншілерге бай. Олардың әрқайсысы туралы қазақ халқының ұлы композиторы екенін айтуға болады. Олардың әрқайсысы музыкалық өнер тарихында өшпес із қалдырды.

Кілт сөздер: *Жетісу, композитор, искусство, музыка.*

Жер жаннаты - Жетісу жері ежелден - ақ әсем ән мен күмбірлеген күміс күйдің арқауы, ағынды жырдың өлкесі ретінде белгілі. Осы орайда, халыққа рухани - эстетикалық тәрбие берудегі басқа да өнер ағымдарындағы өнерпаздардың қатарында Жетісу өлкесінің кәсіби және халық сазгерлерінің асыл байлықтары - музыкалық шығармалары халықтың өнер қазынасына құйылып рухани күш, рухани сәулет дарытқан. Қасиетті, табиғатымен сұлу да, сырлы Жетісу жерінен шығып, қазақ өнерін әлемге паш етіп, ел мақтанышы атанған адамдар қаншама, олардың арасындағы небір жүйріктері өз аттарын өнер тарихына жазып, халқына рухани-эстетикалық мұра қалдырып, өнер майталманы атанған.

Хор ұжымының негізгі бағыты – оқушыларға және студенттерге эстетикалық тәрбие беру. [1, 196.]

Оқушыларға музыкалық шығармаларды тыңдату арқылы тұлғалық қасиетін қалыптастыру - осы саладағы үлкен мәні бар үрдіс. Оқушылардың рухани эмоционалдық қызығушылығын арттыруда, мазмұны арқылы ой-пікір жинақтауда музыкалық шығармалардың атқаратын рөлін айта кеткеніміз жөн.

Қай уақытта да әнді үкілеп, күйді күмбірлетіп қанына сіңірген қазақ халқы талантты да талғампаз ұрпақтары әр дәуірдің рухани үлгісін жасаумен бірге, өз замандастарының адамгершілік тұлға-тұрпатын, кескен-келбетін биік бағалапты.

Музыка өнерінің жанрлар тұрғыдағы ерекшеліктеріне (құрылысы, сипаты, орындаушылар құрамы, орындаушылардың мәнері т.б.), яғни өнер шығармаларының қалыптасқан түрлеріне көңіл аударсақ, олар симфониялық жанр (симфония, симфониялық поэма, увертюра), опералық жанр, камералық жанр (соната, трио, квартет, квинтет т.б.), ән-хор жанр ән, романс, хор шығармалары), би жанры (би, марш), күй жанры деп бөлінеді.

Бүгінгі күні оқушыларымызды өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен таныстыру- әр ұстаздың борышы, міндеті. Мектептегі музыкалық-эстетикалық білім беру тәрбие ісінің жоспарларында, мектептегі «Музыка» пәні бағдарламаларында («Елім-ай», «Мұрагер», «Ата мұра» т.б.) жас ұрпаққа рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, иманшылдық, отбасылық тәрбие берудегі түпнұсқасы әр ұлттың ұлттық музыкасынан басталады.

Аталған бағдарламалардың және сыныптан тыс өткізілетін мектептегі әр түрлі тәрбиелік жұмыстардың бағдары, әрине оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ақыл-ойларының жетілуіне сәйкес халық музыкасын қамтып, олардың тәрбиелік жұмыстарда атқаратын рөлін айқындайды.

Мысалы, қазақ музыка шығармашылығының ең ірі жанры - оның әні мен күйі екенін білеміз. Оның түптамыры - халқымыздың көне салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары - рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазынамыздың бірі екенін де білеміз. Салт-дәстүрден этностық мінез-құлқы, ақыл-ойы өзін қоршаған жанды жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді.

Этнограф-ғалымдар көне қарым-қатынас музыка өнері өкілдерінің тартысы сияқты өнер түрінен білінеді дей келе, олардың жарысындағы жеңісі қазақтың ру тарихы мен олардың қарым-қатынастарын халық өмірі мен тұрмысындағы, салт-дәстүріндегі белгілі оқиғаларды терең білуге және оларды ұрпаққа жеткізу қабілетіне тікелей байланысты болды.

Сондықтан да мектеп оқушыларын ел жандылық, ұлттық тәрбиеге баулу ретінде салт-дәстүрлік ән-күй, жыр, ақындардың айтыс өнерімен терең таныстырып, оларды рухани құндылықтардан сусындату қажет.

Мектеп бағдарламасындағы халық әндері, мысалы солардың ішіндегі «Елім-ай», әні сыртқы жаудың шапқыншылығынан «ақ табан шұбырында, алқа көл сұламаға» ұшыраған ел қайғысы осы ән әуезінде күңіреніп біздің заманымыздың азаматтарының рухын шындайды. Осы шығарманың қатарына «Исатай», «Қайран елім, қайдасың?», «Амангелді сарбаздарын» да жатқызуға болады.

Сондай-ақ термеші мен жыршылардың да өнері музыкалық әуенмен айтылатын болғандықтан, ғасырлар бойғы дәстүрлі дамуы барысында олардың өте маңызды қоғамдық қызмет атқаратынын байқаймыз. Олар халықтың дана да көреген ақылшылары бола білген. Егер толғау ойлы, мазмұнды, қоғамдық маңызы бар күрделі тақырыптарға құрылса, терме өмірдің жеке бір көріністерін жырлауға бейім.

Мектептегі музыка пәнінің бағдарламаларында «Он үш жаман», «Өмір туралы» т.б. шығармалары осы тақырыпта жазылған.

Бұл тарихи шығармалардан жас ұрпақ елінің рухани қазынасымен танысып, өзін халықтың адал перзенті болуға тәрбиелейді.[189б.]

Көшпелі тұрмыстың салтанатын кіргізіп, сәнін толықтыра түсетін ерекше өнер - сал-серілердің өнері. Сал-серілер өз өнерлерін үлкен жиын, ас-тойларда халық көңілін көтеріп, жұртты сергіту үшін көрсетіп отырған сал-серілер өнерінің қазақ мәдениеті тарихындағы тағы бір зор қызметі - Ұлы Даланың ұлан-ғайыр өнерін біріктіру, кеңінен тарату. Қасиетті қазақ даласын аралап жүріп, сал-серілер қазақ өнерін тұтастыра, тұлғаландыра түсті, әр аймақтың дербес мектеп, дәстүрлерінің арасындағы рухани көпір болды.

Сал-серілердің өнері мектеп оқушыларына рухани тәрбие берудегі қайталанбас, өзіндік өнері мен рухани ләззат әпереді.

Мысалы, Біржан-сал, Ақан сері, Балуан-шолақ, Мәди, Ғазиз т.б. әндері музыка пәнінің бағдарламаларында бар.

Этнограф-ғалымдар той думандарға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй тән екендігін айтады. Олар мерекелік сипатқа ие болу үшін адамзаттың өмір сүруінің ең ізгі мақсаттар дүниесінен, ізгі арман-мұраттарын рухани-мәдени құндылықтарға келіп қосылуы қажет. Мұндай кездегі адамдардың бір-бірімен араласуы - жай ғана қатынас емес, рухани маңызы бар қатынас болып саналады. Музыкалық қатынас барысында тыңдаушылардың бойында ізгі қасиеттерге жол салынып, олар өнер арқылы ізгілік пен адамгершілік бұлағынан сусындайды. Тыңдаушылардың музыка үні арқылы берілген көңіл күй адамның жан-дүниесінің ішкі толғанысынан ортақ күйге айналады.

Осындай айналыс дәстүрлі мәдениет сипаттамасының мазмұны болды. Нақты түсіну, әрбір әуен сарынын жүрек, нәзік сезім, терең толғаныспен қабылдау, соның нәтижесінде ізінше жауап беру - ауызекі мәдени дәстүрдің мәнді де маңызды жағы болып табылады. Сонымен музыкалық қарым-қатынастың арқасында ғана мерекелік және көтеріңкі көңіл орнығып, адамзат баласы алдындағы жасампаздық мақсаттардың жүзеге асырылуында еркін жол ашады.

Қазақ халқында ән мен күйдің екеуі екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының байлығын көрсетеді. Ән мен күй әуелде бір болып, бара-бара бөлінген. Ал кей халықтарда мұндай айырмашылық әлі жоқ. Музыка шығармаларының барлығы да тек әндер болып, күй сияқты жанрлары жоқ немесе ән мен музыка аспаптарды қоса отырып, бір жағынан биді де араластыратыны бар. Мысалы, татар тілінде әнді де, күйді де «күй» деп

атайды, өзбек музыкасында ән де, күй де болмауымен қатар, ән, күй, би үшеуі араласып жүреді. Қытай елінде күйдің саны 366 болады, бір жылдың ішінде қанша күн болса, сонша күй болады.

Қазақ халқының музыка мәдениетінің ерекше түрі күйдің қай аспапқа жазылғаны болмасын, қай тақырыпта, қай композитордың күйі болмасын - қазақ халқының мәңгілік музыкалық мұрасы, мектеп оқушыларының мәңгілік рухани қазынасы, олардың күнделікті ой-санасына нәр беретін қуат күші деп білеміз. Сонымен қатар, оқушыларға рухани тәрбие берудегі музыкалық шығармалар қатарына үлкен классикалық шығармалардың - опера, балет, симфония, оратория, кантата, аспаптық және хор және вокалдық шығармалардың да рөлін атағанымыз жөн.[1276.]

Заманның өзгеріп, мәдениетінің жоғарылаған кезеңде пайда болған күрделі музыкалық жанрлар еліміздің мәдениетінің өсуін көрсетіп, халықтың мәдени-музыкалық мұрасын байытып, өрісін кеңейтеді. Мысалы, Е.Брусиловскийдің жазған «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз Жібек», А.Жұбанов пен Л. Хамиди жазған «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан Сарасы», Е.Рахмадиевтің «Алпамыс», «Абылай хан» опералары, С.Мұхамеджановтың «Ғасырлар үйі» ораториясы, Г.Жұбановтың «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасы тағы да көптеген классикалық жанрдағы шығармалар мектеп оқушыларының музыкалық рухани азығы болды.

Музыкалық шығармалардың мектеп оқушыларына рухани тәрбие берудегі композиторлардың да үлесі зор екенін айтып кеткеніміз жөн, себебі олардың сан алуан шығармалары халықтың жүрегіне жол тауып, тәрбиелік мәнін тереңдетті. Осы орайда белгілі қазақ сазгері М.Төлебаевтың шығармашылық жолына тоқтала кеткенімізді жөн көрдік.

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі, музыка өнерінің мақтанышы, мемлекеттік сыйлықтың екі дүркін лауреаты, Қазақ ССР-ның өнер қайраткері, СССР халық әртісі, мұнан басқа да көптеген атақ-абыройға ие болған біздің жерлесіміз, қазақ музыкасының классигі Мұқан Төлебаевтың музыкалық мұрасы халқымыздың рухани байлығы, сарқылмас бұлағы болып табылады.

М.Төлебаевтың шығармашылығы халқымыздың ықылым заманнан келе жатқан бай музыкалық мұрасынан қуат алып, классикалық музыка өнері жетістіктерінің игі әсерімен сусындап, қалыптасты. Әлем жүзіндегі классикалық музыка мектебі әр түрлі және мол Батыс Еуропа музыкасындағы ұлы Бах, Гайдн, Моцарт, т.б., орыс музыкасындағы Глинка, Чайковский, т.б. басталып келсе, қазақ музыкасында кәсіби-классикалық музыка Мұқан Төлебаевтан басталады.

Мұқан музыкасының түпкі тамыры халықтың ән-күйі, жыр тармағы, терме, желдірме, айтыс өнерімен тамырлас жатады. М. Төлебаевтың аз ғана, бар-жоғы 47 жастық өмірінің ішіндегі небәрі 20 жылы шығармашылыққа бағышталған, бірақ осы аз уақыттың ішінде композитордың қазақ өнеріне сіңірген еңбегі өте зор. Мұқанның шығармаларының өмірлік нәрі таусылмайтын туындылары, себебі олардың тақырыбы әр түрлі, алуан салалы, әуендері жүрекке қонымды, мазмұндары терең.

М.Төлебаевтың өз қаламынан шыққан 100-ден астам шығармалары жанрлық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Сонымен қатар, оның қазақтың халық әндерін өңдеп, әншілерге, хор ұжымдарына арнап лайықтауы, дәстүрлі халық музыкасын өңдеп, толықтырып, жаңаша жарқыратып үлкен күрделі шығармаларда пайдалануы, ауызекі әндерді жинақтап, әр түрлі жинаққа қосуы да үлкен шығармашылыққа жатады.

М.Төлебаев шығармашылығының келешек ұрпаққа берер үлесі көп деуге болады. Оның шығармаларының шыңы «Біржан-Сара» болса, өрісі сұлу да сырлы әндері. Мұқан өз шығармашылығын қазақтың халық әндерін фортепианомен сүйемелдеп айтуға лайықтап, өңдеуден бастады.

Қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі Мұқан Төлебаевтың ерең еңбегі халқымыздың көңілінен кетпейтін алтын қазынаға айналған және оның шығармалары

ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын эстетикалық-тәрбиелік мәнімен құнды .

Мұқан Төлебаев - қазақтың ұлы композиторы салған сара жолды ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға жалғастырып, еңбегінен тәлім-тәрбие, рухани байлық алу - біздің төл міндетіміз және ұрпақ тәрбиесінде қолданатын мәңгілік рухани мұрамыз.

Рухани тәрбие берудің мүмкіндіктерін айта келе айтпағымыз - мектеп оқушыларына рухани тәрбие берудегі музыкалық шығармалардың атқаратын рөлі өте маңызды да күрделі, себебі адамның негізі - тұлғасын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Тәрбие мазмұнын түсінерде қойлатын талаптар мен мақсаттарға сай оқушының білімі, дағдылары, тұлғалық санасы мен белгілерінің тұрақты жүйесі болып қабылданған.

Тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы – бұл ақыл-ой, дене, адамгершілік, еңбек, эстетикалық жалпы рухани тәрбиенің біртұтастығына байланысты. Сондықтан тәрбиелеу тәжірибесінің тиімді болу үшін тәрбие жүйесінің бірлігін тәрбие санасына ықпал жасайтын заңдылықтармен байланыстырса, тәрбие пәрменділігі артады және тәрбиенің белгілі түрі қалыптасады, дамиды да жоспардағы нәтижеге жетеді.[97б.]

Адам баласы қоғамда өзінің рухани тәрбиесінің қасиеттерімен адамгершілік, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әділеттік пен әділетсіздік, борыш пен намыс, ар мен ождан адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Ал бұлар жеке және қоғамдық санатта болады.

Қоғамдық іс-әрекет, қимыл адам баласының дамуында прогрестік рөл атқарады, материалдық және рухани байлықтың көзін ашады, қоғамды ілгері дамытушы күшке айналдырады. Ал жеке сипаттағы іс-әрекет қоғамдық мазмұннан қол үзуге, одан шектелуге тиіс емес, себебі адам - бүкіл қоғамдық қатынастардың жиынтығы және ол қоғамда өмір сүре отырып, қоғамның заңдары мен ережелеріне бағынбауға хақы жоқ. Бұл тәрбие ісінен де көрініс табуға тиіс. Ал ғасырлар бойы адамдар арасындағы қарым-қатынасты суреттеу, сол арқылы жастарға рухани тәрбие беру, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру музыка өнерінің негізгі мақсаты болады.

Тілендіұлы Нұрғиса (1925–1998) қазақтың музыкалық мәдениетіне композитор, дирижер, орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер. Ол 500-ден астам музыкалық төл туындылардың авторы. Осынау мол мұраның жанрлық аясы да қайран қалдырады: ән, күй, романс, увертюра, поэма, контата, опера, балет. Сүйікті шығармаларынан «Достық жолымен» (1958), «Менің Қазақстаным» контатасын (1959), Қ. Қожамьяровпен бірлесіп жазған «Алтын таулар» операсын (1961), «Ата толғауы» және оркестр үшін жазылған шығармаларын (1962), «Халық қуанышы» (1963), «Қайрат» (1964), «Жеңіс солдатты» (1975) сияқты увертюраларын атауға болады. Оның «Аққу», «Аңсау», «Арман», «Ата толғауы», «Әлқисса», «Қорқыт туралы аңыз», «Көш керуені», «Махамбет», «Фараби сазы» сияқты күйлері мен «Саржайлау», «Алатау», «Ақжайық», «Ақ құсым», «Өз елім» сияқты ондаған әндері халықтық бояу нақышының қанықтығымен, өзіндік қолтаңбасының айқындығымен жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын рухани қазынасын айналған. Мұның сыртында қырықтан астам пьесаға және жиырмадан астам фильмге музыка жазған.

Тілендіұлы Нұрғиса музыкасын жазған *М. Әуезовтың, Ш. Аймановтың, Т. Ахтановтың, Ә. Тәжібаевтың пьесалары, сондай ақ «Қыз Жібек», «Қилы кезең», «Менің атым Қожа», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құлан»* фильмдері әлдеқашан қазақ сахнасын мен экран өнерінің классикасына айналған. Ол Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге...», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Ішім өлген, сыртым сау...», «Қызарып, сұрланып...» өлеңдеріне ән шығарған. Сонымен қатар қазақ ақындарының өлеңдеріне «Ғашыққа мойын қой», «Абай арманы», «Әйгерімнің әні», «Ақынның пайғамбары — Абай ата» әндерін жазды. Қазақстан Республикасы Мемлетінің сыйлығының лауреаты.

Тілендіұлы Нұрғиса қазақтың музыкалық мәдениетіндегі сал серілік дәстүрдің соңғы тұяғы. Ол өнер туындату барысында уақыттың идеологиялық өктемдігіне, ассимиляцияшыл әсіре үрдісіне мүлде мойын ұсынбастан, өзінің тәңір дарытқан төлтума

қалпынан қылдай ауытқымай жүріп, шығармашылық даралығын сақтап қала алды. Бұл ретте, Нұрғиса жерден қуат алатын Антей сияқты, қазақтың музыкалық дәстүріне табанын нық тіреп тұрып, өзінің арман аңсарын еш жасқанбастан дыбысқа айналдыра білді. Ол өз заманының музыкалық танымын терең игерген кәсіпқой музыкант бола тұра суырыпсалмалық дәстүрді ұдайы шабыт тұғыры етіп отырды. Былайша айтқанда, көргенді күйтеп, естігенді жаттап отыратын оркестрлік қасандыққа Нұрғиса буырқанған шабыт еркіндігін дарыта білді. Бұл ретте, Нұрғиса сахараның ақ бас абыздары сияқты, өз үнін көп дауысқа тұншықтырмай, өз лебізін көп даңғазаға ілестірмей, қазақтың дәстүрлі музыкалық тіліндегі дарашыл қасиетті (монодийность) тәу етіп өтті. [109б.]

Нұрғисаның композитор, дирижер, орындаушы ретіндегі ойы көпке ортақ, тілі көпке түсінікті. Егер, салсерілер өнері адамның жан жүрегіне бағытталуымен дараланса, сол ұлы дәстүр Нұрғисаның да барша шығармашылық болмысында аста төк болып, шалқып шашылып жатты. Дәл осы тұрғыда Нұрғиса қазақтың дәстүрлі музыкасының әрін тайдырмастан, нәрін жоғалтпастан тек қана өзіне тән профессионализмді қалыптастыра алды.

Е.Рахмадиевтің (1932-2013) симфониялық, опералық, вокалды-аспаптық, камералық шығармалары кәсіби ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, жанрлық салаларын байытты. Ол симфониялық шығармаларында қазақ күйлерін жаңашылдықпен қолданды. Е.Рахмадиев *«Қамар сұлу», «Алпамыс», «Тың тынысы» операларын, «Амангелді», «Толғау», «Дайрабай күйі», «Мейрам күйі», «Құдаша думан»* атты симфониялық поэмаларын, *«Сәлем саған, Аястан», «Меркелік кантата», «Конституция туралы поэма»* кантаталарын, хорға арналған вокалды-хореографиялық шығармалар және халық арасына кеңінен тараған көптеген ән, романстар жазды.

Әсіресе, 70-80 жылдардағы қазақ ән өнерінің деңгейін биікке көтеруге белсенді түрде кіріскен болатын. Ән өнерінде ұлылардың ізін жалғай жүріп, өзі өмір сүрген ортада қазақ әдебиетінің корифейлері Ғабит, Сәбит, Ғабиден сынды тұлғалармен де қоян-қолтық араласып, дәмдес, пікірлес болып бірге жүрді.

Өзі ұстаз тұтқан ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың жолын жалғастырушы ізбасар ретінде танылды. Оның шығармалары ұлттық қайнардан бастау алып, еуропалық деңгеймен еншілесіп, қазақ өнерінің қарышты өркендеуіне ғажайып үлес қосты. Ол биік шығармашылығымен бірге ауқымды мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарды қатар алып жүрді. Оған бірнеше жыл бойы Қазақстан Композиторлар одағына басшылық жасауы дәлел. Сол Қазақстан Композиторлар одағын басқарып жүрген жылдарында Еркеғали Рахмадиевтің ықпалымен талай композиторлар қанаттанып шықты. Рахмадиев Абайдың *«Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа...», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...», «Қара қатынға...», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Жаз...», «Жақсылық ұзақ тұрмайды...»* деген өлеңдеріне ән-романстар жазды. Симфониялық күй жанрының негізін салған өнер майталманы Еркеғали Рахмадиев қазақтың ұлттық өнерін бүкіл әлемге таныта білген тұлға. Ол *«Қамар сұлу», «Дала таңы», «Алпамыс»* және *«Дайрабай»* мен... Симфониялық күй жанрының негізін салған өнер майталманы Еркеғали Рахмадиев қазақтың ұлттық өнерін бүкіл әлемге таныта білген тұлға. Ол *«Қамар сұлу», «Дала таңы», «Алпамыс»* және *«Дайрабай»* мен *«Құдаша-думан»* сияқты туындыларды сахнаға шығарды. Абайдың өлеңдеріне ән-романстар жазған.

Қазақ халқы ән өнері жағынан қашаннан да кенде халық емес. Ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігімен өзектес болған ән, уақыт сұрыптауынан өтіп, сан түрлі жанрларға бөлінді. Әншілік мәдениетіміздегі қай жанрды алсақ та өзіндік әдемілігімен, тартымдылығымен ерекшеленеді. Жетісу әндерінің ішінде теңіздей шалқыған, өзінің шексіздігімен, тақырыбының кеңдігімен, мазмұндылығымен ерекшеленетін өнер – кәсіби ән өнері. Халықтық өнеріміздің сарқылмас байлығы, ұлттық тәрбие берудің қайнар көзі болған ән - барша қазақтың сүйіп орындайтын әні.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ж.Ш.Таубалдиева, С.А.Ақхожин Талдықорған, 2019 ЖМУ, 196.
2. Қазақстанның ғылымы мен өмірі (международный научный журнал №6 2019)[1896.]
3. Әл-Фараби, Трактаты о музыке и поэзии. Алматы Ғылым, 2008[1276.]
4. Ә.Мәрғұлан, Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, Жазушы, 2011[976.]
5. Е.Балабеков, Қазақтың музыкалық фольклоры: болмыс, өзіндік ерекшелігі, Алматы 2006[1096.]

**ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ В ХОРОВЫХ
ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СЕМИРЕЧЕНСКИХ КОМПОЗИТОРОВ**

Ақхожин С.Ә., Әмірбекова А.С.

В данной статье рассматривается творчество талантливых и известных композиторов Жетысу. Казахская земля богата талантливыми и известными композиторами, акынами и певцами. Про каждого из них можно сказать что он является великим композитором казахского народа. Каждый из них оставил неизгладимый след в истории музыкального искусство.

Ключевые слова: *Жетысу, композитор, искусство, музыка.*

**PECULIARITIES OF NATIONAL EDUCATION IN THE CHORAL WORKS OF
COMPOSERS OF THE SEMIRECHENSK**

Akhozin S., Omirbekova A.

This article discusses the work of talented and well-known composers Zhetysu. The Kazakh land is rich in talented and famous composers, akyns and singers. Each of them can be said to be a great composer of the Kazakh people. Each of them has left an indelible mark in the history of musical art.

Key words: *Zhetysu, composer, art, music.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.01.2020ж.

ӘОК 371

**МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА
РУХАНИ ТӘРБИЕ БЕРУ**

Бокашева А.К.

Бұл мақалада ұлттық өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлінің жоғары екені, сонымен қатар музыка өнерінің құдыретті күшін оқу орнында пайдалану арқылы жас ұрпаққа Отаншылдық рухта тәрбие беру маңыздылығы жазылған.

Кілт сөздер: *өнер, музыка, ұлт, рух, музыкалық репертуар, әлеуметтік қатынас.*

В данной статье раскрываются национальная роль в воспитании поколений
Біздің еліміз қоғамдық өмірдің барлық саласында саннан сапаға көшу кезеңін бастан

кешуде. Бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-рухани дамудағы түбірлі өзгерістері осыны дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасы білім саласындағы жүргізіліп жатқан реформаларының жоғары стратегиялық мақсаты ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын дүниетану мәдениеті, дүниемен этикалық қатынастағы жауапкершілігі зор адамды тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жету жолдарын білім беру жүйесінің барлық сатыларында айқындау және оны ғылыми негізде жүзеге асыру ертеңнің емес, бүгінгі күннің талабы.

Дүние жүзіндегі барша халықтың ұлттық қадір-қасиетін, бет-беделін, тарихын өткені мен болашағын сақтайтын рухани байлығы, темірқазығы –оның мәдениеті мен өнері.

Еліміздің өз болуын, ерлеріміздің намысты, қыздарымыздың қырмызы, қызметкерлеріміздің қайраткер болуы-қазіргі ұрпақтың жаны мен тәнін дұрыс тәрбиелеуге байланысты. Сол тәрбиені жүзеге асыруда рухани, мәдени-эстетикалық құрылымның бірден-бірі музыкалық өнер, музыкалық шығармашылық. [1,33-34б.]

Оқушыларға музыкалық шығармаларды тыңдату арқылы тұлғалық қасиетін қалыптастыру – осы саладағы үлкен мәні бар үрдіс. Оқушылардың рухани эмоционалдық қызығушылығын арттыруда, мазмұны арқылы ой-пікір жинақтауда музыкалық шығармалардың атқаратын рөлін айта кеткеніміз жөн.

Музыкалық өнер- жалпы дүниежүзі халқына бірегей өнердің бірі, оның тілін аудармасыз әлемнің, барша халқы түсінеді және осы өнер басқа өнерлердің ішіндегі бүкіл халыққа және жеке дара адамдарға рухани сәулет, рухани күш-қуат беретін өнер түрі, бір ғана айырмашылығы-оның ұлттық сипаты.

Қай уақытта да әнді үкілеп, күйді күмбірлетіп қанына сіңірген қазақ халқының талантты да, талғампаз ұрпақтары әр дәуірдің рухани үлгісін жасаумен бірге, өз замандастарының адамгершілік тұлға- тұрпатын, кескін келбетін биік бағалаған.

Музыка өнерінің жанрлық тұрғыдағы ерекшеліктеріне (құрылысы, сипаты, орындаушылар құрамы, орындаушылардың мәнері т.б.), яғни өнер шығармаларының қалыптасқан түрлеріне көңіл аударсақ, олар симфониялық жанр (симфония, симфониялық поэма, увертюра), опералық жанр, камералық жанр (соната, трио, квартет, квинтет т.б.), (ән-хор жанры, ән, романс, хор шығармалары), би жанры (би, марш), күй жанры деп бөлінеді.

Бүгінгі күні оқушыларымызды өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен таныстыру – әр ұстаздың борышы, міндеті. Мектептегі музыкалық-эстетикалық білім беру тәрбие ісінің жоспарларында, мектептегі «Музыка» пәні бағдарламаларында («Елім-ай», «Мұрагер», «Ата мұра» т.б.)

Жас ұрпаққа рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық, иманшылдық, отбасылық тәрбие берудегі түпнұсқасы әр ұлттың, ұлттық музыкасынан басталады.

Мысалы, қазақ музыка шығармашылығының ең ірі жанры – оның әні мен күйі екенін білеміз. Оның түп тамыры – халқымыздың көне салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазынамыздың бірі екенін де білеміз. Салт-дәстүрден этностық мінез-құлқы, ақыл-ойы өзін қоршаған жанды-жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық көзқарастары көрінеді.

Сондықтан да мектеп оқушыларын елжандылық, ұлттық тәрбиеге баулу ретінде салт-дәстүрлік ән-күй, жыр, ақындардың айтыс өнерімен терең таныстырып, оларды рухани құндылықтардан сусындату қажет.

Мектеп бағдарламасындағы халық әндері, мысалы солардың ішіндегі «Елім-ай» әні сыртқы жаудың шапқыншылығынан «ақ табан шұбырында, алқақөл сұламаға» ұшыраған ел қайғысы осы ән әуезінде күңіреніп, біздің заманымыздың азаматтарының рухын шыңдайды. Осы шығарманың қатарына «Исатай», «Қайран елім қайдасың?», «Амангелді сарбаздарын» да жатқызуға болады. [2,56-58б.]

Сондай-ақ, термеші мен жыршылардың да өнері музыкалық әуенмен айтылатын болғандықтан, ғасырлар бойғы дәстүрлі дамуы барысында олардың өте маңызды қоғамдық қызмет атқаратынын байқаймыз. Олар халықтың дана да көреген ақылшылары бола білген.

Егер толғау ойлы, мазмұнды, қоғамдық маңызы бар күрделі тақырыптарға құрылса, терме өмірдің жеке бір көріністерін жырлауға бейім. Мектептегі музыка пәнінің бағдарламасында «он үш жаман», «өмір туралы» т.б. шығармалары осы тақырыпта жазылған. Бұл тарихи шығармалардан жас ұрпақ елінің рухани қазынасымен танысып, өзін халықтың адал перзенті болуға тәрбиелейді.

Көшпелі тұрмыстың салтанатын кіргізіп, сәнін толықтыра түсетін ерекше өнер, сал-серілердің өнері. Сал-серілер өз өнерлерін үлкен жиын, ас-тойларда халық көңілін көтеріп, жұртты сергіту үшін көрсетіп отырған қазақ мәдениеті тарихындағы тағы бір зор қызметі ол ұлы даланың ұлан-ғайыр өнерін біріктіру. Жер-жерлерді аралап жүріп, сал-серілер қазақ өнерін тұтастыра, тұлғандыра түсті, әр аймақтың дербес мектеп, дәстүрлерінің арасындағы рухани көпір болды. Сал-серілер өнері мектеп оқушыларына рухани тәрбие берудегі қайталанбас, өзіндік өнері мен рухани ләззат әпереді.

Мысалы: Біржан-сал, Ақан-сері, Балуан шолақ, Мәди, Ғазиз т.б. әндері музыка пәнінің бағдарламаларында бар. Музыкалық шығармашылық оқиғалардың өрбу бірлігімен сипатталып, тыңдаушылардың бойында пайда болған бірлік пен қатынас сезімінің әрі терең, әрі мағыналы мәні бар екендігін атап өтпеске болмайды. Музыкалық шығарманы жаңа леп, тың нақышпен орындау әдісінің барлық тыңдаушыларды өзіне тартып алуының өзі – қоғамдық қарым-қатынастардың мәні болып табылатын дүниетаным жүйесі мен музыка өнерінің өзара байланысты екендігін көрсетеді.

Этнограф ғалымдар той думандарға мерекелік көтеріңкі көңіл-күй тән екендігін айтады. Олар мерекелік сипатқа ие болу үшін адамзаттың өмір сүруінің ең ізгі мақсаттар дүниесінен, ізгі арман мұраттарын рухани-мәдени құндылықтарға келіп қосылуы қажет. Мұндай кездегі адамдардың бір-бірімен араласуы – жай ғана қатынас емес, рухани маңызы бар қатынас болып саналады. [3,87-89б.]

Музыкалық қатынас барысында тыңдаушылардың бойында ізгі қасиеттерге жол салынып, олар өнер арқылы ізгілік пен адамгершілік бұлағынан сусындайды. Тыңдаушылардың музыка үні арқылы берілген көңіл-күй адамның жан-дүниесінің ішкі толғанысынан ортақ күйге айналады.

Қазақ халқында ән мен күйдің екеуі екі басқа болушылығының өзі халық музыкасының байлығын көрсетеді. Ән мен күй әуелде бір болып, бара-бара бөлінген. Ал кейбір халықтарда мұндай айырықшалау әлі жоқ. Музыкалық шығармаларының барлығы да тек әндер болып, күй сияқты жанрлары жоқ немесе ән мен музыка аспаптарын қоса отырып, бір жағынан биді де араластыратыны бар. Мысалы, татар тілінде әнді де, күйді де «күй» деп атайды, ал өзбек музыкасында ән де, күй де болмауымен қатар ән, би, күй үшеуі араласып жүреді. Қытай елінде күйдің саны 366 болады, бір жылдың ішінде қанша күн болса, сонша күй болады.

Қазақ халқының музыка мәдениетінің ерекше түрі күйдің қай аспапқа жазылғаны болмасын, қай тақырыпта, қай композитордың күйі болмасын – қазақ халқының мәңгілік музыкалық мұрасы, мектеп оқушыларының мәңгілік рухани қазынасы, олардың күнделікті ой-саласына нәр беретін қуат күші деп білеміз. Сонымен қатар, оқушыларға рухани тәрбие берудегі музыкалық шығармалар қатарына үлкен классикалық шығармалардың – опера, балет, симфония, оратория, кантата, аспаптық және хор және вокалдық шығармалардың да рөлін атағанымыз жөн.

Заманның өзгеріп, мәдениеттің жоғарылаған кезеңде пайда болған күрделі музыкалық жанрлар еліміздің мәдениетінің өсуін көрсетіп, халықтың мәдени-музыкалық мұрасын байытып, өрісін кеңейтеді. Мысалы: Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қыз-Жібек», А.Жұбанов пен Л.Хамиди жазған «Абай», М.Төлебаевтың «Біржан-Срасы», Е.Рахмадиевтің «Алпамыс», «Аблай хан» опералары, С.Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» ораториясы, Ғ.Жұбанованың «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасы тағы да көптеген классикалық жанрдағы шығармалар мектеп оқушыларының музыкалық рухани азығы болады. [4,117-119б.]

Музыкалық шығармалардың мектеп оқушыларына рухани тәрбие берудегі композиторлардың да үлесі зор екенін айтып кеткеніміз жөн, себебі олардың сан алуан шығармалары халықтың жүрегіне жол тауып, тәрбиелік мәнін тереңдетті. Осы орайда қазақтың біртуар ұлы композиторы М.Төлебаевтың шығармашылығына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыздарының бірі, музыка өнерінің мақтаншы, мемлекеттік сылықтың екі дүркін лауреаты, Қазақ ССР-ның өнер қайраткері, КСРО халық әртісі, мұнан да бастаған көптеген атақ-абройға ие болған біздің жерлесіміз, қазақ музыкасының классигі Мұқан Төлебаевтың музыкалық мұрасы халқымыздың рухани байлығы, сарқылмас бұлағы болып табылады.

М.Төлебаевтың шығармашылығы халқымыздың ықылым заманнан келе жатқан бай музыкалық мұрасынан қуат алып, классикалық музыка өнері жетістіктерінің игі әсерімен сусындап, қалыптасты. Әлем жүзіндегі классикалық музыка мектебі әр түрлі және мол Батыс Еуропа музыкасындағы ұлы Бах, Гайдн, Моцарт т.б. орыс музыкасындағы М.Глинка, П.Чайковский т.б. басталып келсе, қазақ музыкасында кәсіби классикалық музыка Мұқан Төлебаевтан басталады.

Мұқан музыкасының түпкі тамыры халықтың ән-күйі, жыр-тармағы, терме, желдірме, айтыс өнерімен тамырлас жатады. М.Төлебаевтың аз ғана, бар жоғы 47 жастық өмірінің ішіндегі небәрі 20 жылы шығармашылыққа бағышталған, бірақ осы аз уақыттың ішінде композитордың қазақ өнеріне сіңірген еңбегі өте зор. Мұқан шығармаларының өмірлік нәрі таусылмайтын туындылары, себебі олардың тақырыбы әр түрлі, алуан салалы, әуендері жүрекке қонымды, мазмұндары терең.

М.Төлебаевтың өз қаламынан шыққан 100-ден астам шығармалары жанрлық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Сонымен қатар, Мұқан қазақтың халық әндерін өңдеп, әншілерге, хор ұжымдарына арнап лайықтауы, дәстүрлі халық музыкасын өңдеп, толықтырып, жаңаша жарқыратып үлкен күрделі шығармаларда пайдалануы, ауызекі әндерді жинақтап, әр түрлі жинаққа қосуы да үлкен шығармашылыққа жатады. [5,94-95б.]

М.Төлебаев шығармашылығының келешек ұрпаққа берер үлесі көп деуге болады. Оның шығармаларының шыңы «Біржан-Сара» болса, өрісі сұлу да сырлы әндері. Мұқан өз шығармашылығын қазақтың халық әндерін фортепианомен сүйемелдеп айтуға лайықтап, өңдеуден бастады.

Ол Москва қаласындағы П.И.чайковский атындағы консерваторияда оқып жүрген жылдардан бастап, 1938-1956 жылдардың аралығында қазақтың «Шайтан қара», «Тлеукабақ», «Қылшық», «Ғалия», «Қамар» (сөзі С.Торайғыровтікі), «Барқыт қалқам», «Зұлқия», «Өтебай», «Әудем жер», «Аякөз» - барлығы 15 әндерін өңдеп, халық қазынасына ұсынды. Сол жылдары қазақ музыка өнеріне үлкен үлес қосып, жаңа жанр-романс жаза бастады. Олар Мұқанның басқа да шығармалары тәрізді ойлы, психологиялық толғаныс ерекшеліктерінен ескеріп отырады.

1938-1958 жылдар аралығында жазылған 16 романстарының тақырыбы да әр түрлі – олар «Кешкі көк» (сөзі З.Илиясовтікі), «Көп жүрдім» сөзі С.Торайғыровтікі), «Балым» (сөзі Қ.Жұмалиевтікі), «Жаз» (сөзі Жамбылдікі), «Есімде» (сөзі автордікі), т.б. Сол жылдары, яғни 1941-1958 жылдар аралығында Мұқанның қаламынан өшпес мұраға айналған, өзіндік өрнегі бай әндері шықты. Олардың ішінде «Қыздар-ай» (сөзі Ә.Тәжібаевтікі), «Жылқышы әні», «Қойшы әні» (сөзі Т.Жарақовтікі), «Шахтер әні» (сөзі А.Әбішевтікі), «Ақ мақта» (сөзі Н.Шакеновтікі), әлемге әйгілі «Бақыт вальсі» (сөзі А.Байғожаевтікі)

М.Төлебаевтың әсіресе соғыс жылдары шығарған әндері тыңдаушы жүрегінде ерекше әсер қалдырды. Ұлы Отан соғысы жылдары республикамызда тұңғыш рет «Көтеріл, ер халық!» атты көпшілік әндерінің жинағы жарияланды. Мұнда Мұқанның «Қанатым», «С оқ барабан!» атты алғашқы әндері жарық көрді. Ұлы Отан соғысының қанды шайқастарымен қиын-қыстау жолдары, қаһармандық пен табандылықтың, қан мен тер арқылы келген жеңіспен аяқталды. Сол жеңісті әкелген халықтың ой-арманы,

күші, жігері, мақсаты болса, музыка өнері солардың жан жолдасы, тірегі деуге болады.

М.Төлебаевтың «тос мені, тос» (сөзі Н.Баймұхамедовтікі), «Жорық» (сөзі Т.Жарақовтікі) «Жеңіске» (сөзі Ж.Сыздықовтікі), «Таня туралы ән» (сөзі М.Бегалиндікі), т.б. барша халықты өжеттілікке, батылдық пен батырлыққа, Отанын, елін сүйуге тәрбиелейді.

М.Төлебаевтың ақын Асқар Лекеровтың сөзіне жазылған «Кестелі орамал» романы тек Қазақстан емес, Лекеровтың айтуынша, «Бұл ән бізбен бірге батысқа- Берлинге барады.» Бұл ән бізбен бірге-Хинган асып, Қытайға да барды», демекші талай адамдардың жүрегіне жол тауып, патриоттық және нәзік сезімдерін оятады.

1950 жылдардан бастап көп бөлімді хор-поэма, 2 сюита, а капелла шығармалар, 1951 жылы –«Коммунизм оттары» кантатасы (қазір, -«Қазақстан арайы»- сөзі Н.Шакеновтікі) секілді жанрлар жазады. Бұл салада композитор өте көп еңбектенді, сол еңбегінің нәтижесінде көлемді де татымды ел мен жер туралы, Отан -ана, бейбітшілік, достық, жастық жайында көптеген шығармалар жазылады. Осы салада композитордың «Отан» әні ерекше көркемділігімен, әуен байлығымен назар аударады.

Қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі М.Төлебаевтың ерен еңбегі халқымыздың көңілінен кетпейтін алтын қазынаға айналған және оның шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын эстетикалық-тәрбиелік мәнімен құнды.

Осы тұрғыда жалпы білім беретін мектептердің музыка сабағының бағдарламаларында М.Төлебаевтың шығармалары ерекше орын алған. Ол, мысалы: «Атамұра» бағдарламасында жоспарланған «Қос арна» тақырыбына енген «Біржан-Сраның» айтысы және вокалды –хор жанрына түсініктеме берудегі «Қазақстан арайы» кантатасы және «Біржан-Сра» операсынан «Той көрінісі» сыныптан тыс үйретілетін көптеген қорлары, ән-романстарын атап өтуге болады. [6,137-139б.]

Осы күнге композиторлардың еңбектері жан-жақты зерттеліп, ол туралы кітаптар, мақалалар шығып, шығармалары орындалып, өнер жолындағы шығармашылығы, ұйымдастырушылығы, тәрбиелік жұмыстары жан-жақты дәріптеліп жатыр, композиторлардың аты мен көшелер, мәдени-көпшілік, оқу орындары аталуда. М.Төлебаевтың шығармаларын республикамыздың белгілі үлкен өнер ұжымдары, әншілері, аспапшылары орындауда. Сонымен қатар, колледждердің хор, оркестр, жеке орындаушылардың репертуарына композитор шығармалары үзбей енгізіліп отырады.

Мұқан ағаның ақ батасын алған ізбасары, халық әртісі, ұлт өнерінің дара саңлағы Е.Рахмадиев өз сөзінде: «Мәдениет-елдің мәйегі». Мен өзім «Қамар-Сұлуым», «Алпамысым» бар деп мақтанамын, бірақ Мұқанның бір ғана «Біржан-Сара» операсына жететін шығарманы ешкім жазған жоқ. Әдебиет әлеміндегі Мұқтар Әуезовпен тең тұратын музыка шыңындағы жарқын тұлға М.Төлебаевпен мақтануымыз керек. М.Төлебаев – қазақтың ұлы композиторы салған сара жолды ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға жалғастырып, еңбегінен тәлім-тәрбие, рухани байлық алу – біздің төл міндетіміз және ұрпақ тәрбиесінде қолданатын мәңгілік рухани мұрамыз. Мақаланы қорыта келе айтпағымыз- колледж оқушыларына рухани тәрбие берудегі музыкалық шығармалардың атқаратын рөлі өте маңызды да күрделі, себебі адамның негізі -тұлғасын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Аталған жұмыстың теориялық негізінде халқымыздың рухани байлығы музыкалық шығармалардың колледж оқушыларына рухани тәрбие берудегі атқаратын рөлі белгіленеді. Мұнда-халық қазынасы, халық әндері, күйлері, дәстүрлік туындылары, сал-серілердің шығармалары және кәсіби музыка үлгісі М.Төлебаевтың шығармашылығы арқылы көрсетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ж.Әбиев., С.Бабаев., А.Құдиярова., Педагогика. Алматы., Дарын 2004ж [1,33-34б.]
2. Ж.Таубалдиева., Мектепте музыкаға тәрбиелеу әдістемесі.– Т.2002ж [2,56-58б.]
3. М.Ахметова. Традиций казахской песенной культуры-Алматы 1984ж [3,87-89б.]

4. Бес ғасыр жырлайды. Алматы., Жазушы 2005ж [4,117-119б.]
5. Ел қазынасы – ескі сөз. Алматы., Ғылым,2007ж [5,94-95б.]
6. С.Ұзақбаева. балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. Алматы., Білім 2008ж [6,137-139б.]

ДУХОВНО–ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ МУЗЫКАЛЬНЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ

Бокашева А.К.

В данной статье раскрываются национальная роль в воспитании поколений искусству, а также используя силу могучей музыкальной школы искусств в важности воспитания молодого поколения в духе патриотизма.

Ключевые слова: музыка, нация, искусство, социальные отношения, музыкальный репертуар.

MUSICAL WORKS AS A MEANS OF SPIRITUAL AND MORAL EDUCATION OF STUDENTS

Bokasheva A.

This article reveals the national role in educating generations of art, as well as using the power of a powerful music school of art in the importance of educating the younger generation in the spirit of patriotism.

Key words: music, nation, art, social relations, musical repertoire.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.11.2020ж.

ӘОЖ: 373.21

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Жолтаева Г.Н., Альменбетова Қ.Ж.

Мақалада адамның қабілетін дамыту мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық мәліметтер және ғылыми зерттеулерді оқып танысу негізінде "қабілеттілік", "математикалық қабілеттер" ұғымдарының мәні қарастырылады. Ғалымдардың өз жұмыстарындағы қабілеттер, оның ішінде математикалық қабілеттер мәселелеріне арналған пікірлеріне көңіл бөлінеді. Қабілет және дарындылық теориясының негіздерінің қалыптасуына белсене атсалысқан психологтардың еңбектеріндегі психологиялық тұжырымдар, қабілеттің құрылымдық бөліктері анықталады. Математиканы оқыту барысында оқушыларда қалыптасатын қабілеттің құрылымын арнайы зерттеген ғалым-педагогтардың көзқарастары және математикалық қабілеттің мәнін ашу оның негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік беретіні сипатталады. Қабілеттіліктің құрылымын біле отырып, оқушылар

қабілетінің әр түрлі жақтарын ашуға және оны дамыту бойынша жұмыс жүргізуге болатындығы айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеттерін дамыту барысында туындайтын мәселелерге назар аударылып, олармен жұмыс жасау барысындағы негізгі бағыттар айқындалды. Осылайша ғылыми еңбектерді талдау негізінде оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту жолдары ерекшеленеді.

Кілт сөздер: қабілет, қабілет түрлері, математикалық қабілет, бастауыш сынып оқушылары, математиканы оқыту.

Еліміздегі дарындылықты дамыту жайлы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бап, 6-тармағында «Жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту», - деп көрсетіледі [1,56.].

Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Халыққа Жолдауында: «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет», - деген ойлары білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады [2,196.].

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Математиканың жоғары дәрежеде дамуы – білімнің түрлі салаларының нәтижелі көтерілуінің қажетті шарты. Ғылыми ақпараттар ағынының жедел қарқынмен өсуі мектеп оқушыларын өз бетінше жаңа білімдер игеруге қабілетті етіп тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді. Мектеп бағдарламасына мынадай талаптар қояды: мектеп оқушыларының математикалық және компьютерлік білімін жоғарылату, баланың табиғи мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамыту, қызығушылығын арттыру. Қабілеттер деп оқушының математиканы жылдам және жеңіл меңгеруіне көмектесетін жеке психологиялық ерекшеліктерді айтамыз.

Қ.И.Қаңлыбаев: «Математикалық қабілеттіліктер дегеніміз - математиканы ұғыну барысында айқындалатын әртүрлі қамтылған және жан-жақты дамыған, ақыл-ой дәрежесінің жоғары сапалы болуы, қасиеттердің синтезі және күрделі құрылымды психикалық білім. Математикалық қабілеттілік логикалық тұрғыдан ойлай білу белгілерімен, өзінің назары мен ойын басқара білумен сипатталады» деп анықтама берді[3,286.]. Қазіргі заман мектептерінде оқушылардың математикалық қабілеттерінің проблемасын шешу өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Математикалық қабілеттерді зерттеуге А.Бинэ, Э.Трондайк және Г.Ревеш сияқты психологиядағы белгілі бір бағыттардың көрнекті өкілдері және А.Пуанкаре және Ж.Адамар сияқты көрнекті математиктер өз үлестерін қосты. Математикалық қабілеттерді зерттеуге, әдістемелік құралдар мен теориялық жинақтауға арналған бағыттардың алуан түрлілігі анықталды.

Барлық зерттеушілердің ойлары бір жерде түйісті: ол қарапайым математикалық білімді меңгеруге, олардың репродукциялануына және өз бетінше қолдануына "мектептегі" қабілеттіліктерін өзіндік және қоғамдық құндылығы бар шығармашылық математикалық қабілеттерден ажырата білу керек деген пікір.

Шетелдік зерттеушілер математикалық қабілетті туа біткен немесе жүре пайда болған деп екіге бөледі[4,656.]. Егер осы қабілеттердің екі түрлі аспектілерін - "мектептік" қабілеттен шығармашылық қабілеттерді ажырата алатын болсақ, - математик-ғалымның қабілеті туа біткен шығармашылық қабілеттер деген. Бұл қабілеттің анықталуы мен дамуына тек қолайлы орта қажет деп есептеген.

Математикалық қабілеттер Б.М.Тепловтың еңбектерінде арнайы қарастырылмаса да, оларды зерттеуге байланысты көптеген сұрақтарға жауаптарды оның қабілеттер мәселелеріне арналған жұмыстарынан табуға болады[5,146.]. Бұл мәселеге қатысты зерттеушінің еңбектерінен кез-келген қабілеттерді зерттеу кезінде қолдануға болатын әмбебап қағидаттардан тұратын "Музыкалық қабілеттер психологиясы" және "Қолбасшының ақыл-ойы" атты екі монографиясы ерекше орын алады.

Екі жұмыста да Б.М.Теплов нақты қызмет түрлеріне тамаша психологиялық талдау беріп қана қоймай, сонымен қатар музыкалық және әскери өнердің көрнекті өкілдерінің мысалдарында қажетті құрамдас бөліктерді ашады, олардың ішінде осы салаларда жарқын таланттар қалыптасқандығынан мысалдарды келтіреді. Б.М.Теплов қызметтің кез келген түріндегі, оның ішінде музыка мен әскери істе табысты болу үшін арнайы компоненттерге ғана емес (мысалы, музыкада - есту, ритм сезімі), сонымен қатар зейіннің, есте сақтаудың, интеллектінің жалпы ерекшеліктеріне байланысты екендігін дәлелдеп, жалпы және арнайы қабілеттердің арақатынасы туралы мәселеге ерекше назар аударды. Бұл ретте жалпы ақыл-ой қабілеттері арнайы қабілеттерімен тығыз байланыста болады және арнайы қабілеттің даму деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

"Қолбасшының ақыл-ойы" еңбегінде жалпы қабілеттіліктің ең айқын рөлі көрсетілген. Бұл жұмыстың негізгі ережелерін қарастыруға тоқталайық, өйткені олар ойлау қызметімен байланысты қабілеттердің басқа түрлерін, соның ішінде математикалық қабілеттерді оқу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Қолбасшының қызметін терең зерттей отырып, Б.М.Теплов онда зияткерлік функциялардың қандай орын алатынын көрсетті. Олар күрделі әскери жағдайларды талдауды, алдағы шайқастардың нәтижесіне әсер ете алатын жекелеген маңызды бөлшектерді анықтауды қамтамасыз етеді. Дәл осы талдау қабілеті дұрыс шешім қабылдауда, шайқас жоспарын құрастыруда бірінші қажетті кезеңді қамтамасыз етеді. Талдау жұмыстарынан кейін бөлшектердің бір тұтас сан алуандығын біріктіруге мүмкіндік беретін синтез кезеңі басталады. Б.М.Тепловтың пікірінше, қолбасшының қызметі талдау және синтездеу үдерістерінің тепе-теңдігін талап етеді.

Б.М.Теплов қолбасшының зияткерлік қызметінде интуицияға ерекше көңіл бөлді. Ол қолбасшының ақылының сапасын талдап, оны ғалымның түйсігімен салыстырды. Олардың арасында ортақ нәрсе көп. Б.М.Тепловтың пікірінше, негізгі айырмашылық қолбасшы жедел шешім қабылдай алу қажеттілігі, себебі жеңіске жету мүмкіндігі бар. Бірақ екі жағдайда да қажырлы еңбектенудің арқасында ғана проблеманың жалғыз дұрыс шешімі қабылдануы мүмкін.

Б.М.Тепловтың психологиялық ұстанымын, талданған және жалпыланған ережелерін көптеген көрнекті ғалымдар, соның ішінде математиктердің еңбектерінен де қолдау тапқандығын көруге болады. Анри Пуанкаре "Математикалық шығармашылық" атты психологиялық этюдінде жаңалық аша алған жағдайды егжей-тегжейлі сипаттайды. Бұған ұзақ дайындық себеп болды, үлкен үлес салмағы, ғалымның пікірінше, бейсаналық процесс. "Ояну" кезеңінен кейінгі екінші кезең - дәлелдемелерді ретке келтіру және оны тексеру бойынша мұқият саналы жұмыс жүргізу қажет болды.

А.Пуанкаре математикалық қабілеттіліктегі маңызды орынды есептердің шешімін табуға көмектесетін операциялар тізбегін логикалық түрде құру білігі алады деген қорытындыға келді. Бұл логикалық ойлауға қабілетті кез келген адамға қолжетімді болып көрінуі мүмкін. Алайда, логикалық есептерді шешу оңай болғанымен, математикалық символдармен жұмыс істеу қабілеті әркімнің қолынан келе бермейді[6, 15б.].

Математика үшін жақсы есте сақтау қабілеті мен зейін жеткіліксіз. Пуанкаренің пікірінше, математикаға қабілетті адамдар математикалық дәлелдемелерге қажетті элементтердің орналасу тәртібін білуімен ерекшеленеді. Осындай түйсіктің болуы - математикалық шығармашылықтың негізгі элементі болып табылады. Кейбір адамдарда нәзік сезіну және жақсы есте сақтау қабілеті мен зейін жоқ, сондықтан математиканы түсіне алмайды. Кейбіреулері әлсіз түйсікке ие, бірақ жақсы есте сақтау қабілеті мен тұрақты зейінге ие, сондықтан математиканы түсініп, қолдана алады. Үшіншілері мұндай ерекше түйсікке ие және өте жақсы есте сақтау қабілеті болмаса да математиканы түсініп қана қоймай, математикалық жаңалықтар аша алады.

Мұнда кез келген адамда бола бермейтін математикалық шығармашылық туралы айтылып тұр. Бірақ, Ж.Адамар: "алгебра немесе геометрия бойынша тапсырманы шешетін оқушының жұмысы мен шығармашылық жұмысы арасындағы айырмашылық тек қана

деңгейде, сапада, өйткені бұл бір сипаттағы екі жұмыс" деген[7,116.]. Математикада табысқа жету үшін қандай қасиеттер қажет екенін түсіну үшін зерттеушілер математикалық іс-әрекетке талдау жасады: есептерді шешу процесі, дәлелдемелер тәсілдері, логикалық пайымдаулар, математикалық жадының ерекшеліктері. Бұл талдау өзінің компоненттік құрамы бойынша күрделі математикалық қабілеттер құрылымының әр түрлі нұсқаларын құруға әкелді. Бұл ретте көптеген зерттеушілердің пікірлері бір-біріне сәйкес келді: тек математикалық қабілеттің ғана болуы мүмкін емес-бұл әртүрлі психикалық процестердің: қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиял ерекшеліктері көрсетілетін жиынтық сипаттама.

Математикалық қабілеттіліктің ең маңызды компоненттерінің арасында математикалық материалды қорытуға ерекше қабілет, кеңістіктік ұғымдарға қабілеттілік, ойлау қабілетімен ерекшеленеді. Кейбір зерттеушілер математикалық қабілеттің өзіндік компоненті ретінде ойлау және дәлелдер схемасына математикалық жадыны, есептерді шешу әдістері мен оларға жақындау принциптерін атайды[8, б.34].

Темперамент қасиеттерімен тығыз байланысты жүйке жүйесінің қасиеттері, өз кезегінде, тұлғаның мінез-құлқының пайда болуына әсер етеді[9,74б.]. Б.Г.Ананьев мінез-құлық пен қабілеттіліктің жалпы табиғи негізі туралы түсініктерді дамыта отырып, "талант" терминімен белгіленген жаңа психикалық білімдерге әкелетін қабілеттер мен мінез-құлық байланыстарының қалыптасуын көрсетті.

Осылайша, темперамент, қабілет және мінез-құлық бір табиғи негізі бар жеке тұлға мен даралық құрылымындағы өзара байланысты құрылымдардың тізбегін құрайды.

